ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП · 2020

«Транстелеком»
Акционерлік Қоғамы

Нұр-Сұлтан, 2021



ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП · 2020

«Транстелеком»
Акционерлік Қоғамы

Нұр-Сұлтан, 2021

Мазмұны

01. КОМПАНИЯ БҮГІН

006 ..... **Есеп туралы**
006 ..... Есепті кезең және Есептің шекаралары
007 ..... Есеп мазмұнын анықтау процесі
007 ..... Болашаққа қатысты мәлімдеме
007 ..... Куәландыру
008 ..... **Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі**
010 ..... **Қоғамның Басқарма Төрағасының Үндеуі**
014 ..... **Даму тарихы**
020 ..... **Компания сандармен**
022 ..... **Қызметтің негізгі индикаторлары**
024 ..... **2020 жылдың негізгі оқиғалары**
026 ..... **Қысқаша шолу**
026 ..... Компанияның профилі
027 ..... **Акционерлік капиталдың құрылымы және бағалы қағаздар**
029 ..... Ұйымдық құрылымы

02. СТРАТЕГИЯЛЫҚ ШОЛУ

032 ..... **Қоғамның сипаттамасы**
032 ..... Қатысу географиясы
032 ..... Даму стратегиясы
032 ..... Миссиясы
033 ..... Болжам
033 ..... Құндылықтар
033 ..... Инвестициялық тартымдылық
034 ..... **2020 жылы телекоммуникация нарығына шолу**
035 ..... Телекоммуникация нарығын дамыту перспективалары
036 ..... **Бизнес-обзор и оценка позиции общества**
036 ..... Бизнес-модель
036 ..... Бизнес-шолу және қоғам позициясын бағалау
037 ..... Қоғамның функционалдық стратегиялары

03. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ

040 ..... **Қызметтер**
043 ..... **Өнімдер мен сегменттер бойынша негізгі жетістіктер**
043 ..... B2C
045 ..... B2B/ B2G/ B2R/B2O
048 ..... **Қоғам жобалары**
052 ..... **Қоғамның 2020 жылғы ірі және стратегиялық маңызды жобалары**
058 ..... **IT-жобалар**
058 ..... **Клиенттік база**
060 ..... Магистральные ВОЛС «Транстелеком» АҚ
062 ..... Серіктестер мен контрагенттер
062 ..... **Хартиялар мен қауымдастықтарға қатысу**

04. ҚАРЖЫЛЫҚ НӘТИЖЕЛЕР

066 ..... **Негізгі қаржылық көрсеткіштер**
067 ..... **Инвестициялар**

05. ТҰРАҚТЫ ДАМУ

072 ..... **Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл**
072 ..... «Транстелеком» АҚ-ның мүдделі тараптармен өзара іс-қимылға көзқарасы
074 ..... Акционерлер
074 ..... Персонал
074 ..... Жеткізушілер мен тұтынушылар
074 ..... Мемлекеттік органдар
075 ..... Жергілікті қоғамдастықтар
075 ..... БАҚ
075 ..... Тұтынушының жеке өміріне қол сұқпаушылық
076 ..... **Персонал**
076 ..... Жұмыс орнындағы қауіпсіздік
081 ..... Кадрлық резерв және таланттар пулы
085 ..... Салалық және үкіметтік марапаттар
089 ..... Спорт және денсаулық
089 ..... Қайырымдылық, әлеуметтік жобалар
090 ..... Әлеуметтік саясат
094 ..... **Сатып алуды ұйымдастыру**
096 ..... **Қоршаған ортаны қорғау**
096 ..... Экологиялық бастамалар және қоршаған ортаны қорғауға көзқарас
098 ..... Энергетикалық ресурстарды пайдалану және энергия үнемдеу
100 ..... Атмосфераға шығарындылар және климаттың өзгеруі
101 ..... Ресурстарды үнемдеу

06. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

104 ..... Қоғамдағы корпоративтік басқару туралы жалпы ақпарат
104 ..... Корпоративтік басқарудың негізгі қағидаттары
104 ..... Ірі мәмілелер және жасалуында мүдделілік бар мәмілелер
105 ..... Қоғамның корпоративтік басқару құрылымы
106 ..... Акционерлердің жалпы жиналысы
106 ..... **Қоғамның Директорлар кеңесінің есебі**
106 ..... Директорлар кеңесінің қызметін ұйымдастыру
107 ..... Директорлар кеңесінің құрамы
108 ..... Директорлар, Басқарма төрағасы және Директорлар кеңесі комитеттері мүшелерінің тәуелсіздігін іріктеу критерийлері
109 ..... Директорлар кеңесі мүшелеріне сыйақы беру туралы ақпарат
109 ..... Директорлар кеңесінің, оның Комитеттерінің, Директорлар кеңесінің, Басқарманың, Ішкі аудит қызметінің жекелеген мүшелерінің және оның басшысының қызметін бағалау
109 ..... Директорлар кеңесі мүшелерінің отырыстар саны және отырыстарға қатысуы
110 ..... Директорлар кеңесі 2020 жылы қараған негізгі мәселелер
111 ..... Директорлар кеңесі Комитеттерінің 2020 жылғы қызметі
117 ..... Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелерінің қызметтік тізімі
120 ..... **Корпоративтік хатшының қызметі**
121 ..... **Басқарма**
121 ..... Басқарма Төрағасы мен мүшелерін тағайындау, олардың міндеттері мен жауапкершілігі
122 ..... Қоғам Басқармасының 2020 жылғы 31 желтоқсандағы құрамы
128 ..... 2020 жылдағы Қоғам басқармасының отырыстары
129 ..... Басқарма мүшелерінің сыйақысы
130 ..... **Ішкі аудит қызметі**
131 ..... **Мүдделер қақтығысын реттеу**
131 ..... **Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет**
131 ..... Этика және адалдық
131 ..... Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметті басқару
133 ..... **Террористік қауіптерге қарсы іс-қимыл**
134 ..... **Құндылықтар және этикалық қағидалар**
134 ..... Қоғамның корпоративтік құндылықтары
135 ..... Бәсекелестермен қарым-қатынас
135 ..... **Тәуекелдерді басқару**
135 ..... ТБКЖ мақсаттары
136 ..... ТБКЖ қағидаттары
136 ..... ТБКЖ тәсілдері
138 ..... **Сапаны басқару**
138 ..... Біріктірілген менеджмент жүйесі
140 ..... Менеджменттің біріктірілген жүйесінің (бұдан әрі-МБЖ) ішкі аудиті
140 ..... Тіркеуші туралы ақпарат
141 ..... Аудиторлық ұйым туралы ақпарат
141 ..... Тәуелсіз аудиторлық қорытындысы

07. ҚОСЫМШАЛАР

144 ..... **Аудиттелген қаржылық есептілік**
156 ..... **GRI стандартты элементтерінің кестесі**
161 ..... **Глоссарий**
162 ..... **Байланыс ақпараты**

01. Компания бүгін

«Транстелеком» акционерлік қоғамы IT, байланыс, автоматика және энергетика саласында телекоммуникацияларға, цифрландыруға және жүйелік интеграциялауға маманданған Қазақстан Республикасының ірі байланыс операторларының бірі болып табылады.

Есеп туралы	006
Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі	008
Қоғамның Басқарма Төрағасының Үндеуі	010
Даму тарихы	014
Компания сандармен	020
Қызметтің негізгі индикаторлары	022
2020 жылдың негізгі оқиғалары	024
Қысқаша шолу	026
Акционерлік капиталдың құрылымы және бағалы қағаздар	027



32 528
АБОНЕНТ
Жеке тұлғалардың тіркелген желілерінің саны

69 492
ПОРТ
Тіркелген КЖҚ порттарының саны

Есеп туралы

«Транстелеком» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – «Транстелеком» АҚ, Қоғам) оқырман назарына Қоғамның 2020 жылға арналған кезекті біріктірілген есебін (бұдан әрі – Есеп) ұсынады. Бұл Есеп қызметтің негізгі көрсеткіштерін, акционерлер, тұтынушылар, инвесторлар мен серіктестер үшін қажетті ақпаратты, сондай-ақ Қоғамның одан әрі даму перспективаларын көрсетеді. Қоғам сондай-ақ корпоративтік басқару мен тұрақты дамудың жоғары стандарттарына назар аударады.

Қоғам барлық мүдделі тараптардың үміттерін қанағаттандыратын өз қызметінің нәтижелері туралы ақпаратты уақтылы және барынша толық ұсынуға ұмтылады. 2015 жылдан бастап Қоғам жылдық есептерді жариялайды, онда өзінің операциялық қызметінің нәтижелері туралы ғана емес, сондай-ақ тұрақты дамуы туралы, атап айтқанда, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және әлеуметтік жауапкершілік саласындағы мәселелерді ашу кезінде GRI стандарттарын қолдану туралы ақпарат көрсетіледі.

Осы Есепті пайдалы және қысқа ету мақсатында біз оған қосымша ақпарат көздеріне, оның ішінде Қоғамның веб-сайтына сілтемелерді енгіздік.

Есепті кезең және Есептің шекаралары

Есептің есепті кезеңі 2020 жылғы 1 қаңтардан 31 желтоқсанға дейінгі кезең болып табылады. Қоғам қызметінің көрсеткіштері 2019 және 2020 жылдар динамикасында ұсынылған.

Қаржы-шаруашылық қызметтің қорытындылары бойынша ақпарат 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық есептілікте көрсетілген, сондай-ақ www.ttc.kz корпоративтік веб-сайтында жарияланған. Қоғам қызметінің барлық қаржылық көрсеткіштері ХҚЕС бойынша аудиттелген қаржылық есептілікке сәйкес тең-гемен көрсетілген.

Есеп орыс, ағылшын және қазақ тілдерінде дайындалған және www.ttc.kz корпоративтік веб-сайтында орналастырылатын болады.

Есептің қағаз көшірмелері сұрау салу бойынша мүдделі тараптарға ұсынылуы мүмкін.

Есеп мазмұнын анықтау процесі

Қызмет нәтижелерін толық және объективті көрсетуге ұмтыла отырып, Қоғам Есепте есепті кезеңде туындаған жетістіктерді де, қиындықтарды да ашады.

Есеп мазмұнын анықтау қағидаттары:
- Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл
- Тұрақты даму мәнмәтіні
- Елеулілік
- Толықтық

Есеп Қоғамның басымдықтарына сәйкес Қоғамның ұзақ мерзімді экономикалық өсуін, еңбекті және қоршаған ортаны қорғауды, адами капиталды дамытуды қоса алғанда, бірқатар мәселелерді қамтиды.

Есеп мүдделі тараптар мен қалың жұртшылық үшін қолжетімді нысанда ақпарат ұсынады, күрделі техникалық терминологияны пайдаланудан аулақ болады және негізінен арнайы салалық техникалық, технологиялық және экономикалық білім мен дағдыларды талап ететін мәліметтерді қамтымайды. Есепте материалды көрнекі және қолжетімді ұсыну үшін диаграммалар, кестелер мен графиктер қолданылады, пайдаланылған қысқартулардың тізімі беріледі, тек сенімді ақпарат беріледі.

Болашаққа қатысты мәлімдеме

Есепте болашаққа қатысты келтірілген деректер болжамдық сипаттағы ақпаратқа негізделген. Мынадай сөздер: «есептейді», «болжайды», «күтеді», «бағалайды», «ниет-тенеді»; «жоспар» деген белгісі бар көрсеткіштер және оларға ұқсас сөйлемшелер бұл жағдайда біз болжамды мәлімдеме туралы айтып отырғанымызды көрсетеді. Нақты нәтижелер жоспарлы және мақсатты көрсеткіштерден, күтілетін нәтижелерден, болжамды мәлімдемелердегі бағалар мен ниеттерден айтарлықтай ерекшеленуі мүмкін. Болжамды мәлімдемелер Есеп шыққан күнге ғана жарамды. Қоғам болжамды мәлімдемелерде қамтылған қызметтің күтілетін нәтижелеріне іс жүзінде қол жеткізілетініне кепілдік бермейді, сондықтан олар неғұрлым ықтимал және үлгілік сценарий ретінде қарастырылмауы тиіс және қарастырыла алмайды.

Куәландыру

Жылдық есептерді дайындау Қоғамның ақпараттық ашықтығын арттыру үшін ғана емес, сонымен қатар ішкі бизнес-процестердің тиімділігін арттыруға ықпал етеді.

Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі

Құрметті акционерлер, инвесторлар, серіктестер мен клиенттер!

Жаңа ақиқат цифрлық технологиялардың халық үшін ерекше маңыздылығын көрсетті. Қоғам пандемия кезінде қазақстандықтарды тұрақты байланыспен және интернетпен қамтамасыз етті.

Осылайша, «Көкшетаутранстелеком» Көкшетау қаласының мемлекеттік кірістер басқармасымен бірлесіп, тұрғындарға қысқа мерзімде қызмет алуға көмектесу үшін тәулік бойғы call-орталығын іске қосты. Сондай-ақ 200 төсекке арналған Модульдік жұқпалы аурулар ауруханасы жедел түрде интернетке қосылды. «Қостанайтранстелеком» АҚШ тәжірибесі бойынша құрылған iKomek бірыңғай байланыс орталығы үшін жобаны іске асырды, онда шұғыл емес хабарламалар бойынша 311 нөмірі жұмыс істейді. Сонымен қатар, мемлекеттік бағдарламалардың қатысушысы ретінде филиал коронавирустық инфекцияны емдеу үшін жұқпалы аурулар ауруханасын интернетпен қамтамасыз етті. «Астанатранстелеком» 200 төсек-орынға есептелген «COVID-19 коронавирустық инфекциясын жұқтырған науқастарға арналған жұқпалы аурулар ауруханасын» сымсыз интернетке, телефонияға қосып, дәрігерлер мен пациенттерге сымсыз Wi-Fi технологиясы бойынша байланыс орнатты.

Бұдан басқа, компания «Дегдар» гуманитарлық қорымен, «Technodom», «Астана-Моторс» мотор компаниясы» компанияларымен, «Аллюр» компаниялар тобымен, сондай-ақ «Аяла» жеке қайырымдылық қорымен, Дмитрий Самарцевтың, Рустам Баялиевтың, Диас Оспановтың тұлғасында Қазақстандағы BI.ZONE компаниясымен және қайырымдылық науқанының басқа да қатысушыларымен бірлесіп өткізілетін «ZHANARTU» қайырымдылық қорының науқанына қатысты, онда серіктестердің күш-жігерінің арқасында Қазақстанның медициналық мекемелері үшін өтеусіз негізде 300 данада 7F-10 оттегі концентраторы және 26 данада Positive Airway Pressure Units YH-830 (Bi-level) with Independent Humidifier with LCD screen өкпені жасанды желдету аппараты сатып алынды.

Сондай-ақ, Қоғам артып келе жатқан әлеуметтік жүктемеге қарамастан, бизнес-серіктестермен өзара іс-қимыл процесін тоқтатқан жоқ. Мәселен «Қызылордатранстелеком» «Батыс Тұзкөл кен орнында бейнебақылау теңшеу жұмыстары» жобасын «ТұзкөлМұнайГаз Оперейтинг» ЖШС-мен бірлесіп іске асыруды бастады. Бұл жоба «Батыс Тұзкөл» кен орнының 63 объектісінде жылуға ден қою камераларын орнатуды көздейді. Жоба ірі жер қойнауын пайдаланушылар арасында Қоғамға өзін танытуға және одан әрі қосымша кен орындарын қосуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, филиал Сырдария өзенінің сол жағалауындағы аумағы 1 532 гектар жаңа қаланы GPON технологиясы бойынша интернет желісіне қосады, онда 3 млн м^2 астам тұрғын үй салынады, оның 1 млн м^2 2025 жылға дейін салынады. Мұндай тұрғын үй алаңы 2025 жылға дейін 50 мыңнан астам тұрғынды және жобаны іске асыру соңында 155 мыңнан астам тұрғынды тұрғын үймен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. «Семейтранстелеком» 15 ауылдық елді мекен мен 53 мемлекеттік мекемеге талшықты-оптикалық желі жүргізді. Талшықты-оптикалық байланыс желілерінің жалпы ұзындығы 138,9 км-ден асады. Қоғам филиалы мектептерді, ауруханаларды, балабақшаларды, жергілікті атқарушы органдарды жоғары жылдамдықты интернетке қосты, оқу жылы басталғанға дейін жергілікті тұрғындарды жедел тәртіппен интернет желісіне қолжетімділікпен қамтамасыз етті. «Бақыршық тау-кен өндіру кәсіпорны» ЖШС, «Максам Қазақстан» ЖШС, «Технобур Қазақстан» ЖШС және «Әуезов коммуналдық желілері» ЖШС сияқты ірі компаниялармен ынтымақтастықты дамытуды жалғастырды.

Smart-қалалардың даму векторы да назардан тыс қалған жоқ. Түркістан облысы Арыс қаласының тұрғындары интернетті кез келген уақытта тегін пайдалану мүмкіндігіне ие болды: «Дендросаябақ», «Батырлар аллеясы», «Арбат» және «Жастар» сияқты төрт қалалық саябақтарда WiFi тегін желісі орнатылды.

Қоғам білім беру платформаларын белсенді іске асырғанын, денсаулық сақтау саласымен және үкіметпен жұмыс істегенін және қызметтерге қосылуды жеке тұлғалар үшін ғана тегін етіп қоймай, бизнеске де көмектескенін айта кеткен жөн. Осылайша, Қазақстан Республикасында енгізілген төтенше жағдай кезінде шағын және орта бизнесті қолдауды ұйымдастыру мақсатында Қоғам фискалдық деректер операторы ретінде өз қызметтеріне өтеусіз абоненттік төлем белгіледі.

«Транстелеком» АҚ тез өзгеретін жағдайларда жұмысты құрудың мүлдем жаңа тәжірибесін ала отырып, осы қиын уақытта стресс-тесттен өтті. Бұл компанияда кәсіби мамандардың жұмыс істейтіндігінің арқасында мүмкін болды.

Директорлар кеңесінің атынан Қоғамның барлық қызметкерлеріне көрсеткен ұстамдылығы мен әлеуметтік жауапкершілігі үшін алғысымды білдіремін. Біз өз брендіміздің мүмкіндіктерін дамытуды және «Транстелеком» АҚ инвесторлары мен клиенттерінің мүддесі үшін тиімді жұмыс істеуді жалғастыратынымызға сенімдімін.



ӘЛИЕВ НҰРӘЛІ РАХАТҰЛЫ

«Транстелеком» АҚ
Директорлар кеңесінің төрағасы

Қоғамның Басқарма Төрағасының Үндеуі

Құрметті акционерлер, серіктестер мен әріптестер!

«Транстелеком» АҚ компаниясының Басқармасы атынан Сіздердің назарларыңызға 2020 жылдың Жылдық есебін ұсынуға қуаныштымын.

2020 жыл «Транстелеком» АҚ сияқты еліміздің телекоммуникациялық операторлары үшін ғана емес, бүкіл әлем үшін де қиын жыл болды. Алайда, Қоғам пандемия мен одан кейінгі өзгерістерге қарамастан өз жұмысын тиімді жалғастырды.

Біз туындаған жағдайларға ден қою жылдамдығын өзгерттік, жедел ден қою штабын жұмысқа қостық және біздің магистральдық желілеріміз бен шетелдік тораптарымызды трафиктің экспоненциалды өсуіне дайындадық. Шетелдік провайдерлермен сыртқы интернет арналарының сыйымдылығы кеңейтілді. ТЖ кезінде азаматтардың тұрақты хабардарлығын қолдау үшін Қоғам Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі үшін Egov, E-license, pki.gov.kz интернет-ресурстары мемлекеттік деңгейде стратегиялық маңызды болғандықтан олардың интернет арнасының сыйымдылығын 4-5 есе тегін кеңейтті. Біз мемлекеттің сенімді серіктесі ретінде денсаулық сақтау, төтенше жағдайлар қызметі, ұлттық қорғаныс нысандары және дағдарысты еңсеруге белсенді қатысатын басқа да мекемелер тұрақты байланыс арнасын алуды жалғастыратынына кепілдік беруге міндеттіміз.

Сонымен қатар, «Транстелеком» АҚ елдегі білім беру процесін белсенді қолдады. Осылайша, қоғам жоғары оқу орындарының сайттарына, электрондық анықтамалық деректер базасына, онлайн-күнделіктерге, электрондық білім беру порталдарына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі ұсынған басқа да білім беру ресурстарына тегін қолжетімділікті ұсынды. Сонымен қатар, біз отандық компаниялардың онлайн-платформаларын автоматтандыруды қолдадық. Осылайша, біздің көмегімізбен төтенше жағдай режимінде бизнеске көмек көрсету шеңберінде «Platonus College» колледждері үшін жоба іске асырылды. Платформа студент пен оқытушыға онлайн режимінде оқытудың барлық автоматтандырылған процестерін тегін ұсынады. Сондай-ақ, Қоғамда «Өрлеу» компаниясымен және білім беру саласындағы ақпараттық жүйелерді әзірлеуші ретінде танымал «Білімал» брендімен бірлесіп, қашықтықтан оқыту және тестілеу жүйесі бар. Жүйе толығымен тегін, оны колледждер, Қарағанды облысының мектептері пайдаланады – және де біз оң пікірлер алудамыз. Ол қашықтықтан оқыту процесінде әртүрлі оқыту медиаматериалдарын жүктеуге, интерактивті сабақтар, вебинарлар өткізуге және оқушыларды тестілеуді ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Әлеуметтік жауапты бизнес ретінде компания халықтың табысы төмендеген кезеңде де жақындарымен байланысты сақтап, байланыс және интернет арқылы елдегі жағдай туралы ақпарат ала алуы үшін абоненттерге карантин кезеңінде жайлы жағдай жасады, тіпті берешегі болса да, абоненттердің ешқайсысын қызметтерден өшірмеді. Жеке тұлғалар онлайн-қызметтердің кеңейтілген спектріне ие болды, олар арқылы клиенттер үйден шықпай-ақ қосылуға, тарифтік жоспарды өзгертуге, шотты толтыруға және басқа да қызмет түрлеріне өтініш бере алады.

«Транстелеком» АҚ карантин кезінде қазақстандық және шетелдік телеарналарға қолжетімділік беретін жаңа өнім – лимитсіз интернет, телефония және TTC BOX цифрлық теледидарын қосуды тегін етті. Біздің телевизияның басты ыңғайлылығы халыққа жаһандық желіге қосылған кез келген құрылғының болуы жеткілікті: бұл iOS және Android базасындағы смартфондар мен планшеттер, Smart TV және Android TV функциялары бар теледидарлар, қызмет алу үшін теледидарға қосылған телевизиялық тіркемелер (STB) болуы мүмкін.

Бірақ 2020 жылы «Транстелеком» АҚ әлеуметтік саладағы дағдарысты еңсеру кезеңінде мемлекеттік әріптес позициясында болумен қатар, компания өзінің барлық міндеттемелерін, оның ішінде ірі республикалық жобалар бойынша міндеттемелерін толық көлемде орындауды жалғастырды. Мәселен, «Цифрлық Қазақстан – 2020» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде 429 ауылдық елді мекенді интернет желісіне кең жолақты қолжетімділікке қосу бойынша «Қазақстан Республикасының ауылдық елді мекендерін талшықты-оптикалық байланыс желілері технологиясы бойынша кең жолақты қолжетімділікпен қамтамасыз ету» жобасы кідіріссіз аяқталды. Жоба аясында 6 000 км ТОБЖ төселді және интернет желісіне кең жолақты қолжетімділікке 1 222 әлеуметтік нысан қосылды: 451 мектеп, 371 аурухана, 276 жергілікті әкімшілік, 12 авариялық қызмет, Қазақстан Республикасы Ұлттық қорғаныс министрлігінің 14 объектісі, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің 11 объектісі, полицияның 78 учаскесі және 9 прокуратура. Жобадан синергия 40 мыңнан астам абонентті қамтиды.



АДАЙБЕКОВ ЕЛНАР РУСЛАНҰЛЫ

«Транстелеком» АҚ Басқарма Төрағасы

Қоғам тек мемлекеттік секторда ғана емес, бизнес-ортада да дамыды, IT-саласын дамытуды жалғастыру үшін бірқатар сапалы әріптестер пайда болды. Осылайша, «Транстелеком» АҚ корпоративтік пайдаланушыларға арналған бағдарламалық шешімдер мен сервистерді әзірлеу саласындағы әлемдік көшбасшылардың қатарына кіретін Micro Focus компаниясының ресми серіктесі болды.

Болашақта Қарағанды, Қызылорда, Ақтау, Атырау, Ақтөбе, Орал және Жезқазған, Нұр-Сұлтан және Алматы қалаларында меншікті деректерді өңдеу орталықтарының құрылысын техникалық аяқтау өсудің негізгі нүктелерінің бірі болатыны сөзсіз. ДӨО іске асырудың мақсаты бизнестің шешілетін міндеттерінің спектрін ұлғайту, АТ-жүйелерінің ауқымдылығын жақсарту және ақпараттық алмасудың қауіпсіздігін арттыру болып табылады, бұл жиынтығында шығындар мен шығыстарды қысқартуға мүмкіндік береді. Бұлтты шешімдердің ұсынылатын кең спектрі мемлекеттік құрылымдар үшін де, жеке компаниялар үшін де өзекті болып табылады. Сонымен қатар, ДӨО барлық компоненттері лицензияланған және әлемдік өндірушілердің ресми қолдауына ие.

Қазақстан Республикасының аумағында отандық компаниядан Жаңа ДӨО-лардың пайда болуы телекоммуникациялық нарықты молықтыруға, «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын іске асыру шеңберінде бұлтты шешімдерді ілгерілету саласында бәсекелестікті дамытуға ықпал етеді.

Бірақ әлемдік пандемиядан тоқырау кезеңінде алға жылжу кіріс өзгерістеріне тиімді жауап беруге арналған ұйымдық құрылымды жедел өзгертпестен мүмкін болмас еді. Осылайша, 2020 жылы Адизес институтының өзгерістерін басқару әдіснамасына негізделген, инновацияларға және бірегей құзыреттерді жинақтауға бағытталған жаңа ұйымдық құрылым енгізілді.

«Транстелеком» АҚ қызметкерлеріне, серіктестеріне және акционерлеріне кәсібилігі мен көрсеткен ұстамдылығы үшін алғысымды білдіремін. Біздің компаниямыздың когнитивті ортасы, қалыптасқан корпоративтік мәдениет және командаңың бірлігі осы қиын жылда алға қойған мақсаттарға қол жеткізуге және өсу үшін әлеуетті сақтауға көмектесті. Біздің Миссиямыз бен жаңа уақыт дыбысталу форматындағы құндылықтарымыз бұрынғыдан да өзекті – себебі IT&TELCO саласында біз қазақстандықтарды жаңа цифрлық мүмкіндіктермен қамтамасыз ету үшін жұмыс істейміз.



Даму тарихы

«Қазақстан темір жолы» республикалық мемлекеттік кәсіпорнының (бұдан әрі – РМК) «Сигнализация және байланыс шаруашылығын басқару жүйесін оңтайландыру туралы» бұйрығының негізінде «Транстелеком» еншілес мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі – ЕМК) құрылды.

1998

- Автоматтандырылған биллинг жүйесін және техникалық есепке алу жүйесін енгізу.
- Спутниктік байланыс желісі құрылды.
- Деректерді беру желісінің тораптарын орнату және енгізу, сондай-ақ клиенттерге интернет желісіне қолжетімділікті қоса алғанда, жаңа қызметтердің кең ауқымын ұсыну басталды.
- **Қыркүйек.** Алматы станциясында цифрлық автоматты телефон станциясын (бұдан әрі – АТС) енгізу.
- Байланыс операторы ретінде «Қазақтелеком» акционерлік қоғамын (бұдан әрі – АҚ) желіге қосуға орталықтандырылған шартқа қол қойылды.

1999

- **Тамыз.** ҚР Үкіметінің «Қазақстан темір жолы» РМК-ны қайта ұйымдастыру және оның құрамынан мемлекеттің 100% қатысуымен «Транстелеком» ашық акционерлік қоғамын (бұдан әрі – ААҚ) бөлу жөніндегі шаралар туралы» қаулысы шығарылды.
- **Қараша.** «Транстелеком» ААҚ бастапқы мемлекеттік тіркеу күні.

2003

- «Транстелеком» ААҚ атауы «Транстелеком» АҚ деп өзгертілді.
- 30-дан астам жаңа цифрлық АТС орнатылды.

2004

- **Наурыз.** Ұзындығы 1 340 километр болатын Алматы-Астана учаскесінде ТОБЖ құрылысы аяқталды.
- **Сәуір.** Байланыс желілерін басқару орталығын ашу және ТОБЖ мониторингі мен әкімшілендірудің бірыңғай жүйесін іске қосу.
- **Қараша.** ИСО 9001-2000 Халықаралық сапа менеджменті стандарттарына сәйкестік сертификаты берілді.

2005

- **Наурыз.** Германияның Ганновер қаласындағы CEBIT халықаралық телекоммуникациялық көрмесіне Қоғамның қатысуы.
- **Наурыз.** Қоғам Халықаралық Қордың «Іскерлік тәжірибедегі жоғары сапасы үшін» алтын медалімен марапатталды.
- **Қараша.** Алматы қаласында жұмыс істеп тұрған 2 АПСК 120/120 және АТ-ПС-ПД 72/64 телеграф станциялары бірінші «Вектор-2000» цифрлық Телеграф коммутациялық серверіне ауыстырылды.

2006

- **Қаңтар.** АТ-ПС-ПД жұмыс істеп тұрған 6 телеграф станциясын бір «Вектор-2000» цифрлық Телеграф коммутациялық серверіне ауыстыра отырып, Астана (2 дана), Көкшетау, Қарағанды, Қостанай, Екібастұз қалалары бойынша телеграф станцияларын жаңғыртудың басталуы.
- **Ақпан.** Бастапқы магистральдық желі және ТОБЖ учаскелерінің қызметін үйлестіру үшін «Бастапқы магистральдық желі» орталығы құрылды.
- **Наурыз.** Қоғам тарихында алғаш рет «Orange» үшін сыйымдылығы 45 Мбит Астана-Лондон арнасы ұйымдастырылып, пайдалануға берілді.
- **Сәуір.** Алматы-Астана учаскесінде ҚТЖ-ның жедел-технологиялық байланысының SDH желісі салынды (жабдық конфигурациясы, бағдарламалық жасақтама және тестілеу жүргізілді).
- **Шілде.** Алматы, Шу, Көкшетау, Қарағанды, Астана қалаларында магистральдық желінің аумақтық учаскелері құрылды.
- **Тамыз.** Қоғамның ресурстарын ұтымды пайдалану үшін, сондай-ақ Қазақстаннан тыс клиенттерге сервис ұсыну бойынша жедел жұмыс үшін сыйымдылығы STM1 болатын Мәскеу қаласында M9 виртуалды POP торабы ұйымдастырылды.
- **Қазан.** Астана-Петропавл-Атырау STM1 деңгейіндегі арнаны тестілеу аяқталды, бұл Атырау филиалының телефония желілерін Алматы, Қарағанды, Астана, Көкшетау қалаларының филиалдарымен біріктіруге, сондай-ақ Атырау қаласындағы клиенттер үшін арналарды жалға беру қызметтерін ұсынуға мүмкіндік береді.
- **Қазан.** «British Telecom» компаниясы үшін екі VC3 Гонконг-Алматы–Мәскеу тестілеуі өткізілді. Қазақстанның басқа қалаларында Қоғамның көлік желісі бойынша «British Telecom» жобалары іске асырылуда.

2007

Қыркүйек. «ПОТОК» автоматтандырылған есептеу жүйесі енгізілді.

2008

- **Желтоқсан.** Alcatel-Lucent компаниясымен ірі магистральдық көлік желісін жеткізу және монтаждау туралы шартқа қол қойылды. Жобаны Еуропалық қайта құру және даму банкі қаржыландырды.

2009

- Бір жыл бұрын пайдалануға берілген 128 спутниктік байланыс жүйесі «РҒБО» АҚ-да электромагниттік үйлесімділіктен өтті және кейіннен радиожиілік спектріне рұқсат ала отырып, ҚР Ақпараттандыру және байланыс агенттігінде тіркелді.

2010

- **Маусым.** Астана – Алматы – Астана қатынасындағы «Тұлпар-1» және «Тұлпар-2» фирмалық пойыздары үшін деректерді беру қызметтерін коммерциялық пайдалануға енгізу жүргізілді (Қоғамның 01.06.2010 ж. № 174-П бұйрығы).
- **Маусым.** Алматы е/м-дегі Ортақ Пайдаланылатын Телекоммуникациялар Желісіне (бұдан әрі – ОПТЖ) транзиттік телефон трафигін ұйымдастыру және трафикті халықаралық бағыттар бойынша және ұялы операторлар желісі бойынша өткізу үшін «KazTransNet» ЖШС және «Space.KZ» ЖШС оператор желісін Қоғам желісіне қосу.

2011

- **Шілде.** Мемлекеттік комиссияның қаулысымен ОП-39 HUB (орталық басқару станциясы) пайдалануға қабылданды.
- **Тамыз.** Астана қаласындағы Қоғамның басқару станциясына «Жоғары жылдамдықты жолаушылар қозғалысы» деректер мен дауысты берудің жерүсті спутниктік желісін (ОП-39) ауыстыру жүргізілді.
- **Қыркүйек.** «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ (бұдан әрі – «ҚТЖ» ҰК» АҚ) шешімі негізінде БКБ ұйымдастыру үшін № 3 медициналық пойызда деректер мен дауыстарды берудің спутниктік терминалы орнатылды.

2012

- Ұзындығы 96 км Ақтөбе-Қандыағаш учаскесінде ТОБЖ құрылысының бірінші кезеңі іске асырылды.
- ТОБЖ трассасының бойында орналасқан мониторингті басқару жүйесі (кабельдік желі) іске қосылды.

2013

- Жобалау және даму басқармасы Қоғамды Новоишимский елді мекеніне ОПТЖ-ға қосу бойынша жұмыстар жүргізді.
- **Қыркүйек.** Байланыс арналарын ұйымдастыру және «ҚТЖ» ҰК» АҚ бөлімшелерін магистральдық желіге қосу үшін ұзындығы 3,9 мың км магистральдық кабельден талшықтар тармақталды. Сол кезде ТОБЖ жалпы ұзындығы 6,6 мың км құрады.

2014

- «Астана-Щучинск ақылы жолы» жобасы бойынша арнаны ұйымдастыру және «ЭнергоРемСервис» компаниясы үшін ақылы жолдар үшін коммутатор мен маршрутизатор жабдықтарын баптау жүзеге асырылды, «Қазсатнет» және «Астел» компанияларымен бірлесіп «Мониторингке арналған сервис» (Vlan), «Қазтелепорт« компаниясымен бірлесіп «Ақы алуға арналған сервис».

- 20 т/ж станцияларында SkyEdge-1 спутниктік байланыстың жаңа жер станцияларын орнату бойынша жұмыстар ұйымдастырылды.
- Жыл қорытындысы бойынша «Энергодиспетчерлік тартым» (ЭДТ АБЖ) автоматтандырылған басқару жүйесінің стратегиялық жобасы шеңберінде ЭДТ АБЖ бағдарламалық-аппараттық кешенімен жарақтандырылды және 856 тепловоз секциясы мен 983 электровоз секциясы өнеркәсіптік пайдалануға енгізілді.
- ТОБЖ ұзындығы 8 139 км құрайды.
- «Саламатты Қазақстан», «Жәрдем» және «Денсаулық» медициналық пойыздары үшін телефония, интернет желісі және бейнеконференцбайланыс қызметтерін ұсыну бойынша жұмыстар тұрақты негізде ұйымдастырылған.

2015

- Қоғамды жекешелендірудің басталуы.
- **Қыркүйек.** «Кайдзен/Үнемді өндіріс» өндірісін жақсарту және басқару жөніндегі процесті өрістету.
- **Желтоқсан.** «Жекешелендірудің 2016-2020 жылдарға арналған кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің №1141 қаулысына сәйкес Қоғам 26% минус 1 акция басым тәртіппен бәсекелес ортаға беруге жататын активтер тізбесіне енгізілді.

2016

- **Желтоқсан.** Парижде Қоғам «Ekinops» компаниясының 100G DWDM оптикалық көлік жабдығын елдің бүкіл аумағын қамтитын оптикалық желіге және Қытай мен Батыс Еуропа арасындағы ірі желінің бір бөлігі болып табылатын Қытаймен шекараға орналастырды.
- **Желтоқсан.** Қоғамның Қазақстандық автоматтандыру және робототехника қауымдастығына кіруі.
- ЭДТ АБЖ жобасы шеңберінде локомотивтерді ЭДТ АБЖ бағдарламалық-аппараттық кешенімен жарақтандыру аяқталды; жоба басталғаннан бері барлығы 1 240 тепловоз секциясы және 1 043 электровоз секциясы жарақтандырылды.
- ТОБЖ ұзындығы 10 954,2 км құрайды.
- «Магистраль» автоматтандырылған басқару жүйесі бойынша ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды аяқтау. ҚР бойынша теміржол магистраліне таралудың басталуы.

- **Ақпан.** Қоғам – Трансформациялау Жол картасы шеңберінде «ҚТЖ» ҰК» АҚ компаниялар тобы үшін IT-шешімдерді, автоматтандыру және телекоммуникациялар жөніндегі шешімдерді енгізу жөніндегі бірыңғай интегратор.
- **Ақпан.** Қоғамның Куәландырушы орталығын аккредиттеу және жұмысқа енгізу.
- **Мамыр.** Ресей мен ТМД-дағы телекоммуникациялық көлік желілері нарығын дамытуға арналған жыл сайынғы ең ірі іс-шараға – «Transport Networks Russia 2016» VII Халықаралық конференциясына қатысу.
- **Мамыр.** Астанада әйелдер арасындағы бокстан әлем чемпионатына ресми демеушілік, онда Рио-де-Жанейрода өтетін жазғы Олимпиада ойындарына 12 лицензия ойнатылды.
- **Маусым.** Қоғамның акциялар пакетінің 49%-ын сатып алу-сату шарты күшіне енді.
- **Шілде.** Одақтың хабарламасы бойынша «Ұлттық бизнес-рейтинг» Қоғамға «Сала көшбасшысы» мәртебесі беріледі.
- **Тамыз.** ОҚО-да уран өндіруші кәсіпорында «Цифрлық кеніш» ақпараттық жүйесі пайдалануға енгізілді.
- **Тамыз.** 1-ші жазғы Спартакиада Қоғам тарихында Қажымұқан Мұңайтпасов атындағы стадионда 16 спорт командасына өз есігін айқара ашты.
- **Қараша.** China Telecom Global Limited пен Қоғам арасындағы екіжақты кездесу аясында «250 адамнан астам халқы бар ауылдық елді мекендерді интернетке кеңжолақты қолжетімділікпен (бұдан әрі – КЖҚ) қамтамасыз ету» жобасын іске асыру бойынша ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды.
- **Қараша.** Қоғам «ASTEX-2016» ірі халықаралық көрме-конференциясының бас серіктесі болды.
- ТОБЖ ұзындығы 15 000 км-ден асады.

- 191 бірыңғай қоңырау шалу нөмірі бар Қоғамның байланыс орталығы ашылды.
- Қоғам ребрендинг өткізді. Ребрендингтің бір бөлігі – тауар белгісін «Транстелеком» белгісінен «ТТС» белгісіне ауыстыру.
- «Транстелеком» АҚ бокстан Головкин мен Мартиросян арасындағы жекпе-жектің жарнамалық серіктесі болды.
- Қоғам дарынды жастарды іздеп бакалавриат түлектері арасында олимпиада өткізеді.

2017

- 26% минус 1 акцияны сатудың ашық екі кезеңді конкурсының қорытындысы шығарылды, жеңімпаз анықталды.
- Қоғамның 2026 жылға дейінгі Даму стратегиясы бекітілді.
- «SOC» – Security Operation Center киберқауіпсіздікті жүзеге асыру бойынша қызметтерді іске қосу.
- Қоғамның жаңа ұйымдық құрылымы күшіне енді.
- «АСТАНА ЭКСПО-2017» халықаралық көрмесінің серіктесі.

- Қоғам Waves Platform-пен Қоғамның Vostok блокчейн-платформасы негізінде интеграция бойынша серіктестік туралы келісімге қол жеткізді.
- Астана қаласында «Изумрудный квартал» бизнес орталығы ғимаратының жанында екі жаңа модульдік Деректерді өңдеу орталығын (бұдан әрі – ДӨО) өнеркәсіптік пайдалануға енгізу.
- «Транстелеком» АҚ алғашқы бұлтты провайдер ретінде жекеше бұлтты Мемлекеттік органдардың бірыңғай көлік желісіне қосты.

2018

- «Smart Almaty» тұжырымдамасын іске асыру аясында Алматы қаласының метросында тегін Wi-Fi іске қосу.
- «Транстелеком» АҚ Қазақстандағы фискалдық деректер операторы болып анықталды, ФДО қызметін іске қосу.
- Қытайдан Ресей мен Еуропаға дейінгі жаңа транзиттік дәлізді іске қосу – 500 Гбит/с-тан басталатын қабілеті бар іске қосу.
- Сбербанктың BI.ZONE еншілес компаниясымен бірлесіп Қазақстанда киберқауіпсіздік бойынша қызметтер көрсету үшін бірыңғай платформа құру.

- Шілдеде басталған ҚТЖ SAP виртуалды инфрақұрылымының «Транстелеком» АҚ-ның ескі бұлтынан жаңасына табысты ұзақ мерзімді көші-қоны аяқталды.
- Қоғам қазақстандық ауылдарды кең жолақты интернетпен қамтамасыз ету бойынша Қазақстандағы ірі бірлескен МЖӘ жобасына шарт жасасты.

2019

- «WOW!HR» халықаралық бизнес-сыйлығының «LEVEL UP» номинациясындағы жеңіс, «Жақсартуға тарту. Транстелеком бойынша геймификация».
- Жыл сайынғы «HR-бренд Орталық Азия 2019» премиясында «ТТС Digital HR» жобасымен «Қазақстан» номинациясындағы жеңіс.
- Ауылдық елді мекендерді интернетпен қамтамасыз ету жөніндегі жоспар іске асырылды – жоба Қазақстанның 9 облысын қамтыды.

- «Цифрлық Қазақстан – 2020» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде 429 елді мекенді Интернет желісіне КЖҚ-ға қосу бойынша «ҚР ауылдық елді мекендерін ТОБЖ технологиясы бойынша КЖҚ-мен қамтамасыз ету» жобасы аяқталды.
- ТТС – Қарағанды, Қызылорда, Ақтау, Атырау, Ақтөбе, Орал және Жезқазған қалаларында клиент үшін ақпараттық ресурстар инфрақұрылымы бар ДӨО ғимараттарын салу бойынша жобаны іске асырған ірі компаниялардың бірі.

2020

- «Транстелеком» АҚ блоктарының функционалдық стратегиялары бекітілді.
- ТТС бизнесінің тиімділігін арттыру және нарықтың жаңа сын-қатерлерін табысты еңсеру үшін 2020 жылы жаңа ұйымдық құрылым енгізілді. Ұсынылып отырған құрылым Адизес институтының өзгерістерін басқару әдіснамасына негізделеді және сыртқы ортаның, инновациялардың өзгерістеріне тез әрекет ете алатындай етіп құрылған және бірегей құзыреттерді жинақтауға бағытталған.



Компания сандармен

3 864
МЛН ТЕҢГЕ
Таза пайда

31 081
МЛН ТЕҢГЕ
Меншікті капитал

28
%
EBITDA margin

52 476 157
МЫҢ ТЕҢГЕ
Сатудың өзіндік құны

25 050
МЛН ТЕҢГЕ
EBITDA

8 095 346
МЫҢ ТЕҢГЕ
Жалпы әкімшілік шығыстар

69 654
МЛН ТЕҢГЕ
Кірістер

892 352
МЫҢ ТЕҢГЕ
Жергілікті байланыс қызметі

68 452
МЛН ТЕҢГЕ
Түсім

516 161
МЫҢ ТЕҢГЕ
Қалааралық және халықаралық телефон байланысы қызметтері

6 942 213
МЫҢ ТЕҢГЕ
Интернет желісіне қол жеткізу қызметтері

5 432 692
МЫҢ ТЕҢГЕ
Халықаралық транзит

1 487 549
МЫҢ ТЕҢГЕ
Телеграф байланысы

32 528
АБОНЕНТ
Жеке тұлғалардың тіркелген желілерінің саны

4 163 980
МЫҢ ТЕҢГЕ
Спутниктік байланыс және деректерді беру қызметтері

69 492
ПОРТ
Тіркелген КЖҚ порттарының саны

9 885 833
МЫҢ ТЕҢГЕ
ТОБЖ магистральдық арналарын жалға алу қызметтері

7 662
АБОНЕНТ
Ақылы TV қосу нүктелерінің саны

Қызметтің негізгі индикаторлары

Қаржылық көрсеткіштер

Қызметтерді сатудан түскен кіріс

млн теңге

2020	68 452
2019	82 095
2018	74 691

Күрделі салымдар

(ҚҚС-сыз есептеулер)

млн теңге

2020	65 669
2019	14 840
2018	24 092

Таза пайда

млн теңге

2020	3 864
2019	2 708
2018	3 949

ROACE

%

2020	17%
2019	14%
2018	21%

Тиімділік көрсеткіштері

EBITDA

млн теңге

2020	25 050
2019	20 630
2018	19 531

ROIC

(инвестицияланған капиталға қайтару)

%

2020	5%
2019	18%
2018	16%

EBITDA margin

%

2020	28%
2019	24%
2018	25%

Қызметкерлер саны

адам

2020	3 183
2019	2 763
2018	3 060

1 қызметкерге шаққандағы кірістер

мың теңге

2020	21 506
2019	29 669
2018	24 409

Активтер туралы мәліметтер

Активтер, барлығы

млн теңге

2020	174 543
2019	113 960
2018	108 915

Міндеттемелер

млн теңге

2020	143 462
2019	86 659
2018	82 775

Меншікті капитал

млн теңге

2020	31 081
2019	27 301
2018	26 140

Өндірістік көрсеткіштер

Телефония бойынша жеке тұлғалар абоненттерінің саны

абоненттер

2020	32 528
2019	33 974
2018	36 422

Интернет желісі бойынша жеке тұлғалар абоненттерінің саны

абоненттер

2020	69 492
2019	32 557
2018	29 668

Ақылы TV қосылу нүктелерінің саны

абоненттер

2020	7 662
2019	421
2018	—

Заңды тұлға абоненттерінің саны

абоненттер

2020	175 283
2019	84 585
2018	22 323

2020 жылдың негізгі оқиғалары

АҚПАН

- Облигациялық бағдарлама аясында жалпы сомасы 18 млрд. теңге болатын ішкі нарықтағы облигациялардың бірінші шығарылымы.

НАУРЫЗ

- «Транстелеком» АҚ ТЖ әрекет ету уақытында өз клиенттеріне қызметтерді төлеуді кейінге қалдыруға мүмкіндік берді.
- «Транстелеком» АҚ бизнесті қолдау үшін ТЖ кезінде ФДО қызметі үшін өтеусіз абоненттік төлем белгіледі.

СӘУІР

- «Транстелеком» АҚ еліміздегі барлық колледждерді онлайн-режимде оқу процесін автоматтандыру бойынша өнімге қосу бастамасында «Platonus» ЖШС-ге қолдау көрсетті. Бұл шешім бизнеске ТЖ және карантин режимінде көмек көрсету аясында қабылданды. «Platonus College» сервисі қашықтан оқытуды ұйымдастыру мүмкіндігінсіз қалған Қазақстанның барлық колледждеріне тегін берілді.

МАМЫР

- «Транстелеком» АҚ ТОБЖ құрылысын госпиталь жұмысының басталуына және алғашқы пациенттердің келуіне бірнеше күн қалғанда аяқтады. Салынған ТОБЖ COVID-19 коронавирустық инфекциясын жұқтырған науқастарға арналған жұқпалы аурулар ауруханасын 200 төсек-орынға сымсыз интернетке, телефонияға қосуға, дәрігерлер мен пациенттердің байланыс қажеттіліктері үшін сымсыз Wi-Fi технологиясын пайдалануға мүмкіндік берді.

МАУСЫМ

- Қоғамның Директорлар кеңесі «Транстелеком» АҚ Басқармасының жаңа төрағасы – Елнар Русланұлы Адайбековты тағайындау туралы шешім қабылдады.

ШІЛДЕ

- «Транстелеком» АҚ өз облигациялары бойынша (KZ2C00006344, KASE негізгі алаңы, ««блигациялар» санаты, TCOMb1) 575 000 мың теңге мөлшерінде бірінші купондық сыйақы төледі.

ТАМЫЗ

- «Транстелеком» АҚ «Дегдар» гуманитарлық қорымен, «Technodom», «Астана-Моторс» мотор компаниясы» компанияларымен, «Аллюр» компаниялар тобы» АҚ-мен, сондай-ақ «Аяла» жеке қайырымдылық қорымен, Дмитрий Самарцевтың, Рустам Баялиевтың, Диас Оспановтың тұлғасында Қазақстандағы BI.ZONE компаниясымен және медициналық жабдықты (қазақстандықтар 300 оттегі концентраттарын және 26 ӨЖЖ аппараттарын) сатып алуға септігін тигізген қайырымдылық науқанының басқа да қатысушыларымен бірлесіп өткізілетін «ZHANARTU» қайырымдылық қорының науқанына қатысты.
- «Транстелеком» АҚ 500 теңгеден басталатын ТТС TV тақырыптық тарифтік жоспарларын іске қосты – қазақстандықтар үшін тиімді ұсыныс! ТТС TV жыл соңына дейін науқандық бағамен 4 тақырыптық тарифтік жоспарды ұсынады.

ҚЫРКҮЙЕК

- «Цифрлық Қазақстан – 2020» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде 429 ауылдық елді мекенді интернет желісіне кең жолақты қолжетімділікке қосу бойынша «Қазақстан Республикасының ауылдық елді мекендерін талшықты-оптикалық байланыс желілері технологиясы бойынша кең жолақты қолжетімділікпен қамтамасыз ету» жобасы аяқталды.
- «Транстелеком» АҚ 6 000 км жуық талшықты-оптикалық байланыс желілерін салды және Интернет желісіне кеңжолақты қолжетімділікке 1 222 әлеуметтік объектіні (мектептер, ауруханалар, авариялық қызметтер, ҚР Ұлттық қорғаныс объектілері, ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің объектілері, құқық қорғау органдарының объектілері, жергілікті әкімшіліктер) қосты. Осы жобаның әлеуетті қамтылуы шамамен 40 мың абонентті құрады.

ҚАЗАН

- «Транстелеком» АҚ Қазақстанның HR-менеджерлері қауымдастығының нұсқасы бойынша үздік HR-тәжірибесі бар топ-38 компанияның қатарына енді.
- Транстелеком цифрлық телевизияны пакеттік шешімдердің бөлігі ретінде көрсету арқылы телевизия – ТТС TV сервисін дамытады.

ҚАРАША

- Компанияға 21 жыл! 21 – кейбір елдерде бұл кәмелеттік жасы.
- «Цифрлық Қазақстан – 2020» бағдарламасы бойынша Қоғам «Қазақстан Республикасының ауылдық елді мекендерін талшықты-оптикалық байланыс желілері технологиясы бойынша кеңжолақты қолжетімділікпен қамтамасыз ету» жобасын іске асырды. Жобаны іске асыру аясында Қоғам талшықты-оптикалық байланыс желісі арқылы 19 елді мекенді қосты.

ЖЕЛТОҚСАН

- Транстелеком Ethernet, SIP телефония, SIP TRUNK технологиясы және телевизия бойынша интернет желісіне Нұр-Сұлтан қаласындағы Abu-Dhabi Residences ірі объектісін қосты, оның ішінде Abu-Dhabi Residences элит-класының апартаменттері орналасқан.

Қысқаша шолу

Компанияның профилі

«Транстелеком» акционерлік қоғамы (««Транстелеком» АҚ, Қоғам) IT, байланыс, автоматика және энергетика саласында телекоммуникацияларға, цифрландыруға және жүйелік интеграциялауға маманданған Қазақстан Республикасының ірі байланыс операторларының бірі болып табылады.

«Транстелеком» АҚ қайта тіркеуге дейін «Транстелеком» ашық акционерлік қоғамы» деп аталған, бұрын – «Транстелеком» еншілес мемлекеттік кәсіпорны «Қазақстан темір жолы» республикалық мемлекеттік кәсіпорнының 1998 жылғы 16 маусымдағы № 426 – Ц «Сигнализация және байланыс шаруашылығын басқару жүйесін оңтайландыру туралы» бұйрығына сәйкес құрылған, кейіннен «Қазақстан темір жолы» республикалық мемлекеттік кәсіпорнының кейбір еншілес мемлекеттік кәсіпорындарын қайта ұйымдастыру туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 1999 жылғы 1 қыркүйектегі № 135 бұйрығымен «Қазақстан темір жолы» республикалық мемлекеттік кәсіпорнын қайта ұйымдастыру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 4 тамыздағы № 1101 қаулысының негізінде «Транстелеком» ашық акционерлік қоғамы болып қайта ұйымдастырылды.

Қоғам «Қазақстан темір жолы» республикалық мемлекеттік кәсіпорнының «Транстелеком» еншілес мемлекеттік кәсіпорнының барлық құқықтары мен міндеттемелерінің құқықтық мұрагері болып табылады. «Транстелеком» АҚ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес заңды тұлға болып табылады, дербес теңгерімі, банктік шоттары бар, өз атынан мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтарды сатып ала алады және жүзеге асыра алады, міндеттерді атқара алады, сотта талапкер және жауапкер бола алады. Компанияның қызметі «Транстелеком» АҚ акционерлерінің жалпы жиналысының 2020 жылғы 20 қаңтардағы № 13 шешімімен бекітілген Жарғының шеңберінде жүзеге асырылады, ол оның ұйымдастырылуы мен жұмыс істеуінің құқықтық негіздерін айқындайды.

«Транстелеком» АҚ қызметінің негізгі мақсаттары:
- коммерциялық қызметтен пайда алу және оны акционерлердің мүддесіне пайдалану;
- Қазақстан Республикасының аумағында заманауи ақпараттық және телекоммуникациялық желілерді құру және оларды IT-технологиялардың әлемдік желісіне интеграциялау;
- Қазақстан Республикасының аумағындағы және шетелдегі тұтынушыларға озық технологиялардың әртүрлі түрлерін ұсыну.

Компанияның бірінші кезектегі міндеті желілерді дамыту және жаңғырту арқылы Қазақстан аумағында байланыс және көрсетілетін қызметтер сапасын арттыру болып қала береді.

«Транстелеком» АҚ Қазақстан Республикасының байланыс операторы ретінде қызметін жүзеге асырады және телекоммуникациялық және инфокоммуникациялық қызметтердің кең спектрін, оның ішінде халықаралық, қалааралық, жергілікті телефония қызметтерін және интернет желісіне, сондай-ақ магистральдық байланыс арналарына қолжетімділікті ұсынуға маманданған.

«Транстелеком» АҚ транзиттік әлеуетті дамытуға және Қазақстан арқылы транзиттік телекоммуникациялық ағындарды ұлғайтуға ұмтылады, өйткені Ресей Федерациясының, Қытай Халық Республикасының, Қырғыз Республикасының, Өзбекстан Республикасының және Түрікмен Республикасының халықаралық операторларымен (іске асыру сатысында) байланысты қамтамасыз ете отырып, магистральдық талшықты-оптикалық байланыс желілері бар.

«Транстелеком» АҚ еліміздің барлық аумағында 14 филиалдан тұратын сервис желісі, 3 дата-орталықтан тұратын меншікті желісі, сондай-ақ байланыс орталықтары бар.

Қоғамның атқарушы органының орналасқан жерінің мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Z05H9A7, Нұр-Сұлтан қаласы, Есіл ауданы, Д.Қонаев көшесі, 10-үй.

Акционерлік капиталдың құрылымы және бағалы қағаздар

ҚР Үкіметінің 2014 жылғы 31 наурыздағы № 280 «Жекешелендірудің 2014-2016 жылдарға арналған Кешенді жоспарын бекіту туралы» қаулысына сәйкес «Транстелеком» АҚ жекешелендіруге және бәсекелес ортаға иеліктен шығаруға жататын компаниялар тізіміне енді.

Мәселен, 2015 жылғы мамырда Қоғам акцияларының 49 пайызы «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» АҚ өткізген екі кезеңді ашық конкурс тәсілімен өткізілген сауда-саттықтың және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 25 ақпандағы № 107 қаулысының нәтижесінде сатылды.

2018 жылғы мамырда «Транстелеком» АҚ-ның бір акциясын алып тастағанда акциялар пакетінің тағы 26 пайызы ашық екі кезеңді конкурс тәсілімен сауда-саттық нәтижесінде жекешелендірудің екінші толқыны шеңберінде сатып алынды.

2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияның акционерлері:
«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» АҚ – иелену үлесі

25%

ПЛЮС 1 АКЦИЯ

Мұханов М.С. – иелену үлесі

75%

МИНУС 1 АКЦИЯ

Акцияларды шығару және орналастыру туралы толық тарихи анықтама 2017 жылғы жылдық есепте «Акционерлік капиталдың құрылымы» бөлімінде көрсетілген.

2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша жарғылық капитал

12 241 487

МЫҢ ТЕҢГЕ

(он екі миллиард екі жүз қырық бір миллион төрт жүз сексен жеті мың теңге) мөлшерінде қалыптастырылды.

Қоғамның жарияланған жай акцияларының жалпы саны орналастырылды

6 471 089

ДАНА

Бір акцияның номиналды құны

1 000 ТЕҢГЕ

Артықшылықты акциялар қарастырылмаған.

оның ішінде: орналастырылды

5 638 097
ДАНА

орналастырылмаған

832 992
ДАНА

Жарияланған жай акциялардың саны

6 471 089
ДАНА

Акцияларды орналастырудан тартылған ақша қаражатының сомасы

12 241 487 000
ТЕҢГЕ

2020 жыл ішінде Қоғамның жарғылық капиталында өзгерістер болған жоқ және қосымша акциялар орналастырылмады.

Директорлар кеңесінің 2019 жылғы 22 шілдедегі шешімімен (№7/2019 хаттама) ішкі нарықта 22 млрд теңгеден аспайтын сомаға облигацияларды шығару туралы шешім қабылданды.

2020 жылғы 10 қаңтарда «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ жылдық 11,5% купондық мөлшерлемемен 10 000 000 мың теңге мөлшерінде Қазақстан қор биржасында шығарылған Компанияның облигацияларын сатып алды.

Облигациялар шығарылымының проспектісіне сәйкес шығарылған облигациялардың айналым мерзімі – 12 жыл. **2020 жылғы 13 шілдеде облигациялар бойынша 575 000 мың теңге сомасында алғашқы купондық сыйақы төленді.**

«Транстелеком» АҚ ұзақ мерзімді құнның өсуін және қызметтің тұрақты дамуын қамтамасыз ету арқылы акционерлердің мүдделерін сақтауға ұмтылады.

Акционерлердің жалпы жиналысының 2016 жылғы 04 тамыздағы шешімімен Дивидендтік саясат бекітілді (№1 хаттама).

Қоғамның дивидендтік саясатының мақсаты Қоғам мен Акционерлер мүдделерінің теңгерімін, дивидендтердің мөлшерін, оларды төлеу шарттары мен тәртібін айқындау кезіндегі тәсілдің болжамдылығы мен ашықтығын қамтамасыз ету болып табылады.

2020 жылдың қорытындысы бойынша «Транстелеком» АҚ жай акциялары бойынша дивидендтер төлемеу туралы шешім қабылданды.

Ұйымдық құрылымы

Қоғам бизнесінің тиімділігін арттыру және нарықтың жаңа сын-қатерлерін табысты еңсеру үшін 2020 жылы жаңа ұйымдық құрылым енгізілді. Ұсынылып отырған құрылым Адизес институтының өзгерістерін басқару әдіснамасына негізделеді және сыртқы ортаның, инновациялардың өзгерістеріне тез әрекет ете алатындай етіп құрылған және бірегей құзыреттерді жинақтауға бағытталған.

Қоғамның орталық аппаратының ұйымдық құрылымының жаңа редакциясын әзірлеу кезінде біз мынадай қағидаттарға негізделдік:

- бекітілген даму стратегиясына сәйкестік;
- бизнестің пайда орталықтарына шоғырлануы;
- клиентке бағдарланушылық және клиенттердің адалдығын арттыру;
- иерархиялық жүктемені төмендету;
- өнемге бағыттылығын күшейту және түсімдерді тұрақтандыру;
- даму және пайдалану функцияларын бөлу;
- мүдделер қақтығысын болдырмау.

Пайда көзінен қашықтықты қысқарту мақсатында бизнес-бағыттар бойынша неғұрлым далиған құрылым ұсынылды, оның негізгі артықшылығы оның сыртқы ортаның өзгерістеріне, инновацияларға жылдам әрекет ету және бейімделу қабілеті және бірегей құзыреттерді жинақтау болып табылады. Компанияны басқарудың далиған ұйымдық құрылымы шешім қабылдау процесіне аз адам қатысады дегенді білдіреді. Шешімдерді жетекшілік ететін бағытқа/клиентке қарай релевантты ақпараты бар және өкілеттіктер берілген басшылар қабылдайды.

Даму стратегиясын жүзеге асыра отырып, Қоғам аралас бизнес-модельге көшеді, онда Қоғам қолданатын жобалық бизнес-модель жеке және бизнес-клиенттің жаппай тұтынушысына бағытталған өнім бизнес-моделімен толықтырылады. Осыған байланысты, ұсынылып отырған құрылымда АКТ саласындағы жаңа технологияларды әзірлеу және енгізу бойынша құзырет орталығы болып табылатын бөлінген Өнімдік кеңсе көзделген, бұл бизнесті жүргізудің өнімдік бағыттылығын күшейтуге және біржолғы жобалармен шектелмей, тиісінше түсімдер ағынын (рекуренттік түсім) тұрақтандыруға мүмкіндік береді.

2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ұйымдық құрылым



02. Стратегиялық шолу

«Транстелеком» АҚ ҚР ірі байланыс операторларының бірі болып табылады. Қоғамның бүкіл Республика бойынша тармақталған филиалдық желісі (14 филиалы) бар.

2020 жылы «Транстелеком» АҚ 2019 жылы қабылданған стратегияны іске асыруды жалғастырды. Стратегия телекоммуникациялық қызметтер операторынан халық, мемлекет және бизнес үшін цифрлық әріптеске айналдыруға бағытталған.

Қоғамның сипаттамасы	032
2020 жылы телекоммуникация нарығына шолу	034
Бизнес-шолу және қоғам позициясын бағалау	036



52 476 157
МЫҢ ТЕҢГЕ
Сатудың өзіндік құны

68 452
МЛН ТЕҢГЕ
Түсім

Қоғамның сипаттамасы

Қатысу географиясы

«Транстелеком» АҚ ҚР ірі байланыс операторларының бірі болып табылады. Қоғамның бүкіл Республика бойынша тармақталған филиалдық желісі (14 филиалы) бар.

14

ФИЛИАЛДАР

бүкіл Республика бойынша

Даму стратегиясы

2020 жылы «Транстелеком» АҚ 2019 жылы қабылданған стратегияны іске асыруды жалғастырды. Стратегия телекоммуникациялық қызметтер операторынан халық, мемлекет және бизнес үшін цифрлық әріптеске айналдыруға бағытталған.

Миссиясы

Компанияның бірегей қабілеттеріне сүйене отырып, қазақстандықтарды цифрлық әл-ауқатқа жетелеу:

Ақпараттық қауіпсіздік орталығы SOC

Бірегей АКТ жобаларын іске асыру тәжірибесі

Аттестатталған Куәландыру Орталығы Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының аумағында заңды ЭЦҚ-мен

Халықаралық, трансшекаралық өткелдер

Өзінің талшықты-оптикалық магистральдық желісі, еліміздің барлық ірі қалаларын бірыңғай желіге біріктіреді

Шешім қабылдауда жылдамдық пен икемділік

Болжам

Компанияның пайымы – бұл жеке және мемлекеттік секторларда ірі кешенді жобаларды іске асыратын және жеке тұлғалар мен ұйымдарға қызметтердің кең спектрін көрсететін АКТ қызметтерінің кең спектрінің әртараптандырылған операторы ретіндегі Қоғам.

Мұндай пайымдаудың негізгі фактілері:
- Нарықтың барлық сегменттерінде қызмет көрсету
- Қызмет көрсету мен жобаларды іске асыруды үйлестіру
- Дәстүрлі байланыс қызметтерін, сондай-ақ АТ және бұлтты қызметтерді біріктіретін қызметтердің үлкен портфелінің болуы

Құндылықтар

ҚҰРМЕТ

Біз бір-бірімізді құрметтейміз

Клиенттерді, серіктестерді, бәсекелестерді тең деп қабылдау, олардың өзіндік құндылықтары мен мақсаттарының болуын қабылдау, оларды тыңдай және есті білу, байланыс нүктелерін табу және өзара тиімді қарым-қатынас құру, егер бұл Қоғамның құндылықтарына қайшы келмесе.

ЖЕТІЛДІРУ

Біз үздіксіз жетіліп отырамыз

Қоғам көрсетілетін қызметтердің сапасы мен клиенттер үшін оларды пайдалану ыңғайлылығымен, сондай-ақ өз қызметін, қызметкерлердің біліктілігін және олардың Қоғам қызметіне тартылуын, бизнес-процестер мен рәсімдердің тиімділігін, Қоғамның ұйымдық құрылымын жетілдірумен үздіксіз жұмыс істейді.

СЕНІМДІЛІК ЖӘНЕ БЕДЕЛ

Біз сенімді компаниямыз, өз атымызды бағалаймыз

Қоғам сенімді қызмет көрсетуші және серіктес, әлеуметтік жауапты және заңға бағынатын нарық ойыншысы беделін сақтау және арттыру үшін күш салады.

Инвестициялық тартымдылық

Қазақстанның телекоммуникация саласы ұзақ мерзімді инвесторлар үшін де, қысқа мерзімді инвесторлар үшін де экономиканың тартымды сегменті болып табылады.

Бұл ретте Қоғам тұрақты ақша ағынын қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін және технологиялар мен клиенттердің қалауларының жылдам өзгеруімен толықтырылған күрделі макроэкономикалық жағдайлардың өзінде лайықты операциялық нәтижелерді көрсетуге мүмкіндік беретін күшті бәсекелестік артықшылықтарға ие.

«Транстелеком» АҚ нарықтық сын-қатерлерге табысты жауап беріп қана қоймай, жаңадан пайда болған мүмкіндіктерді де тиімді пайдаланады. Сапалы активтердің, жолға қойылған бизнес-процестердің және жинақталған құзыреттердің арқасында Қоғам өз қызметінің негізгі сегменттерінде тұрақты өсуді көрсете алады.

2020 жылы телекоммуникация нарығына шолу

Байланыс қызметтерінің жалпы көлеміндегі ең үлкен үлес нарықтың жалпы көлемінің 83%-ын өзіне шоғырландыра отырып, интернетке, ұялы байланысқа және өзге де телекоммуникациялық қызметтерге тиесілі.

2020 жылы байланыс қызметтері нарығының көлемі **884,5 млрд теңгені** құрады, бұл 2019 жылмен салыстырғанда 8,6%-ға артық. Интернет-қызметтердің көлемі 2020 жылы 14,4%-ға ұлғайып, **331,8 млрд теңгені** құрады. Ұялы байланыс қызметтерінің көлемі 1,5%-ға артып, **231,3 млрд теңгені** құрады. Жергілікті телефон байланысы қызметтерінің көлемі 2020 жылы, керісінше, 2019 жылмен салыстырғанда 2,6%-ға қысқарып, **35,8 млрд теңгені** құрады.

> 14 000

КИЛОМЕТРДЕН

жобаны іске асырудың екі жылында бүкіл ел бойынша 14 000 километрден астам талшықты-оптикалық желі төселді

2020 жылғы Қазақстандағы байланыс қызметтерінен табыстың құрылымы



Дереккөз: ҚР ҰЭМ Статистика комитеті, profit.kz

2020 жылдың бірінші жартыжылдығында телекоммуникация қызметтерінен кірістердің күрт өсуі: бір жыл бұрынғы 372,7 млрд теңгеге қарағанда **425 млрд теңге** (+14%) – штаттық жағдайға оралғаннан кейін кері қайтару туралы сұрақтар туғызды. Алайда, өсім желтоқсан айының соңына дейін жалғасты және 2020 жыл соңғы 4 жылдағы телекоммуникация нарығы үшін ең сәтті кезең болды.

2020 жылғы желтоқсанда ұялы байланыс абоненттерінің саны **24,18 млн бірлікті құрады** (қарашада – 24,27 млн, төмендеу байқалады), оның ішінде **15,93 млн-ға жуығы интернетке қол жеткізе алады** (қарашада – 15,87 млн, өсу байқалады). Осылайша, ұялы байланыс абоненттері арасында интернеттің ену деңгейі **65,6%** (+0,2%) құрады. Тіркелген телефон желілерінің абоненттерінің саны **3,11 млн бірлікті құрады** (қарашада – 3,09 млн бірлік, шамалы өсім). Ақырында, тіркелген интернет абоненттерінің саны – шамамен **2,62 млн бірлік** (ұлғаю байқалады).

Елде 2020 жылғы наурызда енгізілген карантиндік шаралар Қазақстанның ақпараттық-коммуникациялық индустриясына елеулі әсер етті. Пайдаланушылардың онлайнға жаппай кетуі және компаниялардың қашықтан жұмыс істеуге көшуі ақпараттық-телекоммуникациялық ресурстарға жүктемені едәуір арттырды. Нәтижесінде, телеком-операторлардың басты міндеті желінің жұмыс істеу қабілетін қолдау үшін шаралар қабылдау болды. Бұдан басқа, карантиндік шаралар кәсіпорындар мен білім беру мекемелерінің қашықтан жұмыс істеуін ұйымдастыруға мүмкіндік беретін IT-қызметтерге жаппай қажеттілікті тудырды, сондай-ақ электрондық коммерция айналымын едәуір арттырды. Бұл өз кезегінде құпия деректердің қауіпсіздігін, қосылу сапасы мен қолжетімділігін қамтамасыз етудің маңыздылығын арттырды.

WebEx, ZOOM және басқа да бейнеконференцбайланыс жүйелері сияқты қашықтықтан жұмыс істеуді ұйымдастырудың танымал шетелдік шешімдерінің қауіпсіздігі мәселесі IT нарығына қатысушылардың алдына отандық шешімдерді әзірлеу мәселесін қойды. Тек осы жағдайда операторлар қосылыстардың қауіпсіздігі мәселесін бақылай алады.

Трафикті тарату картасы да өзгерді. Қытай сияқты елдерге қарағанда, Қазақстанда қалаларда тіркелген трафиктің өсу қарқыны ұялы трафиктің өсуінен өте жоғары болды. Кейбір операторлар тіпті ұялы желідегі трафиктің төмендегенін атап өтті. Сонымен қатар, қала маңындағы аумақтар мен ауылдарда мобильді трафик керісінше өсті, бұл карантин салдарынан адамдардың қаладан шығуына байланысты.

Бұдан басқа, 2020 жылғы желтоқсанда тәуелсіз Қазақстан тарихындағы ең ірі телекоммуникациялық жоба – ауылдық елді мекендерде байланыс құрылысы аяқталды. Жобаны іске асырудың екі жылында бүкіл ел бойынша **14 000 километрден астам** талшықты-оптикалық желі төселді.

Телекоммуникация нарығын дамыту перспективалары

Компаниялардың Gartner-ден COVID-19 дағдарысына реакциясын талдауға сүйене отырып, АКТ қызметтері нарығын дамытудың болжамды бағыты туралы келесі қорытынды жасауға болады:

Компаниялар карантин және шектеулі ұтқырлық аясында жұмысты қамтамасыз етуге және оңтайландыруға ықпал ететін өнімдер мен қызметтерге көңіл бөлді. Бейне-конференц-байланыс, электрондық құжат айналымы және CRM жүйелері осындай өнімдердің мысалдары болып табылады.

Бизнес үшін осындай өнімдерді пайдалануға мәжбүрлі қажеттілік кәсіпкерлерді ақпараттық технологияларға төмен сенім жағдайында өзгерістер қабылдауға мәжбүрлей отырып, Қазақстандағы цифрлық трансформацияны жеделдетеді және олардың қолданыстағы IT-шешімдер туралы хабардарлығын арттырады.

Бизнестің IT-шешімдерін мәжбүрлі қабылдау фактісі кейіннен IT-өнімдерді пайдалануға негізделген одан әрі бизнес-процестерді үйренуге және құруға әкеледі.

Жаңа өнімдерді әзірлеу кезінде пандемия жағдайында осы немесе басқа саланың алдында тұрған сын-қатерлерге, дағдарыстың бизнес-операцияларға әсерін азайту үшін қандай іс-қимыл жасауға дайын екендігіне және IT-шешімдерді қолдану оларға осы міндетте қалай ықпал ететініне назар аудару керек.

Бизнес-шолу және қоғам позициясын бағалау

Бизнес-модель

ТТС негізінен корпоративті және мемлекеттік сектордың клиенттері үшін ірі жобаларды іске асыруды көздейтін жобалық бизнес-модельді қолданады. Қоғамның 2019-2023 жылдарға арналған даму стратегиясы аралас жобалық-өнімдік бизнес-модельге көшуді көздейді. Мұндай бизнес-модельді пайдаланудың артықшылығы компанияның жобаларды іске асырумен байланысты бір реттік кірістерге тәуелділігін стандартты өнімдерді сатумен қамтамасыз етілетін тұрақты кірістің үлесін арттыру арқылы азайту болып табылады. Жобалық-өнімдік модельге көшу, сондай-ақ компанияның клиенттік базасын кеңейту бойынша стратегиялық мақсатты іске асыруға ықпал етеді.

Төменде Business Model Canvas форматындағы ағымдағы ТТС бизнес моделінің сипаттамасы берілген



Қоғамның ұстанымын және оның даму перспективаларын бағалау

Қоғам IT-технологиялар нарығының елеулі үлесі бар белсенді нарық ойыншысы болып табылады. Бизнес-клиенттермен жұмыс істеудің белсенді тәсілі және клиентке бағдарлануды жоғары дәрежесі Қоғамның жақсы беделін және дұрыс орналасуын қамтамасыз етті. Ірі IT-жобаларды іске асыру тәжірибесі және оларды іске асыру үшін бұлтты инфрақұрылымды құру Қоғамға бұлтты қызметтер сегментінде бәсекелестік жағдайды қамтамасыз етті.

Алайда, жеке сегментте бизнесті дамыту және шағын бизнес үшін қызмет көрсету ірі бизнеске назар аударуға байланысты қалдық принцип бойынша дамыды, бұл негізінен Қоғамның қызмет көрсетуіне жобалық тәсілге және қолжетімділік желілерінің нашар дамуына әкелді.

2023 жылға дейінгі Даму стратегиясы шеңберінде Қоғам төрт негізгі стратегиялық бағытқа зейін қояды:

- **B2C сегменті, о**нда Қоғам double және triple-play қызметтерінің біріккен абоненттік базасында қосымша сату есебінен осы нарыққа экспансиясын арттырады және жалғастырады, сондай-ақ абоненттерге жаңа қызметтер жиынтығын ұсыну – бұлттық қызметтер және маркетплейс арқылы сатылатын серіктестердің АКТ емес қызметтері;
- **B2B/B2G сегменті** онда Қоғам өзінің бизнес моделін клиенттердің салалық белгісі мен мөлшері бойынша қалыптастырылған пакеттік форматтағы қызметтердің кең жиынтығын тұтынушыларға ұсынуға қарай өзгертуге тырысады;
- **B2O сегменті,** онда Қоғам қызметтердің құнды ұсыныстарын қалыптастыруға баса назар аударады, онда қызметтер мен клиенттік сервистің сапасын жетілдіру арқылы бәсекелестерден ерекшеленіп, сегменттегі жалғасып жатқан баға бәсекелестігі жағдайында көрсетілетін қызметтердің бағаларын сақтай алады;
- **жаңа шешімдер сегменті,** онда Қоғам XaaS ұсынатын қызметтердің спектрін кешенді қызметтер мен олардың пакеттерін ұсыну, сондай-ақ SaaS қызметтері мен жазылым бағдарламалық жасақтамасын жаппай ұсыну бағытында кеңейту тұрғысынан басқа стратегиялық бағыттар үшін ұсынылатын бұлтты қызметтер спектрін кеңейтетін болады. Сондай-ақ, осы бағыт шеңберінде Қоғам ақпараттық қауіпсіздік, «Заттар интернеті», big data және бизнесті цифрландыру сияқты жаңа нарықтарда өз құзыреттерін арттыратын болады.

Осы стратегиялық бағыттар шеңберінде Қоғам өзінің алдына мынадай стратегиялық мақсаттар қояды:

- Қоғамның таза кірісінің өсуі;
- операциялық тиімділікті арттыру;
- барлық сегменттерде клиенттік базаны кеңейту, үшінші тарап клиенттерінен түсетін кірістердің үлесін арттыру, сервистік кірістің үлесін арттыру;
- Қоғамның өнім портфелін кеңейту.

Қоғамның тұжырымдалған позицияға сәтті қозғалысын қамтамасыз ететін негізгі факторлар Қоғамның операциялық тиімділігін, оның өзгермелі нарықтық жағдайларға бейімделуін және негізгі бәсекелестерге қатысты бәсекелестік артықшылық құруды қамтамасыз ететін ішкі түрлендірулер болып табылады. Мұндай түрлендірулер мыналар:

- өнім портфелін қалыптастыру және сервистік функцияларды орындау үшін серіктестерді тарта отырып, Қоғам өз бизнесіне стратегиялық бақылауды сақтағанда, Қоғам ішінде бизнестің серіктестік моделін құру;
- Қоғам қолданатын жобалық бизнес-модель жеке және бизнес-клиенттің жаппай тұтынушысына бағытталған өнім бизнес-моделімен толықтырылғанда аралас бизнес-модельге көшу;
- тұтас алғанда Қоғамның да, жеке алғанда әрбір қызметкердің де жұмысының тиімділігімен байланыстырылған Қоғам қызметкерлерінің барлық деңгейлерінің материалдық ынталандыру жүйесін құру;
- Қоғамның филиалдары мен орталық аппараттың (бұдан әрі – ОА) жекелеген бөлімшелерінің жеке клиенттермен немесе клиенттер топтарымен жұмыс істейтін қаржылық нәтижесі үшін жауапкершілік бере отырып, Қоғамдағы пайданың көптеген орталықтары жүйесіне көшу;
- операциялық және қаржылық көрсеткіштер шегінен тыс жоспарлау фокусын кеңейту, қаржылық жоспарлау ғана емес, сонымен қатар Қоғамның негізгі қаржылық емес ресурстары – инфрақұрылым, өнім портфелі, құзыреттер жиынтығы, бизнес-процестерді жетілдіру және автоматтандыру бойынша ұзақ мерзімді жылжымалы жоспарлау практикасын енгізу.

Қоғамның функционалдық стратегиялары

2020 жылы B2B, B2G, B2O, B2C, B2R блоктарының және теміржол бизнесін дамыту блогының функционалды стратегиялары жасалды. Әзірлеу процесін Green teams – Қоғам қызметкерлерінен тұратын кросс-функционалдық командалар жүзеге асырды. 2,5 ай ішінде 10-12 стратегиялық сессия өткізілді. Бір сессияның минималды уақыты 4 сағатты құрады. Стратегияларды әзірлеу кезінде Адизес және OKR әдіснамалары (Мақсаттар мен негізгі нәтижелер) қолданылды.

Өзгерістерді басқару жөніндегі кеңес 2020 жылдың 20 қарашасында B2B, B2C, B2G, B2O, B2R сегменттері және теміржол саласында бизнесті дамыту сегменті бойынша Қоғамның функционалды стратегияларын мақұлдады. Функционалды стратегияларды әзірлеу кезінде жалпы, жобалық және гибридті тәсілдер қолданылды.

03. Операциялық қызмет

Қоғамның қызметтерінің көпшілігі келесі пайдаланушылар топтары үшін көрсетіледі:

- **жеке тұлғалар;**
- **заңды тұлғалар;**
- **дара кәсіпкерлер;**
- **байланыс операторлары.**

Қоғам ұсынатын қосымша қызмет түрлері уақытты үнемдеуге, шығындарды бақылауды қамтамасыз етуге, электрондық құрылғыларды заңсыз пайдаланудың алдын алуға көмектеседі.

Қызметтер	040
Өнімдер мен сегменттер бойынша негізгі жетістіктер	043
Қоғам жобалары	048
Қоғамның 2020 жылғы ірі және стратегиялық маңызды жобалары	052
IT-жобалар	058
Клиенттік база	058
Хартиялар мен қауымдастықтарға қатысу	062



25 050 МЛН ТЕҢГЕ
EBITDA

28%
EBITDA margin

Қызметтер

Қоғамның қызметтерінің көпшілігі келесі пайдаланушылар топтары үшін көрсетіледі:

ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАР

- Халыққа көрсетілетін қызметтер.

ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАР

- Коммерциялық ұйымдарға (акционерлік қоғамдар, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер және т.б.), коммерциялық емес ұйымдарға (мемлекеттік мекемелер, қоғамдық бірлестіктер, қоғамдық қорлар және т.б. заңнамалық актілермен айқындалған) көрсетілетін телекоммуникация қызметтері.

ДАРА КӘСІПКЕРЛЕР

- Абоненттік терминалдарды тұрғын емес үй-жайда не тұрғын үй-жайда пайдаланатын жеке тұлғаларға табыс алу үшін кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру мақсатында көрсетілетін қызметтер.

БАЙЛАНЫС ОПЕРАТОРЛАРЫ

- Қазақстан Республикасының Лицензиялау туралы заңнамалық актісінде белгіленген тәртіппен байланыс қызметтерін көрсетуге лицензия алған жеке немесе заңды тұлғаларға көрсетілетін қызметтер.

Қосымша қызмет көрсету түрлері

Қоғам ұсынатын қосымша қызмет түрлері уақытты үнемдеуге, шығындарды бақылауды қамтамасыз етуге, электрондық құрылғыларды заңсыз пайдаланудың алдын алуға көмектеседі.

Аутсорсингтік қызметтер көрсету

IT-аутсорсинг, ұйымдардың ақпараттық-техникалық жүйелерін жобалауға, пайдалануға және оларға қызмет көрсетуге байланысты міндеттерді шешу Қоғамның қызметі мен ақпараттық қызметтерін кеңейтудің перспективалық бағыттарының бірі болып табылады.

Ақпараттық технологиялар нарығына жатпайтын ұйымдар үшін IT-қамтамасыз ету көмекші процестер санатына кіреді. IT-инфрақұрылымы мен оны басқарудың күрделілігінің артуына, сондай-ақ кадрлардың жетіспеушілігіне байланысты көптеген ұйымдар IT-аутсорсингті аталған мәселелердің нақты шешімі ретінде қарастырады.

Жобаларды іске асыру барысында Қоғам ақпараттық-коммуникациялық кешеннің барлық функцияларын аутсорсингке шығаруды және оның АКТ-құрылымын шоғырландыруды: ақпараттық-телекоммуникациялық операторды басқарудағы ақпараттық-коммуникациялық жүйелерді дамыту, енгізу, басқару, пайдалану және сервистік сүйемелдеу міндеттерін орталықтандыруды ұсынады.

Осылайша, Қоғам типі бойынша көптеген ұқсас тапсырмаларды өз қолына шоғырландырады, осылайша олардың өнімділігі мен орындалу сапасын арттырады. Бұл IT-аутсорсингтегі сервистік стратегияны мамандандырудың әлеуметтік-экономикалық мәні. Ірі ұйымдар үшін IT-аутсорсинг ақпараттық технологияларды пайдалану шығындарын азайтады және олардың сапасын арттырады, IT-процестерді стандарттау ұйымның ашықтығын арттырады және қаражатты үнемдейді.

«Транстелеком» АҚ ҚР ірі байланыс операторларының бірі бола отырып, телекоммуникациялық және IT -қызметтердің кең спектрін ұсынуға маманданған.

Қызмет түрлері	Сипаттамасы
Электрондық құжат айналымы	Іс жүргізу процестерін автоматтандыратын көп қолданушы жүйе.
Байланыс орталығы	Тапсырыс беруші ұйымның немесе бас ұйымның мүддесінде дауыстық байланыс арналары, электрондық пошта, факс бойынша және интернет-чаттар режимінде өтініштерді өңдеу және ақпараттандыру жөніндегі қызмет.
Бұлтты қызметтер	IaaS виртуалды инфрақұрылымы – бұл виртуалды серверлерді дербес құруға, клондауға, олардың конфигурациясын өзгертуге және желі параметрлерін басқаруға мүмкіндік беретін жеке, толығымен оқшауланған виртуалды деректер орталығын (VDC) құрудың икемді шешімі.
DNS-хостинг	DNS – Domain Name System (домендік есімдер жүйесі) – домен атауын IP-мекенжайға түрлендіреді.
Куәландырушы орталық	Электрондық-цифрлық қолтаңба беру түріндегі куәландырушы орталықтың қызметтері.
Электрондық мұрағат	Мұрағат ісіне сәйкес құжаттардың электрондық нұсқаларын сақтауға арналған көп пайдаланушы жүйе. Мұрағат істерін іздеу тұрғысынан мұрағатшының жұмысын оңтайландырады.
ДӨО-ға орналастыру	Жабдықтарды (серверлерді) Қоғамның дата-орталықтарында орналастыру, соның ішінде электр қорегін және байланыс арнасын ұсыну.
SERVICE-DESK	Пайдаланушыларды техникалық қолдау және сүйемелдеу қызметі.
SERVICE-DESK үшін ITSM платформасы	IT-процестерді басқаруға арналған платформа.
Баспа сервисінің аутсорсингі	Жұмыс топтары мен ауыр жүктемесі бар бөлімдерге арналған өндірістік әмбебап дәліз типті құрылғылармен қамтамасыз ету (сканерлеу, басып шығару, көшіру). Барлық басып шығару және сканерлеу процестерін, сондай-ақ құрылғылар паркін басқаруға арналған бағдарламалық шешім.
Жұмыс орындарын ұйымдастыру және қолдау аутсорсингі	Компьютерлік жабдықтарға/ноутбуктерге, лицензиялық бағдарламалық жасақтамаға қызмет көрсетуді ұйымдастыру және қолдау аутсорсингі.
Желіні ұйымдастыру және қолдау бойынша сервис	Белсенді, пассивті желілік жабдықты орнату, теңшеу және қолдау қызметтері.
Ақпараттық қауіпсіздікті басқару жүйесі (АҚБЖ)	Ақпараттық қауіпсіздікті (АҚ) және корпоративтік деректердің құпиялылығын қамтамасыз етуге бағытталған техникалық және ұйымдастырушылық шаралар кешені.
Ақпараттық қауіпсіздік (бұдан әрі –АҚ) бойынша консалтинг қызметтері	АҚ саласындағы консалтинг тапсырыс берушіге мыналарды анықтау мақсатында көрсетілетін қызметтер кешені болып табылады: – АҚ-ны қамтамасыз ету жөніндегі үздік әлемдік практикаларға, салалық талаптарға сәйкес, сондай-ақ АҚ-ның қазіргі қатерлеріне қарсы іс-қимылдың тиімділігі тұрғысынан ұйымдағы АҚ-ны қамтамасыз етудің ағымдағы деңгейін (кемелдену деңгейін); – ұйымның стратегиялық даму мақсаттарын ескере отырып, АҚ-ны дамыту бағыттарын, мақсаттары мен шешілетін міндеттерін; – таңдалған бағыт бойынша алға жылжу және мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу үшін қажетті нақты іс-шараларды.
Қашықтықтан оқыту және тестілеу жүйесін (бұдан әрі – ҚОТЖ) енгізу	ҚОТЖ жобасы шеңберінде бағдарламалық жасақтаманы жеткізуді, ақпараттық жүйені енгізуді және жабдықтарды жеткізуді (қажет болған жағдайда) қамтитын «толық аяқталған» ақпараттық технологиялар саласында кешенді жұмыстар көрсету.
Бейне-конференц-байланыс жүйелерін ұйымдастыру	Бейне-конференцияларды ұсыну, ұйымдастыру және техникалық қолдау бойынша қызметтер.
Кез келген күрделі жобаларды іске асыру	Клиенттердің қажеттіліктеріне сәйкес жаңа немесе өзгертілген қызметтерді іске асыру және пайдалануға беру жөніндегі жобаларды басқару.

Қызмет түрлері	Сипаттамасы
SAP	– SAP ERP – кәсіпорын ресурстарын басқару жүйесі; – SAP HCM – персоналды басқару жүйесі және жалақыны есептеу; – SAP BW – корпоративтік есептілікті құру үшін пайдаланылатын деректерді жинауды, сақтауды және басқаруды қамтамасыз ететін жүйе; – SAP BO – деректерді барынша көрнекі түрде ұсыну және кеңейтілген талдауға арналған бірыңғай талдамалық платформа; – SAP CRM – клиенттермен қарым-қатынасты басқару жүйесі; – SAP HANA – деректерді сақтауға және өңдеуге арналған жоғары өнімді NewSQL платформасы; – SAP S/4 HANA – бизнес-процестерді автоматтандыруға арналған жаңа буын платформасы.
IT-инфрақұрылымын техникалық қолдау	Серверлік, ДСЖ, коммутациялық, тіршілікті қамтамасыз ету (кондиционерлер, UPS) сияқты жабдықтарды қоса алғанда, IT-инфрақұрылымға техникалық қолдау көрсету жөніндегі қызметтер.
Қалааралық және халықаралық байланыс қызметтері	Әртүрлі елдердің аумағында орналасқан пайдаланушылар арасында телефон байланысын ұйымдастыру.
SIP-телефония	Интернет желісі бойынша немесе кез келген басқа IP-желілер бойынша сөйлеу сигналын беру жөніндегі қызметтер.
Телеграф байланысы	Қабылдау пунктінде міндетті түрде жазыла отырып, әріптік-цифрлық хабарларды (жеделхаттарды) қашықтыққа беру жөніндегі қызметтер сымдар және/немесе радиосигналдар арқылы берілетін электр сигналдарымен жүзеге асырылады. Айырықша ерекшелігі – құжаттылық: хабарлама адресатқа баспа (сирек қолжазба) мәтін түрінде беріледі.
ADSL технологиясы бойынша интернет желісіне қолжетімділікті ұсыну	ADSL технологиясы бойынша интернет желісіне қолжетімділікті ұсыну бойынша қызметтер телефонды ақпаратты берумен бір мезгілде пайдалануға мүмкіндік береді. Деректерді ассиметриялық беру арнасы бойынша деректерді бір мезгілде бере отырып, дауыстық трафикті беру қамтамасыз етіледі.
FTTB/FTTx/GPON технологиясы бойынша интернет желісіне қолжетімділікті ұсыну	Ғимарат шекарасына дейін жететін оптикалық талшық бойынша интернет желісіне қол жеткізуді ұсыну бойынша қызметтер, оптиканың абонентке дейін енуі, яғни оптикалық тораптың орта есеппен 100-250 абонентке қол жеткізуді қамтамасыз ету мүмкіндігі.
Ethernet технологиясы бойынша интернет желісіне қолжетімділікті ұсыну	Ethernet технологиясы бойынша интернет желісіне қолжетімділікті ұсыну бойынша қызметтер деректерді секундына 100 ГБ дейінгі жылдамдықпен беруді қолдайды.
IP VPN-байланыс арналарын (VPN) жалға алу	Клиенттер үшін деректерді берудің аумақтық бөлінген қорғалған корпоративтік желісін құру. IP/MPLS технологиясына негізделген қорғалған корпоративті IP желілерін ұйымдастыру. Қызмет ұйымның құрылымдық бөлімшелерін (офистерді біріктіру) немесе компания/серіктес желілерін қала ішінде, облыс ішіндегі елді мекендерде, сондай-ақ ҚР барлық аумағы бойынша және шетелдерде өзара байланыстыруға мүмкіндік береді.
Цифрлық арналарды жалға беру	Тапсырыс беруші компаниясының аумақтық бөлінген кеңселері арасында «нүкте-нүкте» топологиясымен деректерді беру қызметтері, өткізу қабілеті Nx64 Кбит/с және қажетті соңғы жабдық.
Спутниктік станциялар арқылы қосылған кезде деректерді беру арналарын жалға алу	Спутниктік жүйелер базасында ҚР барлық аумағында кез келген үлгідегі деректерді беру қызметтері.
Тіркелген телефон байланысы операторларының телекоммуникация желілерін Қоғамның телекоммуникация желісіне қосылуы	Телефон байланысы қызметтерін жүзеге асыру үшін бөгде байланыс операторын Қоғам желісіне қосу жөніндегі қызметтер.
«Жедел-іздестіру іс-шараларының жүйесі (ЖІІЖ)» басқару пультіне қосу	Қоғамның телекоммуникация желісіндегі ЖІІЖ басқару пультіне клиенттерді/бөгде операторларды қосу қызметтері.

Өнімдер мен сегменттер бойынша негізгі жетістіктер

B2C

69 492

Интернет порттарының саны

662

Ақылы TV қосылу нүктелерінің саны

Қоғам клиенттері бойынша пайда орталықтарын бөлу мақсатында және меншікті және серіктестік қызметтерді қамтитын өнім қызметтерінің портфелін жақсарту қажеттілігіне байланысты Қоғам B2C сегментін бөлу туралы шешім қабылдады (Қоғамның Директорлар кеңесінің 2019 жылғы 04 ақпандағы шешімі).

2020 жылдың желтоқсанында бөлшек сегменттегі Қоғамның Коммерциялық стратегиясы бекітілді, онда келесі бизнес бастамалар қарастырылған:

01. B2C корпоративтік құрылымын қалыптастыру.
02. Жергілікті желіні жаңғырту және дамыту.
03. B2C сегменті үшін клиентке бағдарланған автоматтандырылған платформаны құру.
04. B2C үшін техникалық есепке алуды жүргізу процесін автоматтандыру.
05. Ішкі бизнес-процестерді оңтайландыру.
06. Серіктестік желіні дамыту.
07. 2-деңгейдегі операторларды сатып алу.
08. «Маркетинг. Жаңа пакеттік шешімдер».
09. Клиенттердің қанағаттану деңгейін арттыру.

2023 жылға қарай B2C нарығының үлесін **0,04%-дан 0,2%-ға дейін** арттыру, сондай-ақ белсенді абоненттік базаны және қызмет көрсетуден түсетін пайданы **3 есе** ұлғайту жоспарлануда.

Қоғам телекоммуникация және цифрлық шешімдер нарығындағы көшбасшылығын нығайта отырып, клиенттерге қызмет көрсету деңгейін көтеруге және клиенттердің әр санаты үшін цифрлық қызмет көрсетуді ұсынуға ұмтылады.

+1,2%

B2C сегментіндегі түсімнің өсуі

+1,2%

интернет желісіне қолжетімділік қызметтерін ұсынудан түскен түсімнің өсуі

18 есе өсті

OTT абоненттерінің саны

–0,9%

телефония ұсыну бойынша көрсетілетін қызметтер санының төмендеуі

B2C сегментінің түсімі *мың теңге*

	2020 жыл	2019 жыл
OTT	69 099	690
Интернет	1 719 448	1 434 104
Телефония	276 072	319 147

2020 жылы «Транстелеком» АҚ бөлшек сегментте КЖҚ және телефония қызметтерін ілгерілетуде айтарлықтай табыстарға қол жеткізді:

2 064 619
МЫҢ ТЕҢГЕ

3%
жалпы түсімдегі үлес

53%
2019 жылға қарай ұлғаю

Соңғы жылдары Қазақстанда және әлемде бөлшек бизнес елеулі өзгерістерге ұшырады – енді бұл пайдаланушылардың сұраныстары үнемі өсіп келе жатқан жоғары бәсекеге қабілетті нарық. Сондықтан Қоғам назарын тек технологияға ғана емес, клиенттер біздің сервистер арқылы ала алатын әсерлері мен өмір сапасына көбірек аударады. Қоғам үшін интернет пен ақылы TV-ға қол жеткізудің негізгі нарықтарында мықты негіз қалыптастырып, көшбасшылық бәсекеге қабілетті позицияға ие бола отырып, Қоғам жаңа нарықтарды дамытады және үй шаруашылықтары үшін ақылды өнімдер деп аталатын топтан заманауи цифрлық қызметтерді жылжыту арқылы қалыптасатын бизнестің үлесін арттырады. «Транстелеком» АҚ бөлшек клиенттердің қажеттіліктерін барынша қанағаттандыратын ұсыныстарды дамыту, сондай-ақ байланыс қызметтерінің сапасын және сервистік қызмет көрсету тиімділігін одан әрі арттыру бойынша жұмыс істейді.

Зәкір қызметтері: КЖҚ және ақылы TV

Бөлшек сегмент кірісінің негізгі бөлігін зәкір қызметтері құрайды: интернет желісіне қолжетімділік және ақылы TV, олар түсімнің өсуіне айтарлықтай үлес қосуды жалғастыруда. Нарықтардың дәйекті қанығуына қарамастан, компания клиенттік базаны құруға, сондай-ақ бір үй шаруашылығынан кірістің өсуін көрсетуге мүмкіндік береді.

2019 жылдың қараша айында «OTT телевизия» жобасы іске қосылды. Телевизия – бұл біздің компания үшін жаңа қызмет. Айта кету керек, жоғарыда аталған қызметті енгізумен «Ақпараттық технологиялар қызметі» мен Жергілікті желі қызметкерлері іс жүзінде осы қызметті қосуды үйренді. Қоғам алғаш рет пакеттік шешімдерді (интернет + TV) ұсынды.

2020 жылы үй шаруашылықтары сегментіндегі интернет-абоненттер саны 1%-ға өсіп, табыс **1,7 млн теңгені** құрады. Осы кезеңде «Транстелеком» АҚ ақылы TV абоненттерінің саны өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 18 есе өсті және **7 662 клиентті** құрады.

Сату және жылжыту

Бөлшек бизнес бойынша жеке құрылымға бөлінген сегмент 2019 жылы болашақ белсенді сатылымдардың «іргетасын қалауды» бастады.

2020 жылы барлық филиалдарда жеке тұлғалар, заңды тұлға құрмай кәсіпкерлік қызметпен айналысатын жеке тұлғалар және заңды тұлғалар үшін барлық қызметтерді қосуға 100% жеңілдік бойынша тиімді науқандар өткізілді («Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» АҚ-дан және «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» АҚ тобына кіретін компаниялардан басқа).

Айта кету керек, «Транстелеком» АҚ қызметтерді қосу және орнату процестерін жетілдіруге көп көңіл бөледі.

Қоғамда «Бөлшек бизнес қызметін сүйемелдеу» бағыты компания сайтында Жария шарт әзірленді және жарияланды, телекоммуникация қызметтерін қосуға және ажыратуға арналған өтініштердің жаңа нысандары енгізілді, аванстық төлем әдісі енгізілді.

Қоғам абоненттері үшін сайт әзірленді, онда әрбір адам тарифтерді, жаңалықтарды, науқандард және т.б. көре алады. Сондай-ақ, Қоғам абоненттері үшін жаңа қолайлы жағдай жасалған жеке кабинеттің жаңа дизайнын әзірлеу іске қосылды.

B2C бағыты алдындағы міндеттердің бірі онлайн-сату кеңселерін құру болып табылады және қазіргі уақытта Қоғам жеке кабинет, call-center (191), Telegram bot (іске қосу сатысында) арқылы кез келген түрдегі өтінімдерді қабылдай алады.

Келіп түскен шағымдар мен ұсыныстарды уақтылы жою және ұсынылатын сервистің сапасын жақсарту үшін абоненттерден ресми әлеуметтік желілер: Instagram, Facebook, Twitter, YouTube, 2ГИС арқылы түскен өтініштерге тұрақты мониторинг жүргізілді.

Сонымен қатар, біз «SMS Consult» ЖШС-мен келесі мақсаттар үшін SMS-хабарландыру қызметін енгізу туралы шарт жасасу туралы келіссөздер жүргіздік:

- дебиторлық берешектің пайда болуы туралы уақтылы ескерту;
- интернет желісіне қолжетімділік қызметін қосқан кезде логин мен құпиясөзді ұсыну: бұрын абонент осы ақпаратты алу үшін міндетті түрде филиалдың кеңсесіне келуі тиіс болатын, бірақ қазіргі уақытта абоненттерге хабарламалар/СМС жіберіледі.

Ел үшін қиын уақытта компания клиенттеріне қамқорлық көрсете отырып, қазақстандықтарды туыстарымен және жақындарымен үздіксіз байланыспен қамтамасыз ету үшін Қоғам абоненттерге қолдау көрсету және берешегі бар адамдарды қызметтерден ажыратпау жөнінде шешім қабылдады.

Жаңа абоненттерді қосу процесін жеделдету үшін 2020 жылы Астанатранстелеком филиалында «Сервис 24/7» қызметі енгізілді, ол телефон бойынша өтінімдерді пысықтауға және шартқа «табалдырық жанында» қол қоюға мүмкіндік берді (телефон бойынша өтінім беру – қызметтің қосуға актімен келуі). «Сервис 24/7» қызметіне желіге қосылу бойынша жұмыстар, авариярларды жою, абоненттерді ажырату, қосылу нүктесін ауыстыру, роутерді және OTT тіркемесін күйге келтіру/жөндеу және консультациялық-техникалық қолдау кіреді.

Бұл қызмет клиенттерді жұмыс күні аяқталғаннан кейін, сондай-ақ демалыс және мереке күндері 18:00-ден 22:00-ге дейінгі өзекті аралықта желіге қосуға мүмкіндік берді. «Сервис 24/7» тобының жұмысы B2C секторы үшін ең өзекті уақыт аралығын қамтиды.

Осы қызметті енгізу нәтижесінде жаңа клиенттердің ағыны өсті, бұл динамикада алынған кірісті арттырды, бұл өз кезегінде өтелімділік мерзімін қысқартады және жобалардың оң динамикаға шығуын тездетеді. Бұдан басқа, «Сервис 24/7» қызметі қазіргі уақытта Нұр-Сұлтан қаласында баламасы жоқ бірегей сервисті енгізу арқылы Қоғамға астанамыздың нарығында бәсекелестік артықшылық алуға мүмкіндік берді.

B2B/ B2G/ B2R/B2O

«Транстелеком» АҚ мемлекеттік бастамаларды іске асыру шеңберінде бизнес үшін заманауи цифрлық шешімдерді ұсына отырып, корпоративтік және мемлекеттік сегментте сервистердің цифрлық экожүйелерін құрады. Біздің әріптестігіміздің арқасында теміржол саласы жоспарлы түрде «цифрлық рельстерге» көшуде.

Жасанды интеллект, Big data, блокчейн және басқа да технологиялық шешімдер теміржол саласын сапалы аналитикамен қамтамасыз етеді, өсу резервтерін анықтауға, шығындарды азайтуға, ресурстарды үнемдеуге мүмкіндік береді. Бұл кәсіпорынның бизнес-процестеріне де, клиенттермен жұмыс істеуге де қатысты.

20 жылдан астам уақыт ішінде «Транстелеком» АҚ тек теміржол саласына қызмет көрсететін компаниядан телекоммуникация және IT-қызметтер саласындағы ірі провайдерге айналды, халықаралық нарықтарға шықты. Бұл серіктестік байланыстарды нығайтуға, «Транстелеком» АҚ қызметінің жаңа перспективалық бағыттарын дамытуға және жаңа мүмкіндіктер ашатын және өңірлерді түрлендіретін маңызды кезеңдер компания тарихында аз емес.

2020 жылы «Мемлекеттік сектордағы бизнестің дамуы» блогының табыс әкелетін Қоғамның толыққанды қатысушысы ретінде қалыптасуы болды. Қызметтің бірінші жылы 2019 жылмен салыстырғанда келесі жетістіктермен атап өтілді:

B2B, B2G және B2O секторларындағы кірі:

60 114 265
МЫҢ ТЕҢГЕ

88%
жалпы түсімдегі үлес

19%
2019 жылға қарай төмендеу

~ 2
келісімшарттар саны шамамен 2 есеге артты

3%
B2R секторы 2020 жылы жалпы түсімдегі үлестің 2019 жылға қарай 3%-ға өскенін көрсетті.

~ 388
ФДО қызметі ҚҚС қосқанда 388 млн теңге көлемінде табыстылықпен тұрақты өсуді көрсетті

13%
Халықаралық операторлармен өзара іс-қимылдан түскен кірістердің үлесі 13%-ды құрады

9%
2019 жылға қарай өсім 9%-ды құрады

81%
Жыл қорытындысы бойынша корпоративтік және мемлекеттік сегменттегі түсімнің өсуі 81%-ды құрады, ең алдымен бұлтты сервистер мен дата-орталықтар қызметтерін, сондай-ақ жаңа цифрлық өнімдерді: ақпараттық қауіпсіздік сервистерін, OTT және бұлтты сервистерді жылжытудан түсетін түсімнің ұлғаюы есебінен.

«Транстелеком» АҚ-ның 2023 жылға дейінгі B2B секторындағы стратегиялық бизнес-бастамалары

- ҚР және шетелдердегі клиенттік базаны кеңейту
- Нарық/бәсекелестік позиция мүмкіндіктерін талдау
- Қызметкерлердің тиімділігі мен құзыреттілігін арттыру
- Қаржылық тиімділік
- Жаңа өнімдер мен шешімдерді әзірлеу
- Ішкі процестерді дамыту
- Компаниядағы бизнестің бәсекеге қабілетті бағыттарын дамыту

«ҚР Ішкі істер министрлігі Ақмола облысының полиция департаменті» ММ үшін «Қосшы ауылындағы бейнебақылау жүйесі» жобасы сәтті таныстырылды.

«Ауылдық елді мекендерді талшықты-оптикалық байланыс желілері технологиясы бойынша кеңжолақты қолжетімділікпен қамтамасыз ету» жобасы

«Транстелеком» АҚ цифрлық технологияларды пайдалану есебінен елдің әрбір тұрғынының өмір сүру деңгейін арттыруға бағытталған «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасына белсенді және тікелей қатысады.

Бағдарлама шеңберінде Қоғам талшықты-оптикалық байланыс желілері технологиясы бойынша Қазақстан Республикасының ауылдық елді мекендерін кеңжолақты қолжетімділікпен қамтамасыз ету жөніндегі ауқымды жобаны іске асыруды жалғастыруда, оның нәтижелері бойынша 2020 жылы 429 ауылдық елді мекенде мемлекеттік мекемелерді қосу үшін 6 000 км ТОБЖ құрылысы аяқталды.

Қазіргі уақытта талшықты-оптикалық байланыс желілерін пайдалана отырып, 1 222 әлеуметтік объект (451 мектеп, 371 аурухана, 276 жергілікті әкімшілік, 12 авариялық қызмет, Қазақстан Республикасы Ұлттық қорғаныс министрлігінің 14 объектісі, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің 11 объектісі, полицияның 78 учаскесі, 9 прокуратура) қосылды. Мемлекеттік мекемелерді ТОБЖ-ға қосу Мемлекеттік органдардың электрондық құжат айналымының бірыңғай жүйесіне, сондай-ақ мемлекеттік интернет-порталдарға қол жеткізуге мүмкіндік берді, бұл халыққа қызметтердің үлкен спектрін көрсетуге мүмкіндік берді.

Жобаны әлеуетті қамту 40 мың абонентке дейін. Жобаны іске асырудың жалпы мерзімі 3 жылды құрайды (2018-2020 жылдар).

«ҚР Ауылдық елді мекендердtрін кең жолақты қолжетімділікпен қамтамасыз ету»жобасының қорытындылары



2020 жылы 600 абонент қосылды, 2021 жылы **3 000 абонент** қосылады деп жоспарлануда. Жамбыл, Маңғыстау, Түркістан, Шығыс Қазақстан облыстарында АЕМ-ді қосу бойынша жұмыстар жүргізілуде. Бүгінгі таңда 1 **000-нан астам ауылдық абонент қосылған.** Елді мекендерді барынша қамту мақсатында осы жұмысты шағын және орта бизнес саласындағы әріптестерді тарта отырып жүргізу жоспарлануда, бұл республика өңірлеріне қосымша инвестициялар тартуға және ауылдық жерлерде қосымша жұмыс орындарын құруға мүмкіндік береді.

Ауыл тұрғындарын қосу цифрлық технологияларды пайдалану есебінен халық арасында цифрлық сауаттылықтың өсуіне, технологиялық кәсіпкерліктің дамуына, ауылда өмір сүру сапасының жақсаруына ықпал етеді.

Мобильдік операторлармен жұмыстар жүргізілуде, ҚР ауылдық елді мекендерінде 4G мобильдік КЖҚ өрістету үшін магистральдық желілерді жалға беру үшін жеке тарифтер әзірленуде.

Бұдан басқа, «Қазақстан – Әзірбайжан (TCFO – Trans Caspian Fiber Optic) бағыты бойынша Каспий теңізінің түбі арқылы ТОБЖ салу, иелену және пайдалану» жобасы бойынша жұмыс жүргізілуде. Ұзындығы **380-400 км** теңіз түбімен салынған кабель жобаны іске асырудың 1 жылы ішінде ҚР арқылы **1 Tbps-ке дейін** трафик алуға мүмкіндік береді. Жобаны техникалық іске асырудың басталуы – 2021 жылдың көктемі. TCFO Қазақстанның телекоммуникация саласындағы транзиттік әлеуетін іске асыруға мүмкіндік береді, телекоммуникациялық қызметтерді сату көлемін арттырады, жобаны салу кезінде де, одан әрі пайдалану кезінде де қосымша жұмыс орындарын құрады.

Қоғам жобалары

TTC TV қызметі

2020 жылдың 1 желтоқсанынан бастап TTC TV қызметін көрсету Қоғамның Қазақстандағы теле-, радиохабар тарату операторымен – «TV Commerce» ЖШС ынтымақтастығы арқылы ұйымдастырылды.

TTC TV – қызмет провайдері немесе оның дистрибьюторы ұсынатын TV плеер арқылы, сондай-ақ Smart TV, IOS, Android құрылғыларына арналған мобильді қолданбалар арқылы қолжетімді цифрлық телевизия қызметі.

Осы қызметті іске асырудың мақсаты:
01. Клиенттік базаны ұлғайту.
02. Қоғам ұсынатын қызметтер спектрін кеңейту.
03. Ең озық жергілікті және жаһандық өнімдермен бәсекелесу.

Цифрлық телевизия нарығында Қоғамның AlmaTV, Қазақтелеком сияқты бірнеше бәсекелестері бар екенін ескере отырып, Қоғамның B2C сегментіне бәсекелестердің алдында артықшылық беретін OTT тіркемесі ұсынылды, мысалы:
01. Пайдаланушы интерфейсі.
02. Қашықтан бақылау.
03. Кәдімгі телевизияны Smart TV-ге түрлендіру.
04. Тіркемені ҚР кез келген нүктесінде кез келген провайдерден қосу.
05. 7 күнге дейін TV-мұрағат.
06. Ыңғайлы каталог– фильмдер, жанрлар мен рейтингтері бойынша бағдарламаларды іздеу.
07. Профильдер, таңдаулылар және отбасының әр мүшесі үшін көрілген фильмдер тарихы.
08. Кідіріс, айналдыру және кейінге қалдырып көру.

Осы қызметті B2C сегментінде қосқан сәттен бастап клиенттік базаның өсуі және TTC TV қызметімен жаңа тарифтік жоспарларға қажеттіліктің артуы байқалады.

OTT пайдаланатын абоненттердің санының өсуі

Желтоқсан,2020	7 622
Желтоқсан,2019	421
Қараша, 2019	15

Бірыңғай анықтамалық-ақпараттық орталық (бұдан әрі – БААО)

Орталық халыққа еліміздің теміржол вокзалдарында ақпараттық-анықтамалық қызметтердің кең спектрін ұсынады.

01.01.2020–31.12.2020 жылдар аралығында анықтама қызметіне тіркелген байланыс абоненттерінен барлығы

739 150 келіп түсті

94,80% 700 110 қызмет көрсетілгендер

5,20% 38 421 қызмет көрсетілмегендер

Өткен жылдың ұқсас кезеңінде

1 526 587 келіп түсті

97,19% 1 483 673 қызмет көрсетілгендер

2,81% 42 914 қызмет көрсетілмегендер

2019 жылмен салыстырғанда 2020 жылы тіркелген байланыс абоненттерінің анықтамалық қызметке сұрауларының төмендеуі байқалады. Бұл құлдырау тіркелген байланыс абоненттері байланыстың бұл түрін сирек қолдана бастағанына байланысты.

«Транстелеком» АҚ-да «Фискалдық деректер операторы қызметін енгізу»

ҚР Премьер-Министрінің бірінші орынбасары – ҚР Қаржы министрінің (бұдан әрі – Қаржымині) 19.04.2019 жылғы № 363 бұйрығымен «Транстелеком» АҚ 2019 жылғы 31 тамызда коммерциялық ортаға жүзеге асырылған ФДО қызметін іске қосатын фискалдық деректер операторы (бұдан әрі – ФДО) болып айқындалды.

ФДО қызметін көрсету кірісті арттырады және Қоғамға нарық пен қызметтердің жаңа сегментіне шығуға мүмкіндік береді.

БКМ-ФДО-МКК өзара іс-қимылының тұжырымдамалық схемасы



Институт ретінде ФДО бөлшек сауда саласында көлеңкелі экономика деңгейін төмендету, ҚР-да бақылау-касса машиналарын (бұдан әрі – БКМ) қолданудың қолданыстағы жүйесін жаңғырту мақсатында, сондай-ақ қолма-қол ақша операцияларының мониторингі мен талдауын жақсарту үшін енгізілді. ФДО институтын енгізу мемлекеттік жоба болып табылады және осы жобаға тапсырыс беруші ҚР Салық кодексіне сәйкес ҚР Қаржымині болып табылады.

ФДО ақпараттық жүйесі әрбір БКМ фискалдық белгісі бар қолма-қол ақшалай есеп айырысулар туралы ақпаратты қабылдайды, жүйелейді, жинақтайды және өзгеріссіз түрде сақтайды және осы деректерді ҚР ҚаржыМині Мемлекеттік кірістер комитетінің (бұдан әрі – МКК) жүйесіне береді.

ФДО қызметі толығымен автоматтандырылған және оған қосылу www.OFD1.kz веб-порталы арқылы жүзеге асырылады. ФДО қызметі іске қосылған сәттен бастап қазіргі уақытқа дейін Қоғам ФДО қызметіне ай сайынғы абоненттік төлемнің құнын ҚҚС-ты ескере отырып, 1 400 теңге мөлшерінде белгіледі.

Бүгінгі таңда ФДО қызметі коммерциялық пайдалануға сәтті енгізілді және 2020 жылдың қорытындысы бойынша ФДО қызметінен түсетін кірістер жоспары 11%-ға асыра орындалды:

тіркелген БКМ саны шамамен 13 есеге (немесе 1 200%-ға) артып

135 342
БІРЛІКТІ ҚҰРАДЫ

тіркелген клиенттер саны 5,9 еседен астам өсіп (немесе 392%-ға)

135 635
ҰЙЫМДЫ ҚҰРАДЫ

ФДО қызметтері бойынша кірістер ҚҚС-ты ескере отырып

387
МЛН ТЕҢГЕДЕН АСТЫ

бұл 2019 жылғы көрсеткіштерден 120 есе жоғары

20
ҚЫЗМЕТКЕРІ

«SMAX» атты жаңа ITSM жүйесін енгізу аясында оқытудан өтті

«ҚазТрансГаз» АҚ ақпаратты жинау және газды есепке алудың автоматтандырылған жүйесін диспетчерлендірудің III, IV және V кезеңдері бойынша кешенді жұмыстар

«ҚазТрансГаз» АҚ ақпарат жинау және газды есепке алудың автоматтандырылған жүйесін (SCADA-жүйе) диспетчерлендірудің III, IV және V кезеңдері бойынша кешенді жұмыстар» жобасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 12 желтоқсандағы № 827 қаулысымен бекітілген «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасына енгізілген.

SCADA-жүйе – бұл нақты уақыт режимінде бақылау мен басқару процесін автоматтандыру үшін бағдарламалық жасақтаманы құруды қамтамасыз ететін аспаптық бағдарлама. SCADA көмегімен жасалған бағдарламаның негізгі мақсаты – процесті басқаратын операторға осы процесс туралы толық ақпарат және оған әсер ету үшін қажетті құралдар беру.

«Service Management Automation X» жобасы

2020 жылы «Транстелеком» АҚ-да IT-қызметтерді басқару үшін жаңа бағдарламалық жасақтамаға көшу және IT процестерінің реинжинирингін жүргізу туралы шешім қабылданды. Конкурстық рәсімдердің нәтижелері бойынша Micro Focus компаниясынан «Service Management Automation X» (SMAX АЖ) ақпараттық жүйесін сатып алу туралы шешім қабылданды.

SMAX АЖ – бұл IT-қызметті басқарудың және пайдаланушыларға IT-сервистерді ұсыну процестерін автоматтандырудың кешенді жүйесі. Шешім ITSM-тәсілге және ITIL-дің озық тәжірибесі кітапханасының ұсынымдарын қолдауға толық сәйкес келді.

Micro Focus өнімдерінің портфелі гибридті IT-инфрақұрылымын құруға, қолданбаларды әзірлеу мен тестілеуден бастап қызметтер каталогын, инциденттерді, тәуекелдерді басқаруға, болжамды аналитика деректерін қалыптастыруға дейінгі барлық бизнес-процестерді автоматтандыруға мүмкіндік беретін бағдарламалық жасақтаманың кең спектрін қамтиды. Компания шешімдерінің негізгі пайдаланушылары ірі корпоративтік тапсырыс берушілер: банктер, авиақұрылыс концерндері, автомобиль өндірушілер, мемлекеттік органдар мен ұйымдар болып табылады. Корпорация 15 000-нан астам клиенттің шешімдерін жеткізеді, оның ішінде Fortune 100 тізімінен 98 компанияға.

SMAX АЖ-ны сәтті енгізу қызмет көрсетуге сұрауларды, инциденттерді, проблемаларды, конфигурацияларды, өзгерістерді, білімді, қызмет деңгейі туралы келісімді және қызметтер каталогын басқару процестерін автоматтандыруға мүмкіндік берді. Бүгінгі таңда құрылған SMAX АЖ жүйесінде бірінші қолдау желісінің 60-тан астам маманы және екінші қолдау желісінің 600-ге жуық маманы жұмыс істейді. Жобаны іске асыру барысында Zabbix мониторинг жүйесімен, Unify Open Scape конвергентті коммуникациялық жүйесімен, Active directory және басқа да сыртқы жүйелермен интеграция жүргізілді, сондай-ақ «Транстелеком» АҚ ішкі клиенттері мен клиенттері үшін өзіне-өзі қызмет көрсету порталы құрылды.

«SMAX» жаңа ITSM-жүйесін енгізу шеңберінде «Транстелеком» АҚ қызметкерлері арасында оқыту жүргізілді. Оқуды аяқтағаннан кейін «Транстелеком» АҚ-ның 20 қызметкері сертификат алды, енді «Транстелеком» АҚ «SMAX» жүйесінің қызметтерін алатын басқа компанияларға техникалық қолдау көрсете алады.

Қоғамның 2020 жылғы ірі және стратегиялық маңызды жобалары

SAP құзыреттілік орталығы

2019 жылы Қоғамда ҚР аумағындағы ең ірі SAP құзырет орталығының бірі құрылды және қазіргі уақытта табысты жұмыс істейді, оның құрамына бизнестің әртүрлі салаларында SAP жүйелерін енгізу және сүйемелдеу тәжірибесі бар 50-ден астам жетекші қазақстандық мамандар кірді, олардың 60%-дан астамы төменде көрсетілген блоктарда SAP сертификатталған мамандар болып табылады:

- «Қаржы және есеп» блогы (Модульдер: Fi, AA, CO, TR);
- «Логистика« блогы (Модульдер: MM, SD, PM, PS, PP, CRM, TM);
- «Аналитикалық жүйелер» блогы (Модульдер: BW, BPC);
- «Қаржылық есептілікті шоғырландыру» блогы (Модульдер: BI, FC);
- «Кадрлық есеп» блогы (HCM (HR) жүйесі);
- «Бағдарламалау» блогы (ABAP бағдарламалау);
- «Жүйелік әкімшілендіру» блогы (BC-әкімшілендіру, SolMan).

2020 жылы Қоғам SAP саласындағы озық бағыттарға сәйкес мамандарды даярлау мен сертификаттауға баса назар аударды, атап айтқанда SAP құзыреттілік орталығының мамандары SAP S/4HANA сертификаттауынан SAP барлық негізгі функционалдық бағыттары бойынша өтті.

Сонымен қатар, SAP құзыреттілік орталығы SAP S/4HANA (дайын қорапты шешім) негізінде өзінің акселераторын жасады. Осы акселераторды әзірлеу кезінде Қазақстан Республикасының нарығына оңай бейімделетін үздік әлемдік тәжірибелер ескерілді.

Есепті жылы Қоғам «Самұрық-Қазына» қорының Бизнесті трансформациялау бағдарламасы шеңберінде бастамашылық жасалған бірқатар жобаларды табысты іске асырды. Соның ішінде, жұмыс нәтижелері бойынша SAP жобасының жетекшісі ретінде Қоғамға **«ҚТЖ» ҰК» АҚ-да SAP жүйелерін SAP HANA жаңа платформасына көшіру» жобасын табысты іске асырғаны үшін алғыс хат жолданды.**

ДӨО құрылысы

«Сервис ретінде ДӨО инфрақұрылымын ұсыну үшін «Транстелеком» АҚ инфрақұрылымын дамыту» жобасында әлеуетті клиенттер үшін бұлтты сервистерді ұсынудан жалға алу пайдасын одан әрі алу үшін Қазақстан Республикасының ірі қалаларында Деректерді өңдеу орталықтарын салу көзделеді.

Қызметті ұсыну көрсетілетін қызметтер спектрін кеңейтуге және «Транстелеком» АҚ кірістерінің ұлғаюына әкеледі. Бұл қызмет қолжетімділік пен сапаның жоғары деңгейін қамтамасыз етеді, ал бұл басқа жобалар бойынша бұлтты сервистерге қолжетімділікті қамтамасыз етеді.

Телеграф байланысы

Қоғамдағы корпоративтік басқару туралы жалпы ақпарат

Қоғам барлық акционерлердің тең құқықтарын қамтамасыз етеді және корпоративтік басқару жүйесін үздіксіз жетілдіріп отырады.

Қоғамның Директорлар кеңесі мен атқарушы органы акционерлердің, инвесторлардың және менеджменттің мүдделерінің теңгерімін сақтай отырып, Қоғамның табысты дамуын қамтамасыз етуге арналған тиімді корпоративтік басқаруды құрады.

Корпоративтік басқарудың негізгі қағидаттары

«Транстелеком» АҚ акционерлерінің жалпы жиналысының 2016 жылғы 04 тамыздағы шешімімен (№ 1 хаттама) бекітілген Қоғамның корпоративтік басқару кодексіне сәйкес (бұдан әрі – Кодекс) Қоғамдағы корпоративтік басқару акционерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау және құрметтеу қағидатына негізделген және Қоғамның тиімді қызметіне, оның ішінде Қоғам активтерінің өсуіне және Қоғамның қаржылық тұрақтылығы мен табыстылығын қолдауға септігін тигізеді.

Кодекстің негіз қалаушы қағидаттары:
- акционерлердің құқықтары мен мүдделерін қорғау қағидаты;
- Қоғамның Директорлар кеңесі мен Басқарманы тиімді басқару қағидаты;
- Қоғамның дербес қызметінің қағидаты;
- Қоғам қызметі туралы ақпаратты ашудың ашықтығы мен объективтілігі қағидаты;
- заңдылық пен этика қағидаттары;
- дивидендтік саясат тиімділігінің қағидаттары;
- тиімді кадр саясатының қағидаттары;
- қоршаған ортаны қорғау қағидаты;
- корпоративтік жанжалдар мен мүдделер қақтығысын реттеу саясаты;
- жауапкершілік қағидаты.

Қоғамда заң бұзушылықтар туралы мәліметтерді жинау және құпия қарау тетігі қолданылады. Жедел желі «Транстелеком» АҚ қызметкерлері тарапынан сыбайлас жемқорлық, алаяқтық, кемсітушілік, сондай-ақ ҚР заңнамасының нормаларын өзге де бұзу фактілері туралы құпия түрде мәлімдеуге мүмкіндік береді.

Осылайша, Қоғам корпоративтік басқарудың халықаралық стандарттарына толық сәйкес әрекет етеді, бұл акционерлерге менеджмент қызметін тиімді бақылау және мониторингілеу мүмкіндігін береді және инвестициялық тартымдылықты арттыруға ықпал етеді.

Ірі мәмілелер және жасалуында мүдделілік бар мәмілелер

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 64-бабы 1-тармағының 1, 4, 5-тармақшаларына сәйкес «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – «ҚТЖ» ҰК» АҚ) және оның еншілес ұйымдары Қоғамның үлестес тұлғалары болып табылады.

Заңның 53-бабының 19-тармақшасына, сондай-ақ Қоғам Жарғысының 24-тармағының 26-тармақшасына сәйкес, жасалуы туралы шешімді Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы қабылдайтын ірі мәмілелерді қоспағанда, Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес жасалуында Қоғамның мүдделілігі бар мәмілелер жасасу туралы шешім қабылдау Директорлар кеңесінің ерекше құзыретіне жатады.

Заңның 71-бабына сәйкес Қоғамның үлестес тұлғалары, егер олар:

01. мәміле жасаушы тарап болса немесе оған өкіл немесе делдал ретінде қатысса
02. мәміле жасаушы тарап болып табылатын немесе оған өкіл немесе делдал ретінде қатысатын заңды тұлғаның үлестес тұлғалары болса, қоғамның мәміле жасасуына мүдделі тұлғалары деп танылады.

Сонымен қатар есепті жылы Қоғаммен жасалуында мүдделілік бар үлестес тұлғалармен 86 мәміле жасалды.

Сондай-ақ, Қоғам 2020 жылғы 29 қаңтарға дейін «Самұрық-Қазына» АҚ компаниялар тобының құрамына кіргенін және ерекше жағдайларға ұшырағанын атап өтеміз. Мәселен, «Самұрық-Қазына» АҚ тобына кіретін, жасалуына қатысты «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының заңында ерекше шарттар белгіленген ұйымдар арасында мәмілелер жасасу қағидаларының 10-тармағына сәйкес тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу шеңберінде жасалуына мүдделілік бар мәмілелер бойынша корпоративтік шешім қабылдау талап етілмеді.

Есепті кезеңде Қоғаммен 2 ірі мәміле жасалды: 2020 жылғы 29 маусымдағы № 5/2020 ДК хаттамасы және 2020 жылғы 20 қаңтардағы № 13 АОК хаттамасы.

Қоғамның корпоративтік басқару құрылымы

Корпоративтік басқару бизнестің тұрақты дамуын қамтамасыз етудің негізгі факторы және басқарушылық және инвестициялық шешімдер қабылдау кезінде маңызды критерийлердің бірі болып табылады. Сапалы және тиімді корпоративтік басқару ұйымдардың қаржы-шаруашылық қызметінің тиімділігін арттыруға ықпал етеді, тәуекелдерді тиімді басқаруды және ішкі бақылаудың сенімді жүйесін қамтамасыз етеді.

Қоғам корпоративтік басқару жүйесін жетілдіруге және акционерлердің мүдделерін сақтауға елеулі көңіл бөледі.

Қоғамның корпоративтік басқару жүйесі



Акционерлердің жалпы жиналысы

Акционерлердің жалпы жиналысы Қоғамның жоғары басқару органы болып табылады. Қоғамның Жарғысына және ҚР заңнамасының қолданыстағы нормаларына сәйкес акционерлердің қатысуы бірқатар маңызды корпоративтік шешімдерді қабылдау үшін талап етіледі.

Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу тәртібі «Акционерлердің жалпы жиналысы туралы ережеде» баяндалған, онымен www.ttc.kz мекенжайы бойынша Қоғамның веб-сайтында танысуға болады.

Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы қаржы жылы аяқталғаннан кейін бес айдан кешіктірілмейтін мерзімде өткізіледі. Есепті кезеңде Қоғам қызметінің аудитін аяқтау мүмкін болмаған жағдайда көрсетілген мерзім үш айға дейін ұзартылған болып есептеледі.

2020 жылы Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы 2020 жылғы 29 шілдеде өткізілді. 2020 жылы Акционерлердің жалпы жиналысының 5 отырысы өткізілді.

Қоғамның Директорлар кеңесінің есебі

Директорлар кеңесінің қызметін ұйымдастыру

Директорлар кеңесі Қоғамның акционерлерінің жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешуді қоспағанда, Қоғамның қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады. Директорлар кеңесі корпоративтік басқару жүйесін қалыптастыру мен дамытуда негізгі рөл атқарады, акционерлердің құқықтарын қорғауды және іске асыруды қамтамасыз етеді, атқарушы органның қызметіне бақылауды жүзеге асырады.

Директорлар кеңесін құру тәртібі, оның құзыреті, Директорлар кеңесінің отырыстарын шақыру және өткізу тәртібі Жарғыда және Қоғамның Директорлар кеңесі туралы ережеде айқындалған («Транстелеком» АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысының 2016 жылғы 4 тамыздағы шешімімен бекітілген, кейіннен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген).

Қоғамның Директорлар кеңесінің жұмысы бекітілген жылдық жұмыс жоспарлары негізінде жүзеге асырылады. 2020 жылы Қоғамның Директорлар кеңесінің 12 отырысы өткізілді, оның ішінде: 12 – күндізгі, 0 – сырттай дауыс беру нысанында.

2020 жылы Директорлар кеңесінде бетпе-бет отырыстар барысында 88 мәселе қаралды, оның ішінде 73 мәселе Директорлар кеңесі комитеттерінің қарауына алдын ала ұсынылды.

Директорлар кеңесінің құзыретіне, атап айтқанда, мыналар жатады, бірақ олармен шектелмейді:

- қызметтің басым бағыттарын және Қоғамның даму стратегиясын анықтау;
- Қоғамның ішкі бақылау жүйесінің, тәуекелдерді басқару жүйесінің сақталуын қамтамасыз ету және тиімділігін бағалау;
- атқарушы органның сандық құрамын, өкілеттік мерзімін анықтау, сондай-ақ Ішкі аудит қызметінің басшысы және Корпоративтік хатшы лауазымына тағайындау туралы шешім қабылдау;
- Акционерлердің жылдық және кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру, сондай-ақ Акционерлердің жалпы жиналысына шығарылатын мәселелерді алдын ала қарау;
- Қоғамның даму жоспарын бекіту және оның іске асырылуына мониторинг жүргізу;
- Қоғамның орталық аппараты қызметкерлерінің жалпы саны мен құрылымын бекіту;
- Қоғам Төрағасының, Басқарма мүшелерінің, Ішкі аудит қызметі басшысының және Корпоративтік хатшының уәждемелік карталарын және қызметтің негізгі көрсеткіштерінің паспорттарын бекіту;
- Қоғамның акционерлерінің жалпы жиналысы мен атқарушы органдарының құзыретіне жатқызылған ішкі құжаттарды қоспағанда, Қоғамның ішкі құжаттарын бекіту;

Қоғамның Директорлар кеңесі 7 (жеті) директордан тұрады. Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелерін Акционерлердің жалпы жиналысы сайлайды.

Директорлар кеңесінің құрамы

2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Директорлар кеңесі жеті мүшеден: акционерлер тағайындайтын төрт мүшеден, сондай-ақ үш тәуелсіз директордан тұрады:

Директорлар кеңесінің мүшесі	Сайланған күні	Мәртебесі
Әлиев Нұрәлі Рахатұлы – Төраға	2019 жылғы 15 қараша	Акционердің өкілі
Надыров Жанболат Орақұлы	2020 жылғы 3 тамыз	Акционердің өкілі
Амрин Салмен Габдоллинович	2019 жылғы 15 қараша	Акционердің өкілі
Покупателев Дмитрий Александрович	2020 жылғы 6 ақпан	Акционердің өкілі
Досмұқаметов Қанат Мұхаметкәрімұлы	2019 жылғы 15 қараша	Тәуелсіз директор
Исекешев Ерлан Өрентайұлы	2019 жылғы 15 қараша	Тәуелсіз директор
Өтемұрат Берік Мұстайұлы	2020 жылғы 6 ақпан	Тәуелсіз директор

2020 жылғы Директорлар кеңесінің құрамындағы өзгерістер:

- 2020 жылғы 6 ақпанда Директорлар кеңесінің құрамынан Бармамбеков Бауыржан Амангелдіұлы, Селиканов Арыстан Каирбекович және Хекстер Давид Ричард шықты.
- 2020 жылғы 6 ақпанда Директорлар кеңесінің құрамына: Покупателев Дмитрий Александрович, Өтемұрат Берік Мұстайұлы және Рахул Гупта кірді.
- 2020 жылғы 3 тамызда Директорлар кеңесінің құрамынан Рахул Гупта шықты.
- 2020 жылғы 3 тамызда Директорлар кеңесінің құрамына Надыров Жанболат Орақұлы кірді.

Қоғам Директорлар кеңесінің құрамын мүшелер саны, құзыреттер деңгейі, акционерлер мүдделерінің білдірілуі бойынша оңтайлы және тәуелсіз директорлар үлесі бойынша теңгерімді деп санайды. Тәуелсіз директорлардың үлкен үлесі (43%) мәселелерді қарау кезінде объективтілікті қамтамасыз етеді, пайымдаулардың тәуелсіздігі Директорлар кеңесі жұмысының тиімділігін арттырады, сондай-ақ жалпы Қоғамды корпоративтік басқару жүйесін жетілдіруге ықпал етеді.

Директорлар, Басқарма төрағасы және Директорлар кеңесі комитеттері мүшелерінің тәуелсіздігін іріктеу критерийлері

Тәуелсіз директорлар Директорлар кеңесінің өз функцияларын тиімді жүзеге асыруында, әсіресе Қоғамның даму стратегиясын әзірлеуге байланысты, сондай-ақ акционерлердің мүдделерін қорғауға бағытталған мәселелерде маңызды рөл атқарады.

Акционерлердің жалпы жиналысы кандидаттардың құзыреттерін, дағдыларын, жетістіктерін, іскерлік беделі мен кәсіби тәжірибесін ескере отырып, Қоғамның Директорлар кеңесі туралы ережеде бекітілген айқын және ашық рәсімдер негізінде Директорлар кеңесінің мүшелерін – тәуелсіз директорларды сайлайды.

Қоғамның Директорлар кеңесінде есепті жылдың соңында Директорлар кеңесінің жеті мүшесінің үшеуі тәуелсіз болды – шешім қабылдау процесіне айтарлықтай әсер ету үшін жеткілікті мөлшер.

Директорлар кеңесі Комитеттердің құрамында мүшелердің көпшілігі тәуелсіз директорлар болуы тиіс деп есептейді, осылайша 2019 жылы Қоғамның Директорлар кеңесі Аудит жөніндегі комитеттің және Кадрлар мен сыйақылар жөніндегі комитеттің құрамын бекітті, олар 100% тәуелсіз директорлардан тұрады.

Қоғамның тәуелсіз директорлары есепті кезеңде «Акционерлік қоғамдар туралы» ҚР Заңының 1-бабында көзделген тәуелсіздік өлшемдеріне толық сәйкес келді:

- Қоғамның үлестес тұлғасы болып табылмайды және Директорлар кеңесіне сайланар алдындағы үш жыл ішінде үлестес тұлға болып табылмады (осы АҚ-ның Тәуелсіз директоры лауазымында болған жағдайды қоспағанда);
- Қоғамның үлестес тұлғаларына қатысты үлестес тұлға болып табылмайды;
- Қоғамның лауазымды тұлғаларына немесе ұйымдардың – Қоғамның үлестес тұлғаларының бағыныстылығымен байланысты емес және Директорлар кеңесіне сайланар алдындағы үш жыл ішінде осы тұлғалармен бағыныстылықпен байланысты болған жоқ;
- мемлекеттік қызметшілер болып табылмайды;
- осы АҚ органдарының отырыстарында акционердің өкілдері болып табылмайды және Директорлар кеңесіне сайланар алдындағы үш жыл ішінде өкілі болған жоқ;
- олар Қоғам аудитіне аудиторлық ұйымның құрамында жұмыс істейтін аудитор ретінде қатыспады және Директорлар кеңесіне сайланар алдындағы үш жыл ішінде мұндай аудитке қатыспады.

Директорлар кеңесі туралы ережеде Қоғамның тәуелсіз директорлары да сәйкес келетін тәуелсіз директор лауазымына үміткерлерге қосымша талаптар белгіленген:

- тәуелсіз директордың функционалдық міндеттеріне, Директорлар кеңесінің Комитеттеріне мүшелікке байланысты белгілі бір салаларда арнайы дағдыларға ие болу;
- Қоғаммен операциялардың көлемі мен сипаты бойынша ұқсас ұйымға тән негізгі мәселелер туралы жалпы ақпаратты иеленуге, оның ішінде: ұлттық және халықаралық нарықтардағы реттеушілік міндеттемелер, бәсекелес орта, корпоративтік қаржы, аудит және ішкі бақылау саласындағы ерекшеліктер, Қоғамның Директорлар кеңесінің тиісті комитетіне мүше болған кезде сараптамалық пікірді қамтамасыз ету үшін стратегия және/немесе тағайындау және/немесе сыйақы мәселелері бойынша түсінік көрсетуге тиіс;
- іскерлік және/немесе салалық ортада мінсіз беделге/оң жетістіктерге ие болуы, жоғары этикалық нормаларды сақтауы тиіс. Кандидаттың өмірбаянында экономикалық қызмет саласында қылмыс, сондай-ақ кәсіпкерлік қызметте әкімшілік құқық бұзушылық жасау фактілері жоқ.
- Директорлар кеңесінің жұмысына тек Директорлар кеңесінің отырыстары кезінде ғана емес, сондай-ақ Директорлар кеңесінің отырыстарына материалдарды тиісінше зерделеу үшін де қатысу үшін жеткілікті уақыты болуы тиіс.

Басқарма Төрағасы үшін тәуелсіздікті іріктеу өлшемдері заңнамада және Қоғамның ішкі құжаттарында көзделмеген.

Директорлар кеңесі мүшелеріне сыйақы беру туралы ақпарат

Қоғамның акционерлерінің жалпы жиналысының шешімдеріне сәйкес Директорлар кеңесінің мүшелеріне олардың өз міндеттерін орындау кезеңінде сыйақы төленеді және Директорлар кеңесінің мүшесі ретінде олардың функцияларын атқаруына байланысты шығыстар өтеледі.

Директорлар кеңесінің мүшелеріне Директорлар кеңесі мүшесінің тұрақты тұратын жерінен тыс өткізілетін Директорлар кеңесінің және Қоғамның Директорлар кеңесі комитеттерінің отырыстарына баруға байланысты шығыстар (жол жүру, тұру, тәуліктік ақы) өтеледі.

Директорлар кеңесінің, оның Комитеттерінің, Директорлар кеңесінің, Басқарманың, Ішкі аудит қызметінің жекелеген мүшелерінің және оның басшысының қызметін бағалау

2020 жылы «Транстелеком» АҚ Директорлар кеңесінің және оның Комитеттерінің 2019 жылғы қызметін бағалау жүргізілген жоқ, өйткені 2019 жыл ішінде Директорлар кеңесінің құрамы бірнеше рет өзгерді; сондай-ақ 2019 жылғы 7 тамыз бен 15 қараша аралығындағы кезеңде Қоғамда Директорлар кеңесінің құрамы сайланбады.

Қоғам басқармасының қызметін бағалау мақсатында Директорлар кеңесі 2017 жылғы 25 қыркүйекте «Транстелеком» АҚ басшы қызметкерлерінің қызметін бағалау және оларға сыйақы төлеу қағидаларын бекітті. Жоғарыда көрсетілген Қағидалар негізінде 2020 жылғы 31 қаңтарда «Транстелеком» АҚ Басқарма Төрағасы мен мүшелерінің 2020 жылға арналған уәждемелік карталары бекітілді; 2020 жылғы 7 қазанда 2020 жылғы жұмыс қорытындылары бойынша «Транстелеком» АҚ Басқарма төрағасы мен мүшелерінің нақты мәндері бар уәждемелік карталар бекітілді.

Ішкі аудит қызметі басшысының қызметін бағалау Қоғамның Директорлар кеңесінің 2017 жылғы 12 желтоқсандағы шешімімен бекітілген «Транстелеком» АҚ Ішкі аудит қызметі басшысының қызметін бағалау және сыйақы төлеу қағидалары негізінде жүзеге асырылады. 2020 жылғы 2 қазанда «Транстелеком» АҚ Ішкі аудит қызметі басшысының 2019 жылға арналған ҚНК уәждемелік картасы бекітілді, 2020 жылғы 15 маусымда «Транстелеком» АҚ Ішкі аудит қызметі басшысының 2018 жылғы жұмыс қорытындылары бойынша іс жүзіндегі мәндері бар қызметтің негізгі көрсеткіштерінің уәждемелік картасы бекітілді.

Директорлар кеңесі мүшелерінің отырыстар саны және отырыстарға қатысуы

Қоғамның Директорлар кеңесінің жұмысы бекітілген жылдық жұмыс жоспарлары негізінде жүзеге асырылады. 2020 жылы барлығы Компанияның Директорлар кеңесінің 12 отырысы өткізілді, оның ішінде: 12 – күндізгі нысанда, 0 – сырттай дауыс беру нысанында. Директорлар кеңесінің көрсетілген бетпе-бет отырыстары барысында 88 шешім қабылданды.

Төменде Директорлар кеңесі отырыстарының статистикасын және оларда соңғы 3 жылда қаралған мәселелерді көрсетуге мүмкіндік беретін кесте берілген:

ДК отырыстары туралы ақпарат



2020 жылы Директорлар кеңесі мүшелерінің Қоғамның Директорлар кеңесінің отырыстарына қатысуы туралы ақпарат

ТАӘ	Отырыстарға қатысу көрсеткіші, тағайындалған күннен бастап	%	Есепті кезеңде Директорлар кеңесі құрамында болу кезеңі
Әлиев Нұрәлі Рахатұлы	12-ден 12	100	01.01.20-31.12.20
Надыров Жанболат Орақұлы	6-дан 6	100	03.08.20-31.12.20
Амрин Салмен Габдоллинович	12-ден 11	92	01.01.20-31.12.20
Покупателев Дмитрий Александрович	11-ден 11	100	06.02.20-31.12.20
Досмұқаметов Қанат Мұхаметкәрімұлы	12-ден 11	92	01.01.20-31.12.20
Исекешев Ерлан Өрентайұлы	12-ден 12	100	01.01.20-31.12.20
Өтемұрат Берік Мұстайұлы	11-ден 11	100	06.02.20-31.12.20
Рахул Гупта	6-дан 0	0	06.02.20-03.08.20

Директорлар кеңесі 2020 жылы қарағаны негізгі мәселелер

Есепті кезеңде Директорлар кеңесінің отырыстарында оның құзыретіне кіретін қызметтің стратегиялық және ағымдағы мәселелері қаралды. Мәселелер тізбесі және олар бойынша шешімдер Директорлар кеңесі отырыстарының тиісті хаттамаларында және шешімдерінде көрсетілген.

Есепті кезеңде Директорлар кеңесі келесі бағыттарды реттейтін бірқатар негізгі мәселелерді қарады:

Қаржы-шаруашылық қызмет

- «Транстелеком» АҚ жылдық қаржылық есептілігін алдын ала бекіту туралы;
- «Транстелеком» АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысына 2019 жылғы «Транстелеком» АҚ таза табысын бөлу тәртібі және «Транстелеком» АҚ бір жай акциясына шаққандағы дивиденд мөлшері туралы ұсыныстар беру туралы;
- «Транстелеком» АҚ-ның 2021 жылға арналған бюджетін бекіту туралы;
- ірі мәмілелер және жасалуында Қоғамның мүдделілігі бар мәмілелер жасасу туралы.

Стратегиялық даму

- «Транстелеком» АҚ Даму стратегиясын іске асыру барысы туралы;
- «Транстелеком» АҚ орталық аппараты қызметкерлерінің жалпы санын және құрылымын бекіту туралы;
- 2019-2020 жылдарға арналған «Транстелеком» АҚ бюджетінің атқарылуы жөніндегі есептерді қарау туралы.

Корпоративтік басқару

- Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының жылдық және кезектен тыс отырыстарын өткізуге дайындық шеңберінде шешім қабылдау туралы;
- «Транстелеком» АҚ Директорлар кеңесінің және дДректорлар кеңесі Комитеттерінің 2019 жылғы жұмысы туралы есептерді мақұлдау туралы;
- «Транстелеком» АҚ Директорлар кеңесі Комитеттерінің төрағалары мен мүшелерін сайлау туралы;
- «Транстелеком» АҚ Директорлар кеңесінің 2021 жылға арналған жұмыс жоспарын бекіту туралы;
- «Транстелеком» АҚ Директорлар кеңесі тапсырмаларының орындалуы туралы есептерді тыңдау.

Ішкі аудит

- «Транстелеком» АҚ Ішкі аудит қызметінің 2021 жылға арналған аудиторлық жоспарын бекіту туралы;
- Директорлар кеңесі тоқсан сайынғы негізде Ішкі аудит қызметінің есептерін тыңдайды.

Тұрақты даму саласында

- «Транстелеком» АҚ Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» мәселені алдын ала қарау және мақұлдау;
- «Транстелеком» АҚ Басқарма төрағасының, Басқарма мүшелерінің, корпоративтік хатшының және Ішкі аудит қызметі қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу қағидаларын бекіту туралы;
- «Транстелеком» АҚ-ның заңды тұлға құруға қатысуы туралы;
- жаңа редакциядағы «Транстелеком» АҚ басшылық лауазымдарына қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы;
- тоқсан сайынғы негізде Қоғамның тәуекелдері бойынша есептер қаралды.

Директорлар кеңесі Комитеттерінің 2020 жылғы қызметі

Директорлар кеңесі қабылдайтын шешімдердің тиімділігін арттыру мақсатында «Транстелеком» АҚ-да Директорлар кеңесінің үш Комитеті жұмыс істейді, олар ең маңызды мәселелерді егжей-тегжейлі алдын ала қараумен және тиісті ұсынымдар дайындаумен айналысады:

- Аудит жөніндегі комитет
- Кадрлар және сыйақылар жөніндегі комитет
- Стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитет.

Директорлар кеңесі жанындағы Комитеттер туралы ережелерге сәйкес Комитеттердің әрқайсысы Директорлар кеңесіне жыл сайынғы негізде атқарылған жұмыс туралы есеп береді.

Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитетінің 2020 жылғы қызметі

«Транстелеком» АҚ Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитеті (бұдан әрі – Комитет) өз қызметін Қоғамның Директорлар Ккеңесінің 2017 жылғы 17 наурыздағы шешімімен бекітілген «Транстелеком» АҚ Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитеті туралы ережеге сәйкес жүзеге асырады. Комитет Директорлар кеңесінің құзыретіне кіретін мәселелерді терең және мұқият қарауға және қабылданатын шешімдердің сапасын арттыруға ықпал етеді.

Қоғамның Жарғысына сәйкес Директорлар кеңесі комитеттерін құру, олар туралы ережелерді бекіту, сондай-ақ Комитеттердің төрағалары мен мүшелерін сайлау Қоғамның Директорлар кеңесінің құзыретіне жатады. 2019 жылғы 4 желтоқсаннан бастап 2020 жылғы 6 ақпанға дейін Комитет төрағасы қызметін тәуелсіз директор Хекстер Дэвид Ричард атқарды, 2020 жылғы 27 сәуірден бастап Қоғамның тәуелсіз директоры Өтемұрат Берік сайланды, бұл Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына, сондай-ақ корпоративтік басқарудың үздік халықаралық практикасына жауап береді.

«Транстелеком» АҚ Директорлар кеңесінің 2020 жылғы 27 сәуірдегі шешіміне сәйкес Аудит жөніндегі комитеттің келесі құрамы анықталды (2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша):

Аудит жөніндегі комитеттің құрамы

Т.А.Ә.	Лауазымы	Комитет мүшесі атанған күні:
Өтемұрат Берік Мұстайұлы	«Транстелеком» АҚ тәуелсіз директоры, Комитет төрағасы	2020 жылғы 27 сәуір
Досмұқаметов Қанат Мұхаметкәрімұлы	«Транстелеком» АҚ тәуелсіз директоры, Комитет мүшесі	2020 жылғы 27 сәуір
Исекешев Ерлан Өрентайұлы	«Транстелеком» АҚ тәуелсіз директоры, Комитет мүшесі	2020 жылғы 27 сәуір

«Транстелеком» АҚ Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитетінің 2020 жылғы қызметі

Есепті кезеңде Комитет 8 бетпе-бет отырыс өткізді. Есепті кезеңде Комитет отырыстарында Комитеттің құзыретіне кіретін қызметтің барлық мәселелері қаралды. Комитет отырыстарының күн тәртібіне сәйкес 38 мәселе қаралды, қаралған мәселелер бойынша Қоғамның Директорлар кеңесіне тиісті ұсынымдар берілді.

Комитеттің 2020 жылғы отырыстары:

Аудит жөніндегі комитет мүшелерінің 2020 жылғы отырыстарға қатысуы

ТАӘ	Отырыстардың барлығы (саны)	Отырыстарға қатысу (саны)	Отырыстарға қатысу (%)
Өтемұрат Берік Мұстайұлы	7	6	86
Досмұқаметов Қанат Мұхаметкәрімұлы	8	7	88
Исекешев Ерлан Өрентайұлы	8	8	100
Хекстер Дэвид Ричард	1	1	100

Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитетінің қызметін бағалау

«Транстелеком» АҚ Директорлар кеңесінің және оның Комитеттерінің 2019 жылғы қызметін бағалау жүргізілген жоқ, өйткені 2019 жыл ішінде Директорлар кеңесінің құрамы бірнеше рет өзгерді, сондай-ақ 2019 жылғы 7 тамыз бен 15 қараша аралығындағы кезеңде Қоғамда Директорлар кеңесінің құрамы сайланбады.

Комитет 2020 жылы Комитет туралы ережеге сәйкес мақсаттарын, міндеттерін және функционалдық міндеттерін толық көлемде орындады. Комитет отырыстарының күн тәртібінің барлық мәселелерін егжей-тегжейлі қарап, Қоғамның Директорлар кеңесі қабылдаған салмақты және егжей-тегжейлі ұсынымдар берді.

Директорлар кеңесінің Кадрлар және тағайындаулар жөніндегі комитетінің 2020 жылғы қызметі

«Транстелеком» АҚ Директорлар кеңесінің Кадрлар және сыйақылар жөніндегі комитеті (бұдан әрі – Комитет) «Транстелеком» АҚ Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 31 тамыздағы шешіміне сәйкес құрылды.

Комитет өз қызметін Қоғамның Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 31 тамыздағы шешімімен бекітілген «Транстелеком» АҚ Директорлар кеңесінің Кадрлар және сыйақылар жөніндегі комитеті туралы ережеге сәйкес жүзеге асырады.

Комитет Директорлар кеңесінің құзыретіне кіретін мәселелерді терең және мұқият қарауға және қабылданатын шешімдердің сапасын арттыруға ықпал етеді.

Қоғамның Жарғысына сәйкес Директорлар кеңесі комитеттерін құру, олар туралы ережелерді бекіту, сондай-ақ Комитеттердің төрағалары мен мүшелерін сайлау Қоғамның Директорлар кеңесінің құзыретіне жатады.

Комитет төрағасы болып Қоғамның тәуелсіз директоры Ерлан Өрентайұлы Исекешев сайланды, бұл Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына, сондай-ақ корпоративтік басқарудың үздік халықаралық практикасына жауап береді.

«Транстелеком» АҚ Директорлар кеңесінің 2020 жылғы 27 сәуірдегі шешіміне сәйкес Кадрлар және сыйақылар жөніндегі комитеттің келесі құрамы анықталды (2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша):

Кадрлар және сыйақылар жөніндегі комитеттің құрамы

Т.А.Ә.	Лауазымы	Комитет мүшесі атанған күні:
Исекешев Ерлан Өрентайұлы	«Транстелеком» АҚ тәуелсіз директоры, Комитет төрағасы	2020 жылғы 27 сәуір
Досмұқаметов Қанат Мұхаметкәрімұлы	«Транстелеком» АҚ тәуелсіз директоры, Комитет мүшесі	2020 жылғы 27 сәуір
Өтемұрат Берік Мұстайұлы	«Транстелеком» АҚ тәуелсіз директоры, Комитет мүшесі	2020 жылғы 27 сәуір

«Транстелеком» АҚ Директорлар кеңесінің Кадрлар және сыйақылар жөніндегі комитетінің 2020 жылғы қызметі

Есепті кезеңде Комитет 6 отырыс өткізді, барлық отырыстар бетпе-бет нысанда өткізілді. Отырыстардың күн тәртібіне сәйкес Комитет 25 мәселені қарады, олар бойынша Қоғамның Директорлар кеңесіне тиісті ұсынымдар берілді. Есепті кезеңде Комитет құзыретіне кіретін Қоғам қызметінің барлық мәселелері қаралды. Комитет мүшелерінің есепті кезеңде өткізілетін отырыстарға дербес қатысуы мынадай түрде болады.

Кадрлар және сыйақылар жөніндегі комитет мүшелерінің 2020 жылғы отырыстарға қатысуы

Т.А.Ә.	Отырыстардың барлығы (саны)	Отырыстарға қатысу (саны)	Отырыстарға қатысу (%)	Комитетке қатысу кезеңі
Исекешев Ерлан Өрентайұлы	6	6	100	01.01.2020 — 31.12.2020
Досмұқаметов Қанат Мұхаметкәрімұлы	6	5	83,33	01.01.2020 — 31.12.2020
Өтемұрат Берік Мұстайұлы	5	4	80	27.04.2020 — 31.12.2020
Хекстер Давид Ричард	1	1	100	01.01.2020 — 06.02.2020

Директорлар кеңесінің Кадрлар және сыйақылар жөніндегі комитетінің қызметін бағалау

«Транстелеком» АҚ Директорлар кеңесінің және оның Комитеттерінің 2019 жылғы қызметін бағалау жүргізілген жоқ, өйткені 2019 жыл ішінде Директорлар кеңесінің құрамы бірнеше рет өзгерді, сондай-ақ 2019 жылғы 7 тамыз бен 15 қараша аралығындағы кезеңде Қоғамда Директорлар кеңесінің құрамы сайланбады.

Комитет 2020 жылы Комитет туралы ережеге сәйкес мақсаттарын, міндеттерін және функционалдық міндеттерін толық көлемде орындады.

Комитет отырыстарының күн тәртібінің барлық мәселелерін егжей-тегжейлі қарап, Қоғамның Директорлар кеңесі қабылдаған салмақты және егжей-тегжейлі ұсынымдар берді.

Комитеттің жұмысы Қоғамның Директорлар кеңесі жұмысының тиімділігін арттырғанын және Қоғамның корпоративтік басқару деңгейін арттыруға оң әсер еткенін атап өткен жөн.

Стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитеттің 2020 жылғы қызметі

Директорлар кеңесінің Стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитеті (бұдан әрі – Комитет) қызметінің мақсаты мәселелерді терең және мұқият қарау және қабылданатын шешімдердің сапасын арттыру үшін Директорлар кеңесіне ұсынымдар беру болып табылады.

Комитеттің міндеттері Қоғамның Директорлар кеңесіне келесі мәселелер бойынша шешімдер қабылдау үшін ұсынымдар беру болып табылады:

01. Қоғам қызметінің басым бағыттарын алдын ала қарау, сондай-ақ Қоғамның даму стратегиясын бекіту;
02. Қоғамның Даму жоспарының жобасын, сондай-ақ оған өзгерістер мен толықтыруларды алдын ала қарау;
03. Қоғамның даму стратегиясын іске асыру мониторингін жүзеге асыру;
04. стратегиялардың орындалу барысы, қызметтің стратегиялық түйінді көрсеткіштерінің нысаналы мәндеріне қол жеткізу туралы ақпаратты қамтитын Директорлар кеңесінің қарауына енгізілетін құжаттарды алдын ала қарау;
05. Директорлар кеңесіне Комитеттің жұмысы туралы жыл сайынғы есеп беру;
06. Директорлар кеңесіне Қоғамның ұзақ мерзімді даму стратегиясын іске асыруға байланысты ықтимал тәуекелдер туралы ұсынымдар беру;
07. тәуекелдерді басқару жүйесін жоспарлау процесіне интеграциялау мақсатында стратегиялық тәуекелдерді қарау және мақұлдау;
08. орта мерзімді даму жоспарын іске асыру мониторингін жүзеге асыру;
09. Директорлар кеңесінің тапсырмаларына және/немесе Қоғамның ішкі құжаттарының ережелеріне сәйкес өз құзыреті шегінде Директорлар кеңесіне өзге мәселелер бойынша ұсынымдар беру.

Комитет өз қызметін Қоғамның Директорлар кеңесі 2016 жылғы 31 тамызда бекіткен «Транстелеком» АҚ Директорлар кеңесінің Стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитеті туралы ережеге сәйкес жүзеге асырады.

Қоғамның Жарғысына сәйкес Директорлар кеңесі комитеттерін құру, олар туралы ережелерді бекіту, сондай-ақ Комитеттердің төрағалары мен мүшелерін сайлау Қоғамның Директорлар кеңесінің құзыретіне жатады.

Комитет төрағасы болып Қоғамның тәуелсіз директоры Қанат Мұхаметкәрімұлы Досмұқаметов сайланды, ол Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына, сондай-ақ корпоративтік басқарудың үздік халықаралық практикасына жауап береді.

«Транстелеком» АҚ Директорлар кеңесінің 2020 жылғы 27 сәуірдегі шешімімен 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша «Транстелеком» АҚ Директорлар кеңесінің Стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитетінің келесі құрамы белгіленді:

Стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитеттің құрамы

Т.А.Ә.	Лауазымы	Сайланған күні
Досмұқаметов Қанат Мұхаметкәрімұлы	«Транстелеком» АҚ тәуелсіз директоры, Комитет төрағасы	2020 жылғы 27 сәуір
Исекешев Ерлан Өрентайұлы	«Транстелеком» АҚ тәуелсіз директоры, Комитет мүшесі	2020 жылғы 27 сәуір
Өтемұрат Берік Мұстайұлы	«Транстелеком» АҚ тәуелсіз директоры, Комитет мүшесі	2020 жылғы 27 сәуір

Директорлар кеңесінің Стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитетінің 2020 жылғы қызметі

2020 жылы Комитеттің 3 бетпе-бет отырысы өткізілді, онда 10 мәселе бойынша ұсынымдар қаралды және ұсынылды.

Комитет мүшелерінің есепті кезеңде өткізілетін отырыстарға дербес қатысуы мынадай түрде болады.

Стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитет мүшелерінің 2020 жылғы отырыстарға қатысуы

Т.А.Ә.	Отырыстардың барлығы (саны)	Отырыстарға қатысу (саны)	Отырыстарға қатысу (%)
Досмұқаметов Қанат Мұхаметкәрімұлы	3	1	33,33
Исекешев Ерлан Өрентайұлы	3	3	100
Өтемұрат Берік Мұстайұлы	3	3	100

Стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитеттің қызметін бағалау

«Транстелеком» АҚ Директорлар кеңесінің және оның Комитеттерінің 2019 жылғы қызметін бағалау жүргізілген жоқ, өйткені 2019 жыл ішінде Директорлар кеңесінің құрамы бірнеше рет өзгерді, сондай-ақ 2019 жылғы 7 тамыз бен 15 қараша аралығындағы кезеңде Қоғамда Директорлар кеңесінің құрамы сайланбады.

Комитет 2020 жылы Комитет туралы ережеге, сондай-ақ Комитеттің 2020 жылға арналған жұмыс жоспарына сәйкес мақсаттарын, міндеттері мен функционалдық міндеттерін толық көлемде орындады. Комитет отырыстарының күн тәртібінің барлық мәселелерін егжей-тегжейлі қарап, Қоғамның Директорлар кеңесі қабылдаған салмақты және егжей-тегжейлі ұсынымдар берді.

Комитеттің жұмысы Қоғамның Директорлар кеңесі мен Қоғамның корпоративтік басқару жұмысының тиімділігін арттыруға қатысты акционерлердің күткеніне жауап береді.

Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелерінің қызметтік тізімі



1985 жылғы 1 қаңтар туылған

ӘЛИЕВ НҰРӘЛІ РАХАТҰЛЫ

«Транстелеком» АҚ Директорлар кеңесінің Төрағасы

«Транстелеком» АҚ Директорлар кеңесінің құрамына бірінші сайланған күні: 2016 жылғы 4 тамыз

Білімі
- 2001-2002 — Пеппердин университеті, Малибу, Калифорния штаты, АҚШ
- 2002-2003 — Халықаралық университет, Вена, Австрия
- 2003-2005 — Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан
- 2006 — Техас университеті, McCOMBS бизнес мектебі, АҚШ.
- 2005-2006 — «ИМАДЕК» университеті, Вена, Австрия.

Жұмыс тәжірибесі
- 2003-2004 — «SUCDEN ET DENREES SA» корпорациясы, Франция, хХлықаралық сауда департаменті
- 2004-2005 — «Қант орталығы» АҚ, халықаралық бөлім басшысы / халықаралық бөлім басшысының орынбасары
- 2005-2006 — «Қант орталығы» АҚ – президент
- 2007-2010 — «Нұрбанк» АҚ – Директорлар кеңесінің төрағасы/ Басқарма төрағасының бірінші орынбасары / Төрағаның орынбасары
- 2008-2013 — «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ – басқарушы директор – Басқарма мүшесі
- 2013-2014 — «Транстелеком» АҚ – президент
- 2014-2016 — Астана қаласының әкімдігі – Астана қаласы әкімінің орынбасары



1974 жылғы 18 сәуір туылған

НАДЫРОВ ЖАНБОЛАТ ОРАҚҰЛЫ

«Транстелеком» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі

«Транстелеком» АҚ Директорлар кеңесінің құрамына бірінші сайланған күні: 2020 жылғы 3 тамыз

Білімі
- 1998 — Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университеті, Алматы, Қазақстан
- 2002 — Байқоңыров атындағы Жезқазған университеті, Жезқазған, Қазақстан

Жұмыс тәжірибесі
- 2002 — «ҚМТ» ЖШС – басқарма бастығы, бас директор
- 2002-2004 — «ТПК Азия» ЖШС – филиал директорының орынбасары
- 2005-2006 — «АМО» АҚ – Басқарма төрағасының орынбасары
- 2007-2008 — «Нұрбанк» АҚ – корпоративтік бизнес басқармасының бастығы
- 2007-2008 — «Нұрбанк» АҚ – басқарушы директор
- 2008-2010 — «Нұрбанк» АҚ – Басқарма төрағасының орынбасары
- 2010-2013 — «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ – өкілдік директоры
- 2013-2014 — «Транстелеком» АҚ – экономика және қамтамасыз ету жөніндегі вице-президенттің м.а. – Басқарма мүшесі, бірінші вице-президенттің м.а. – Басқарма мүшесі
- 2016-2017 — «Транстелеком» АҚ – президент
- 2019-2020 — «Транстелеком» АҚ – Басқарма төрағасы



1981 жылғы 30 қараша туылған

АМРИН САЛМЕН ГАБДОЛЛИНОВИЧ

«Транстелеком» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі

«Транстелеком» АҚ Директорлар кеңесінің құрамына бірінші сайланған күні: 2019 жылғы 15 қараша

Жұмыс тәжірибесі
- 2014-2016 — DBA B.S.D.O., Хьюстон, АҚШ – жобалау менеджері
- 2017-2019 — «ҚМГ» ҰК» АҚ – жобалық басқару үйлестірушісі «Oil Constraction Company» ЖШС трансформациялау кеңесінің басшысы
- 2019 – қазіргі уақытқа дейін — «ҚМГ» ҰК» АҚ – басқарушы директор, «Автоматтандыру және цифрландыру дирекциясы» филиалының директоры



1984 жылғы 16 маусым туылған

ПОКУПАТЕЛЕВ ДМИТРИЙ АЛЕКСАНДРОВИЧ

Транстелеком» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі

«Транстелеком» АҚ Директорлар кеңесінің құрамына бірінші сайланған күні: 2020 жылғы 6 ақпан

Білімі
- 2015 жыл — Jan Amos Komensky University, Чехия, MBA, Жалпы және стратегиялық менеджмент (ҚРҰБ жанындағы АӨҚО Академиясымен ынтымақтастық шеңберінде)
- 2006 жыл — Санкт-Петербург Гуманитарлық кәсіподақтар университеті, Санкт-Петербург

Жұмыс тәжірибесі
- 2006-2009 — «Казкоммерцбанк» АҚ – шағын және орта бизнестің 1-санаттағы менеджері
- 2009 – 2010 — «Казкоммерцбанк» АҚ – аудитор
- 2010-2011 — «Темірбанк» АҚ – Кредиттік тәуекелдер басқармасы бастығының орынбасары, бас тәуекел-менеджер
- 2011-2012 — «Темірбанк» АҚ – Кредиттік тәуекелдердің әдіснамасы және талдау басқармасының бас тәуекел-менеджері
- 2012-2014 — «Темірбанк» АҚ – Проблемалық кредиттермен жұмыс жүргізу департаментінің Әдіснама және талдау басқармасының бастығы.
- 2014-2015 — «Сбербанк России» АҚ ЕБ – Проблемалық активтермен жұмыс жөніндегі басқарманың талдау, әдіснама және есептілік бөлімшесінің бастығы
- 2015-2017 — «Food Invest Group» – бас директордың орынбасары
- 2017 – қазіргі уақытқа дейін — «Sigma Advisors» ЖШС – Басқарушы директор, Дью дилидженс тобы



1973 жылғы 22 желтоқсан туылған

ДОСМҰҚАМЕТОВ ҚАНАТ МҰХАМЕТКӘРІМҰЛЫ

Тәуелсіз директор, «Транстелеком» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі

«Транстелеком» АҚ Директорлар кеңесінің құрамына бірінші сайланған күні: 2016 жылғы 4 тамыз

Білімі
- 1994 — Қазақ мемлекеттік басқару академиясы, Экономика ғылымдарының кандидаты

Жұмыс тәжірибесі
- 2000-2003 — ҚР Ұлттық Банкі (Астана қ.) – ҚР Ұлттық Банкінің Үйлестіру басқармасының бастығы; ҚР Ұлттық Банкінің Қаржылық қадағалау департаменті директорының орынбасары
- 2004-2006 — Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу агенттігі – төрағаның орынбасары
- 2006-2007 — «SAFC» инвестициялық компаниясы – басқарушы директор
- 2007 — «ҚазАгро» Ұлттық холдингі» АҚ – Басқарма төрағасының орынбасары
- 2007-2009 — «Delta Bank» АҚ – Басқарма төрағасы
- 2009 — «Deloitte TCF» ЖШС – басқарушы директор
- 2009-2012 — ҚР Қаржы министрлігі – Қазынашылық комитетінің төрағасы
- 2012 — «Самұрық-Қазына» АҚ – басқарушы директор
- 2012-2015 — Еуразиялық даму банкі – Басқарма төрағасының орынбасары
- 2015 — «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ – Басқарма төрағасының орынбасары
- 2016 — «Полиметалл Евразия» ЖШС – бас директор



1968 жылғы 1 шілде туылған

ИСЕКЕШЕВ ЕРЛАН ӨРЕНТАЙҰЛЫ

Тәуелсіз директор, «Транстелеком» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі

«Транстелеком» АҚ Директорлар кеңесінің құрамына бірінші сайланған күні: 2016 жылғы 4 тамыз

Білімі
- 1992 — Алматы энергетикалық институты
- 2003 — «Тұран» университеті
- 2010 — «HEC» француз бизнес мектебі, Париж қ.

Жұмыс тәжірибесі
- 2000-2002 — «Астана энергосервис» ЖШС – директордың орынбасары
- 2002-2005 — «Қарағанды Жылу» ЖШС – коммерциялық директор
- 2005 — «Қарағанды Жарық» ЖШС – бас директор
- 2005-2007 — «Қарағанды Жылу» ЖШС – бас директор
- 2007-2008 — Қарағанды облысының әкімдігі – әкімнің коммуналдық мәселелер жөніндегі орынбасары
- 2008 — «KazynaCapitalManagement» АҚ – «Ithmaar Kazyna CIS Regional Energy Fund» энергетика саласындағы Инвестициялық қорды құру және дамыту мәселелері жөніндегі Басқарма төрағасының кеңесшісі
- 2009-2011 — «Falah Partners» инвестициялық қоры – басқарушы серіктес
- 2009-2012 — «Самұрық-Энерго» АҚ – тәуелсіз директор, Директорлар кеңесінің мүшесі
- 2011 жыл – қазіргі уақытқа дейін — «ISS Corporation» ЖШС – көпсалалы холдинг компаниясының дДректорлар кеңесінің төрағасы



1980 жылғы 26 наурыз туылған

ӨТЕМҰРАТ БЕРІК МҰСТАЙҰЛЫ

Тәуелсіз директор, «Транстелеком» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі

«Транстелеком» АҚ Директорлар кеңесінің құрамына бірінші сайланған күні: 2020 жылғы 6 ақпан

Білімі
- 2003 — KIMEP университеті (бұрын – ҚМЭБИ)
- 2013 — Лондон бизнес мектебі (London Business School), Лондон қ., Ұлыбритания

Жұмыс тәжірибесі
- 2003-2004 — ERNST & YOUNG – аға аудит қызметкері
- 2004-2007 — PARAGON DEVELOPMENT, қаржы директоры
- 2007-2008 — «Қазына» тұрақты даму қоры – Корпоративтік қаржы департаментінің директоры, бас менеджер
- 2008-2009 — «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ – Корпоративтік қаржы департаментінің директоры
- 2009-2010 — «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ – Басқарма төрағасының орынбасары, Басқарма мүшесі
- 2010-2011 — «БТА Банк» АҚ – Басқарма төрағасының орынбасары, Басқарма мүшесі
- 2012-2013 — Қазақстан Республикасының Үкіметі – Премьер-Министр орынбасарының кеңесшісі (штаттан тыс)
- 2013-2014 — Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі – төрағаның кеңесшісі
- 2014-2016 — Ұлттық инвестициялық корпорация – Басқарма төрағасы, Директорлар кеңесінің мүшесі
- 2017 – қазіргі уақытқа дейін — ND CAPITAL – басқарушы серіктес

Корпоративтік хатшының қызметі

Корпоративтік хатшы институты Қоғам акционерлері, Директорлар кеңесі және атқарушы орган арасындағы тиімді өзара іс-қимылды қолдауға арналған. Осы өзара іс-қимыл аясында корпоративтік хатшының қызметі меншік иелерінің мүдделері үшін Қоғамның дамуын басқарудың тиімділігін арттыруға, Қоғамның инвестициялық тартымдылығын арттыруға, оны капиталдандырудың өсуіне және бизнестің кірістілігін арттыруға бағытталған. Корпоративтік хатшы Директорлар кеңесі мен оның Комитеттерінің тиісті жұмыс істеуін қамтамасыз етеді.

Корпоративтік хатшы туралы ереже Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 17 қарашадағы шешімімен бекітілген (№9/2016 хаттама). Ережеге сәйкес корпоративтік хатшы Директорлар кеңесінің не Қоғам Басқармасының мүшесі болып табылмайтын Қоғамның қызметкері болып табылады, оны Қоғамның Директорлар кеңесі тағайындайды және Қоғамның Директорлар кеңесіне есеп береді.

Корпоративтік хатшының негізгі міндеттері:
01. Қоғамның органдары мен лауазымды тұлғаларының ҚР корпоративтік басқару саласындағы заңнамасын, листинг қағидаларын (бағалы қағаздар қор биржасында айналыста болған кезде), Жарғыны, Корпоративтік басқару кодексін және Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарын сақтауын, сондай-ақ корпоративтік басқару саласындағы саясат пен практиканы жетілдіруді қамтамасыз ету
02. Директорлар кеңесі мен оның комитеттерінің тиімді қызметін қамтамасыз ету
03. ҚР заңнамасының, Жарғының және Қоғамның өзге ішкі нормативтік құжаттарының талаптарына сәйкес Акционерлердің жалпы жиналысының шешімдер қабылдауын қамтамасыз ету
04. Қоғам туралы маңызды ақпаратты сақтауды, ашуды және ұсынуды, сондай-ақ ақпараттық ашықтықтың жоғары деңгейін қолдауды қамтамасыз ету
05. Қоғам органдары арасында, оның ішінде Қоғам мен Акционерлердің жалпы жиналысы арасында нақты және тиімді өзара іс-қимылды қамтамасыз ету.

Басқарма

Басқарма Төрағасы мен мүшелерін тағайындау, олардың міндеттері мен жауапкершілігі

Басқарма міндеттерді орындау және стратегияны іске асыру мақсатында акционерлік қоғамның ағымдағы қызметіне басшылықты жүзеге асыратын алқалы атқарушы орган болып табылады.

Басқарма мүшелері Қоғам Басқармасы туралы ережеге сәйкес Акционерлердің жалпы жиналысы мен Қоғамның Директорлар кеңесінің мүдделерін қорғауға және шешімдерін орындауға міндетті. Басқарма туралы ережеге, Қоғамның Жарғысына және ҚР заңнамасына сәйкес Қоғамның Директорлар кеңесі Басқарма мүшелерін тағайындауды және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтатуды жүзеге асырады, сондай-ақ сандық құрамы мен өкілеттіктерінің мерзімі анықталады. Басқарма мүшелерінің саны кемінде бес адам болуға тиіс.

Қоғам мен Басқарма мүшелері арасында еңбек шарттары (егер Басқарма мүшесі Қоғамның қызметкері болып табылған жағдайда еңбек шартына қосымша келісімдер) жасалды, олар Басқарма Төрағасы мен мүшелерін материалдық көтермелеудің Қоғам қызметінің негізгі көрсеткіштері бойынша мақсаттарға қол жеткізуге тікелей тәуелділігін көздейді.

Басқарма мүшелерінің функциялары, құқықтары мен міндеттері ҚР заңнамасымен, Қоғамның Жарғысымен, Басқарма туралы ережемен, сондай-ақ еңбек шартымен белгіленген. Басқарма мүшелері, Қоғамның құрылымдық бөлімшелерінің басшылары сияқты Қоғам мен акционерлер алдында Басқарма қабылдаған шешімдердің уақтылы және сапалы орындалуы үшін, сондай-ақ заңнамада белгіленген ақпаратты беру тәртібін бұзу нәтижесінде келтірілген Қоғам шығындары үшін жауапты болады.

Қоғам Басқармасының 2020 жылғы 31 желтоқсандағы құрамы

Директорлар кеңесінің 2020 жылғы 10 желтоқсандағы шешімімен (№ 10/2020 хаттама) Қоғам Басқармасының құрамы 8 (сегіз) адам болып белгіленді және Қоғам Басқармасының өкілеттік мерзімі – 3 (үш) жыл болып белгіленді.

Қоғам Басқармасының құрамы

Адайбеков Елнар Русланұлы	Қоғамның Басқарма Төрағасы
Минавар Ерлан Ерікұлы	Басқарма төрағасының Қоғамның стратегиялық даму және инновациялар жөніндегі орынбасары
Барменқұлов Кеңес Таңатарұлы	Басқарма төрағасының Қоғамды ұйымдық дамыту жөніндегі орынбасары
Дөненбай Ғазиз Болатұлы	Басқарма төрағасының Қоғамның корпоративтік бизнесін дамыту жөніндегі орынбасары
Қасымов Кәрім Досмұхамбетұлы	Қоғамның мемлекеттік секторында бизнесті дамыту бойынша Басқарма төрағасының орынбасары
Ахметов Мұрат Сайлаубекұлы	Басқарма төрағасының Қоғамның операциялық қызметі жөніндегі орынбасары
Қожасбаев Данияр Жеңісұлы	Басқарма төрағасының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары
Баймырзаұлы Асқар	Басқарма төрағасының Қоғамның әкімшілік және құқықтық мәселелер жөніндегі орынбасары

Басқарма мүшелерінің қызметтік тізімі



1986 жылғы 18 ақпан туылған

АДАЙБЕКОВ ЕЛНАР РУСЛАНҰЛЫ

«Транстелеком» АҚ Басқарма төрағасы

Білімі
- Kings College London, University of London, Лондон қ., Ұлыбритания BSc Computer Science мамандығы бойынша.

Жұмыс тәжірибесі
- 2008-2009 — «Нұрбанк» АҚ Алматы қ. – жобалау менеджері
- 2009-2010 — «Нұр-Транс» АҚ Алматы қ. – тәуекелдер бөлімінің бастығы
- 2010-2011 — Rompetrol Gas SRL Bucharest, Romania – аға тәуекел менеджері
- 2012-2015 — Rompetrol Gas SRL Bucharest, Romania – бас директордың орынбасары
- 2015-2017 — «Транстелеком» АҚ – Корпоративтік басқару және құқықтық мәселелер жөніндегі вице-президент, Қоғам Басқармасының мүшесі.
- 2017-2019 — «Транстелеком» АҚ – даму және құқықтық мәселелер жөніндегі вице-президент, Қоғам Басқармасының мүшесі.
- 2019-2020 — «Транстелеком» АҚ – Қоғамның Басқарма төрағасының ұйымдық даму жөніндегі орынбасары
- 2020 – қазіргі уақытқа дейін «Транстелеком» АҚ – Қоғамның Басқарма төрағасы



1981 жылғы 1 қараша туылған

БАРМЕНҚҰЛОВ КЕҢЕС ТАҢАТАРҰЛЫ

«Транстелеком» АҚ төрағасының ұйымдық даму жөніндегі орынбасары, Басқарма мүшесі

Білімі
- 1999-2003 — Т. Рысқұлов атындағы Қазақ экономикалық университеті, мамандығы – Халықаралық экономикалық қатынастар
- 2010 — Telecoms MINI MBA, Лондон, Ұлыбритания
- 2015-2016 — Назарбаев Университет бизнес мектебі, EMBA

Жұмыс тәжірибесі
- 2003-2005 — «Қазақтелеком» АҚ – Корпоративтік сату дирекциясындағы экономист
- 2005-2008 — «Uni Commerce Ltd» ЖШС филиалы, «TeaLand» филиалы және «RG Brands Kazakhstan» ЖШС «ASF» филиалы – қаржы менеджері
- 2008-2015 — «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ – Коммуникациялық активтер дирекциясының аға сарапшысы
- 2015-2020 — «Транстелеком» АҚ – корпоративтік даму жөніндегі атқарушы директор
- 2020 – қазіргі уақытқа дейін — «Транстелеком» АҚ – Басқарма төрағасының ұйымдық даму жөніндегі орынбасары, Басқарма мүшесі



1983 жылғы 22 тамыз туылған

АХМЕТОВ МҰРАТ САЙЛАУБЕКҰЛЫ

«Транстелеком» АҚ Басқарма төрағасының операциялық қызмет жөніндегі орынбасары, Басқарма мүшесі

Білімі

- Тынышпаев атындағы Қазақ көлік және коммуникация академиясы, мамандығы – Автоматика, телемеханика және байланыс
- 2011 — Тынышпаев атындағы Қазақ көлік және коммуникация академиясы, мамандығы – Халықаралық теміржол көлігіндегі интероперабельділік, сертификаттау және қауіпсіздік
- CNAM университеті (Франция), мамандығы – Халықаралық теміржол көлігіндегі интероперабельділік, сертификаттау және қауіпсіздік

Жұмыс тәжірибесі

- 2005-2009 —«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» АҚ «Солтүстік өңірлік есептеу орталығы» филиалы – ақпараттық қауіпсіздік секторының 1-санатты инженер-электроншысы, 2-санатты инженер-электроншысы
- 2009-2014 – «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» АҚ бөлімдерінің бастығы;
- 2014-2016 — «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» АҚ «Ақпараттық технологиялар дирекциясы» филиалы – даму және жобалық менеджмент департаментінің директоры
- 2016-2017 — «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» АҚ «Ақпараттық технологиялар дирекциясы» филиалы – директордың ақпараттық технологиялар жөніндегі орынбасары
- 2017-2020 – «Транстелеком» АҚ – АТ қолдау және дамыту жөніндегі атқарушы директор; АТ пайдалану жөніндегі атқарушы директор; АТ және инновациялар жөніндегі вице-президент, Басқарма мүшесі; Басқарма төрағасының инфрақұрылымды пайдалану жөніндегі орынбасары;
- 2020 – қазіргі уақытқа дейін — «Транстелеком» АҚ – Басқарма төрағасының операциялық қызмет жөніндегі орынбасары, Басқарма мүшесі



1985 жылғы 9 қаңтар туылған

БАЙМЫРЗАҰЛЫ АСҚАР

«Транстелеком» АҚ Басқарма төрағасының әкімшілік және құқықтық мәселелер жөніндегі орынбасары, Басқарма мүшесі

Білімі

- 2006 — Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қаласы, мамандығы – Құқықтану
- 2008 — Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қаласы, Құқықтану магистратурасы
EY аудит, салық салу, мәмілелерді сүйемелдеу және кеңес беру саласында халықаралық көшбасшы болып табылады. Еу қызметтерінің тәжірибесі мен сапасы әлемнің түрлі елдеріндегі капитал нарықтары мен экономикаға жұртшылықтың сенімін нығайтуға көмектеседі.

1992 жылы EY халықаралық фирмалардың арасында Қазақстанда трансұлттық корпорацияларды, түрлі индустрияларда жұмыс істейтін ұлттық және жеке компанияларды қоса алғанда, көптеген ұйымдарға аудиторлық және консалтингтік қызметтер көрсете бастады. Бүгінгі таңда Қазақстандағы EY тәжірибесінің 700-ден астам қызметкері бар және үш кеңсесң – Алматы, Нұр-Сұлтан және Атырау қалаларында орналасқан. EY Қазақстанда кәсіби қызметтердің 85-тен астам түрін көрсетеді.

Тәуелсіз аудитордың қорытындысы

«ЭРНСТ ЭНД ЯНГ» ЖШС сыртқы аудиторының пікірінше, 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша «Транстелеком» АҚ қаржылық есептілігі барлық елеулі аспектілерде және халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес шынайы ұсынылған.



07.
Қосымшалар

Аудиттелген қаржылық есептілік	144
GRI стандартты элементтерінің кестесі	156
Глоссарий	161
Байланыс ақпараты	162



892 352
МЫҢ ТЕҢГЕ
Жергілікті байланыс қызметі

516 161
МЫҢ ТЕҢГЕ
Қалааралық және халықаралық телефон байланысы қызметтері

«Транстелеком» АҚ

Аудиттелген қаржылық есептілік

2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін, тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебімен

145 ····· **Тәуелсіз аудитордың аудиторлық қорытындысы**

151 ····· **Қаржылық есептілік**
151 ····· Қаржылық жағдай туралы есеп
152 ····· Жиынтық кіріс туралы есеп
153 ····· Меншікті капиталдағы өзгерістер туралы есеп
154 ····· Ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп

EY
Building a better working world

«Эрнст энд Янг» ЖШС
Әл-Фараби д-лы, 77/7
«Есентай Тауэр» ғимараты
Алматы қ., 050060
Қазақстан Республикасы
Тел.: +7 727 258 59 60
Факс: +7 727 258 59 61
www.ey.com/kz

ТОО «Эрнст энд Янг»
пр. Аль-Фараби, д. 77/7
здание «Есентай Тауэр»
г. Алматы, 050060
Республика Казахстан
Тел.: +7 727 258 59 60
Факс: +7 727 258 59 61
www.ey.com/kz

Ernst & Young LLP
Al-Farabi ave., 77/7
Esental Tower
Almaty, 050060
Republic of Kazakhstan
Tel.: +7 727 258 59 60
Fax: +7 727 258 59 61
www.ey.com/kz

Тәуелсіз аудитордың аудиторлық қорытындысы

«Транстелеком» акционерлік қоғамның Акционерлері мен Директорлар кеңесіне

Пікір

Біз «Транстелеком» АҚ-ның (бұдан әрі - «Компания») қаржылық есептілігіне аудит жүргіздік, әрі оған 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық жағдай туралы есеп, жиынтық кіріс туралы есеп, көрсетілген күнге аяқталған жыл үшін меншікті капиталдағы өзгерістер туралы есеп және ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп, сондай-ақ есеп саясатының негізгі ережелеріне қысқаша шолуды қоса алғанда, қаржылық есептілікке жасалған ескертпелер жатады.

Біздің пікірімізше, қоса беріліп отырған қаржылық есептілік барлық елеулі қатынастарда 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияның қаржылық жағдайын, сондай-ақ көрсетілген күнге аяқталған жыл ішіндегі ақша қаражатының қозғалысы мен қаржылық нәтижелерін Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (ХҚЕС) сәйкес дұрыс бейнелейді.

Пікірді білдіру негізі

Біз аудитті Халықаралық аудит стандарттарына (ХАС) сәйкес жүргіздік. Осы стандарттарға сәйкес біздің міндеттеріміз одан әрі біздің қорытындымыздың «Аудитордың қаржылық есептіліктің аудиті үшін жауапкершілігі» бөлігінде сипатталған. Біз Бухгалтерлерге арналған халықаралық этика стандарттары жөніндегі кеңес (БХЭСК) қабылдаған Кәсіпқой бухгалтерлер этикасының халықаралық кодексіне (БХЭСК Кодексі) (халықаралық тәуелсіздік стандарттарын қоса алғанда) сәйкес Компанияға қатысты біз тәуелсізбіз және біз БХЭСК Кодексіне сәйкес басқа да этикалық міндеттерді орындадық. Біз алынған аудиторлық дәлелдер өз пікірімізді білдіру үшін негіздеме ретінде болуы үшін жеткілікті әрі лайықты болып табылады деп пайымдаймыз.

Аудиттің шешуші мәселелері

Аудиттің шешуші мәселелері - біздің кәсіптік пайымдауымызға сай ағымдағы кезең үшін қаржылық есептіліктің аудиті үшін барынша маңызды болып табылған мәселелер. Бұл мәселелер қаржылық есептілік аудитіміздің контекстінде және осы есептілік туралы пікірімізді қалыптастыру кезінде қарастырылған және біз бұл мәселелер жөнінде бөлек пікірімізді білдірмейміз. Төменде көрсетілген әрбір мәселеге қатысты тиісті мәселенің аудитіміздің барысында қалай қарастырылғанының сипаты осы контекстіде келтіріледі.

Біз қорытындымыздың *«Аудитордың қаржылық есептіліктің аудиті үшін жауапкершілігі»* бөлімінде сипатталған міндеттерді, оның ішінде осы мәселелерге де қатысты міндеттерді орындадық. Тиісінше, аудитімізге қаржылық есептіліктің елеулі бұрмалану тәуекелдерін бағалауымызға жауап ретінде әзірленген рәсімдерді орындау жатады. Аудиторлық процедураларымыздың, соның ішінде төменде көрсетілген мәселелерді қарастыру барысында орындалған процедуралардың нәтижелері қоса беріліп отырған қаржылық есептілік туралы аудиторлық пікірімізді білдірудің негізі болады.

A member firm of Ernst & Young Global Limited

Аудиттің шешуші мәселесі	*Тиісті шешуші мәселе ретінде аудитіміздің барысында қарастырылды*
Түсімді мойындау	
3-ескертпеде көрсетілгендей, Компания телекоммуникациялық қызметтердің, АТ қызметтерінің көрсетілуінен, құрылыс-монтаждау жұмыстарын орындау жөніндегі ұзақ мерзімді жобаларды іске асырудан түскен түсімді таниды. Компания бір мәміле тауарлардың жеткізілуін және қызметтердің көрсетілуін қамти алғанда, сатып алушылармен орындалуға жататын бірнеше міндетті қамтитын шарттарды жасайды. Тауарлар мен қызметтерге бақылау жасау сатып алушыға өткенде түсім танылады. Шарттық талаптардың көптігі мен әр алуандығы, баға белгілеудің түрлі элементтері мен түсім басшылықтың жосықсыз әрекеттерінің салдарынан бұрмалануы мүмкін екендігі тәуекелі салдарынан түсімнің танылуы күрделі деп саналады және басшылықтың айтарлықтай пайымдауларын қажет етеді. Сонымен қатар телекоммуникациялық қызметтерді көрсетуден түскен түсімді танумен және бағалаумен байланысты едәуір бұрмалану тәуекелі бар, өйткені Компания пайдаланатын биллинг жүйелері күрделі болып табылады. Сондай-ақ, Компания атқару міндетінің орындалу дәрежесін бағалау негізінде құрылыс-монтаждау жұмыстарын орындау жөніндегі ұзақ мерзімді жобаларды іске асырудан түскен түсімді таниды, бұнда оны анықтау үшін Компания басшылығы жалпы түсімді және ұзақ мерзімді жобаны іске асыруға жұмсалатын шығындарды болжауды және шарттар бойынша түсімнің жалпы сомасын пайдалану міндеттеріне бөлуді білдіретін нәтижелер әдісін пайдаланады. Осылайша, біз бұл мәселені аудитіміз үшін барынша маңызды мәселелердің бірі ретінде айқындадық. Түсімді тану және Басшылық қолданған пайымдаулар бойынша есеп саясатына қатысты ақпараттың ашылып көрсетілуі қаржылық есептіліктің ***3 және 4-ескертпелеріне*** қосылған.	Кірістің түрлі ағындарын тану процесі туралы түсінікке ие болдық. Біз орындалған жұмыс актісінде көрсетілген бақылаудың берілу күнін түсім танылған күнмен салыстырдық. Біз шарттардың құнын танылған түсім сомасымен салыстырдық. Біз шарттарда орындалуға жататын түрлі міндеттер арасында түсімнің қалай бөлінетіндігін тестіледік. Біз, түсімнің ай сайынғы талдауы мен түсімнің негізгі көрсеткіштеріндегі өзгерістердің талдауын қоса алғанда, талдау рәсімдерін орындадық, қаржы және қаржылық емес деректерді салыстырдық. Сондай-ақ біз түсімді танудың уақтылығын бағаладық. Біз тиісті АТ жүйелері мен ішкі бақылау құралдарының дизайнын қарастырдық және биллинг жүйелерінде түсім бойынша деректерді жинауда және операцияларды есепке алуда ішкі бақылау құралдарының операциялық тиімділігін тестіледік; биллинг жүйелеріне енгізілген тарифтік мөлшерлемелерге өзгерістерді енгізу кезіндегі авторландыру; және клиенттерге көрсетілген телекоммуникациялық қызметтерден түскен түсім сомасын есептедік. Біз жобаны аяқтауға, жобаны аяқтау пайызына, жоспарды кірістер, сол сияқты шығыстар бойынша іс жүзіндегі деректермен салыстыруға, сондай-ақ шығынды жобалар бойынша келешек шығындар резервтеріне болжамды залалдарды айқындау кезінде басшылықтың жорамалдарын бағаладық. Біз орындалған жұмыс актілеріндегі сомаларды кезең ішінде танылған түсім сомаларымен салыстырдық. Біз ұзақ мерзімді жобалардың жай-күйін бағалау үшін негізгі шарттардың талаптары мен болған шығындарды зерделедік. Біз түсімнің тиісті кезеңде танылатындығын анықтау үшін жыл соңына дейін және кейін тікелей танылған түсімді бағаладық. Біз Компания таңдаған және қолданатын түсімді тануға қатысты есеп саясатын және 15 ХҚЕС-тің талаптарын ескере отырып түсімге қатысты ақпараттың ашылып көрсетілуін сараладық. Біз қаржылық есептіліктің ***22-ескертпесінде*** ақпараттың ашылып көрсетілуін сараладық.

A member firm of Ernst & Young Global Limited

Қарыз шарттары бойынша белгіленген көрсеткіштерді сақтау

Несие келісімдерінің талаптарына сәйкес Компания қаржылық және қаржылық емес шектеу талаптарын сақтауы және қолдауы тиіс. Қызметтердің тарифтері мен операциялық шығыстар сомаларына тәуелді болатын түсім және пайда көлемі бұзылады деген ықтималдылық бар, сондықтан біз аудит барысында осы мәселеге ерекше назар аудардық. Көрсеткіштердің бұзылуы елеулі айыппұлдарға, сондай-ақ мерзімінен бұрын төлеуді талап ету құқығына әкеп соқтыра алады. Несие келісімдері бойынша шектеу талаптарын сақтау аудит үшін барынша маңызды мәселелердің бірі болды, өйткені қаржылық есептілікті дайындау кезінде пайдаланылатын қызметтің үздіксіздігі туралы жорамалға, сондай-ақ қаржылық жағдай туралы есепте пайыздар есептелетін міндеттемелердің жіктелуіне зор ықпалы бар. Көрсеткіштер бойынша талаптарды сақтау туралы ақпарат қаржылық есептіліктің ***15-ескертпесінде*** ашылып көрсетілген.

Біз несие келісімдерінің талаптарын зерделеп, қаржылық және қаржылық емес шектеу талаптарын, мерзімінен бұрын өтеу талаптары мен дефолт оқиғаларын сараладық. Біз қаржылық шектеу талаптарының орындалуына қатысты банктерден алынған растауларды бағаладық. Біз есептеулерде қолданылатын деректерді қаржылық есептілікпен салыстырдық. Біз қаржылық көрсеткіштер бойынша есептеулердің математикалық дәлдігін тексердік.
Біз Компанияның қаржылық есептілігінде міндеттемелер бойынша белгіленген көрсеткіштердің орындалуына қатысты ашып көрсетулерді сараладық.

Маңызды жағдайлар

Біз қаржылық есептіліктің ***27-ескертпесіне*** назарыңызды аудартамыз, онда Компанияның байланысты тараптармен жасалған операцияларының едәуір көлемі сипатталған. Біз осы мәселеге орай түрлендірілген пікірімізді білдіріп отырған жоқпыз.

Басқа мәліметтер

Компанияның 2019 жылғы қаржылық есептілігінің аудитін басқа аудитор жүргізді, ол бұл есептілік туралы түрлендірілмеген пікірді білдірді және 2020 жылғы 8 маусымдағы аудиторлық қорытындыға сауда дебиторлық берешектің 78%-ы мен түсімнің 81%-ы байланысты тараптармен болған мәмілелерден түскеніне назар аудартатын «Маңызды жағдайлар» параграфын қосты.

Басшылықтың және Аудит жөніндегі комитеттің қаржылық есептілік үшін жауапкершілігі

Басшылық қаржылық есептіліктің ХҚЕС-ке сәйкес жасалуы және шынайы ұсынылуы үшін әрі басшылық шынайы емес әрекеттердің немесе қатенің салдарынан маңызды бұрмалануы жоқ қаржылық есептілікті дайындау үшін қажет деп санайтын ішкі бақылау жүйесі үшін жауапкершілік көтереді.

A member firm of Ernst & Young Global Limited

Қаржылық есептілікті дайындау кезінде басшылық Компанияның өз қызметін үздіксіз жалғастыра алу қабілетін бағалау үшін, тиісті жағдайларда қызметтің үздіксіздігіне қатысты мәліметтердің ашылып көрсетілуі үшін және басшылық Компанияны таратқысы келген, оның қызметін тоқтатқысы келген жағдайларды немесе басшылықтың мұндай әрекеттерге іс жүзіндегі баламасы болмай қалған жағдайларды қоспағанда, есептіліктің қызметтің үздіксіздігі туралы жорамалдың негізінде жасалуы үшін жауапкершілік көтереді.

Аудит жөніндегі комитет Компанияның қаржылық есептілігінің дайындалу процесін қадағалау үшін жауапкершілік көтереді.

Аудитордың қаржылық есептіліктің аудиті үшін жауапкершілігі

Біздің мақсатымыз қаржылық есептілік бүтіндей адал емес әрекеттердің немесе қателердің салдарынан және біздің пікірімізді қамтитын аудиторлық қорытындыны шығаруда елеулі бұрмалануларды қамтымайды деген ақылға қонымды сенімдікке қол жеткізу болып табылады. Ақылға қонымды сенімділік сенімділіктің жоғары дәрежесін білдіреді, бірақ Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргізілген аудит елеулі бұрмалану бола қалғанда оны әрдайым анықтайтындығының кепілдігі болып табылады. Бұрмалануларадал емес әрекеттердің немесе қателердің нәтижесі болуы мүмкін және егер олар жеке-жеке немесе жиынтығында осы қаржылық есептіліктің негізінде қолданылатын пайдаланушылардың экономикалық шешімдеріне әсер етуі мүмкін деп негізделген күйде пайымдауға болса, елеулі болып есептеледі.

Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргізілетін аудиттің шеңберінде біз кәсіпқой пайымдауды қолданып, бүкіл аудиттің бойына кәсіптік скептицизмді сақтап қаламыз. Сонымен бірге, біз келесіні орындаймыз:

- адал емес әрекеттердің немесе қателердің салдарынан болған қаржылық есептіліктің елеулі бұрмалану тәуекелдерін анықтап, бағалаймыз; осы тәуекелдерге жауап ретінде аудиторлық процедураларды жасаймыз; өз пікірімізді білдіру үшін негіздеме ретінде болуы үшін жеткілікті әрі лайықты болып табылатын аудиторлық дәлелдерді аламыз. Қателердің нәтижесінде елеулі бұрмаланудың анықталмауы тәуекеліне қарағанда, жоғарыдағы адал емес әрекеттердің нәтижесінде елеулі бұрмаланудың анықталмай қалу тәуекелі, өйткені адал емес әрекеттерге сөз байласу, алдау, қасақана жіберіп қою, ақпараттың дұрыс ұсынылмауы немесе ішкі бақылау жүйесін айнала жасалған амалдар кіруі мүмкін;
- Компанияның ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі туралы пікірді білдіру мақсатында емес, жағдайларға сәйкес келетін аудиторлық процедураларды әзірлеу мақсатында, аудит үшін маңызы бар ішкі бақылау жүйесін түсінеміз;
- қолданылатын есеп саясатының лайықты сипатын және басшылық есептеген бағалау мәндерінің және тиісті ақпараттың ашылып көрсетілу негізділігін бағалаймыз;

- басшылықтың қызметтің үздіксіздігі туралы жорамалды қолдану заңдылығы туралы тұжырым жасаймыз және түскен аудиторлық дәлелдердің негізінде Компанияның өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетінде айтарлықтай күмән туғыза алатын оқиғаларға немесе талаптарға орай елеулі белгісіздіктің бар екендігі туралы тұжырым жасаймыз. Егер де біз елеулі белгісіздіктің болуы туралы тұжырымға келетін болсақ, біз өзіміздің аудиторлық қорытындымызда қаржылық есептілікте ақпараттың тиісінше ашылып көрсетілуіне назар аудартуымыз керек немесе егер ақпараттың осылайша ашылып көрсетілуі лайықты болып табылмаса, пікірімізді түрлендіру керек. Біздің тұжырымдар аудиторлық қорытындымыз жасалған күнге дейін түскен аудиторлық дәлелдерге негізделген. Дегенмен келешек оқиғалар немесе талаптар Компанияның өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетінен айырылып қалуына әкеп соқтыра алады;
- қаржылық есептіліктің бүтіндей ұсынылуын, оның құрылымы мен мазмұнын бағалаймыз, оған қоса ақпаратты ашып көрсету, сондай-ақ қаржылық есептіліктің оның негізінде болған операциялар мен оқиғаларды олардың шынайы ұсынылуын қамтамасыз ететіндей етіп ұсынылатындығын бағалаймыз.

Біз Аудит жөніндегі комитеттің назарына, өзгесінен басқа, аудиттің жоспарланған көлемі мен мерзімдері туралы, сондай-ақ аудит нәтижелері бойынша елеулі ескертулер туралы, оның ішінде егер біз аудит процесінде ондайларды анықтасақ, ішкі бақылау жүйесінің едәуір кемшіліктері туралы ақпаратты жеткізе отырып, онымен ақпараттық өзара әрекеттесуді жүзеге асырамыз.

Сондай-ақ біз Аудит жөніндегі комитетке тәуелсіздікке қатысты барлық тиісті этикалық талаптарды сақтағандығымыз туралы мәлімдеме жасадық және осы тұлғаларды барлық өзара қарым-қатынастар мен аудитордың тәуелсіздігіне әсер етеді деп негізделген түрде есептеуге болатын басқа да мәселелер туралы, ал қажетті жағдайларда - қауіп-қатерлерді жою үшін жасалған іс-қимылдар немесе қолға алынған сақтық шаралары туралы хабардар еттік.

Біз Аудит жөніндегі комитеттің назарына жеткізген мәселелерден біз ағымдағы кезең үшін қаржылық есептіліктің аудиті үшін барынша маңызды болған және тиісінше, аудиттің шешуші мәселелері болып табылатын мәселелерді айқындаймыз. Біз бұл мәселелерді аудиторлық қорытындымызда сипаттаймыз, тек бұл мәселелер туралы ақпаратты жария ету заңмен немесе нормативтік актімен тыйым салынған жағдайдан немесе қандай да бір мәселе туралы ақпарат біздің қорытындымызда хабарланбауы тиіс екендігі туралы тұжырымға келген сирек жағдайлардан басқа, өйткені мұндай ақпаратты хабарлаудың теріс салдары оның хабарлануынан қоғамдық маңызы бар пайдадан асады деп жорамал жасауға болады.

Соның нәтижелері бойынша тәуелсіз аудиторлық қорытынды шығарылған, ауди тің жүргізілуіне жауапты басшы - Адиль Сыздыков.

„Эрнст энд Янг" ЖШС

Адиль Сыздыков
Аудитор

Аудитордың 2013 жылғы
23 желтоқсандағы № МФ-0000172
біліктілік куәлігі

Рустамжан Саттаров
«Эрнст энд Янг» ЖШС-тің
Бас директоры

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі 2005 жылғы 15 шілдеде берген сериясы МФЮ-2 №0000003 болатын Қазақстан Республикасының аумағында аудиторлық қызметпен айналысуға арналған мемлекеттік лицензия

050060, Қазақстан Республикасы, Алматы қ.,
Әл-Фараби даңғылы, 77/7, «Есентай Тауэр» ғимараты

2021 жылғы 19 сәуір

A member firm of Ernst & Young Global Limited

ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ЕСЕП

2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша

Мың теңгемен	Ескерт.	2020 жылғы 31 желтоқсан	2019 жылғы 31 желтоқсан*
Активтер			
Ұзақ мерзімді активтер			
Негізгі құралдар	5	129.564.560	80.612.968
Берілген аванстардың ұзақ мерзімді бөлігі	7	6.289.340	–
Материалдық емес активтер	6	4.863.662	3.798.576
Қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек	9	127.795	459.358
Басқа да ұзақ мерзімді активтер	8	3.749.738	617.115
		144.595.095	**85.488.017**
Қысқа мерзімді активтер			
Тауар-материалдық қорлар	12	1.295.411	2.273.023
Байланысты тараптардың сауда дебиторлық берешегі	27	11.056.215	17.601.202
Үшінші тараптардың сауда дебиторлық берешегі	10	3.506.182	4.979.007
Қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек	9	353.473	360.435
Табыс салығы бойынша алдын ала төлем		137.193	271.030
Басқа да қысқа мерзімді активтер	11	5.175.307	1.613.153
Берілген аванстардың қысқа мерзімді бөлігі	7	3.599.938	1.087.912
Ақша қаражаты мен оның баламалары	13	4.824.053	285.936
		29.947.772	**28.471.698**
Активтердің жиыны		**174.542.867**	**113.959.715**
Капитал және міндеттемелер			
Капитал			
Акционерлік капитал	14	12.241.487	12.241.487
Қосымша төленген капитал	14	–	244.190
Бөлінбеген пайда		18.839.334	14.815.299
		31.080.821	27.300.976
Ұзақ мерзімді міндеттемелер			
Ұзақ мерзімді қарыздар	15	32.849.046	32.717.557
Шығарылған облигациялардың ұзақ мерзімді бөлігі	16	9.182.124	–
Жалдау бойынша міндеттемелердің ұзақ мерзімді бөлігі	17	425.454	1.090.482
Жұмыскерлерге сыйақылар бойынша міндеттемелер		548.866	463.341
Өнім жеткізушілер мен мердігерлерге ұзақ мерзімді кредиторлық берешек	19	46.136.804	–
Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша ұзақ мерзімді міндеттемелер	18	1.015.191	1.195.905
Кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша міндеттемелер	21	4.791.192	4.375.046
		94.948.677	**39.842.331**
Қысқа мерзімді міндеттемелер			
Қысқа мерзімді қарыздар және ұзақ мерзімді қарыздардың қысқа мерзімді бөлігі	15	13.628.929	12.801.605
Шығарылған облигациялардың қысқа мерзімді бөлігі	16	546.875	–
Жалдау бойынша міндеттемелердің қысқа мерзімді бөлігі	17	2.568.992	875.855
Қызметкерлерге сыйақылар бойынша міндеттемелердің қысқа мерзімді бөлігі		48.395	40.740
Сауда кредиторлық берешек	19	24.179.964	22.832.228
Дивидендтер бойынша берешек	14	2.469.517	3.275.126
Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша қысқа мерзімді міндеттемелер	18	1.768.142	2.357.852
Төленуге салықтар және басқа да міндетті төлемдер		636.111	416.002
Басқа да қысқа мерзімді міндеттемелер	20	2.666.444	4.217.000
		48.513.369	**46.816.408**
Міндеттемелер жиыны		**143.462.046**	**86.658.739**
Капитал мен міндеттемелер жиыны		**174.542.867**	**113.959.715**

** Осы бағанда келтірілген кейбір сомалар 2019 жылғы қаржылық есептіліктегі сомаларға сәйкес келмейді, өйткені жасалған қайта топтастыруларды көрсетеді, олар туралы толық ақпарат 2ескертпеде келтірілген.*

ЖИЫНТЫҚ КІРІС ТУРАЛЫ ЕСЕП

2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

Мың теңгемен	Ескерт.	2020 жыл	2019 жыл*
Түсім	22	68.452.589	81.976.467
Операциялық жалдаудан түскен кірістер	22	132.541	118.232
Өзіндік құны	23	(52.476.157)	(64.596.712)
Жалпы пайда		**16.108.973**	**17.497.987**
Жалпы және әкімшілік шығыстар	24	(8.095.346)	(6.813.915)
Негізгі қызметтен түскен пайда		**8.013.627**	**10.684.072**
Қаржылық кірістер	25	807.056	104.994
Қаржылық шығыстар	26	(8.588.425)	(7.226.106)
Оң/(теріс) бағамдық айырма		4.610.207	(54.134)
Басқа да кірістер, нетто		261.804	302.940
Салық салынғанға дейінгі пайда		**5.104.269**	**3.811.766**
Табыс салығы бойынша шығыстар	21	(1.240.188)	(1.103.633)
Бір жылғы пайда		**3.864.081**	**2.708.133**
Акцияға пайда			
Бас компанияның жай акцияларының ұстаушыларына келетін жылғы базалық және бөлінген пайда (теңгемен)	14	685,35	480,33
Бір жылғы пайда		**3.864.081**	**2.708.133**
Табыс салығы шегерілген басқа да жиынтық кіріс			
Пайдада немесе зиянда кейіннен қайта жіктеуге жатпайтын баптар			
Белгіленген төлемдері бар зейнетақы жоспарының міндеттемелерін қайта бағалау		(84.236)	32.932
Бір жылғы жиынтық кіріс жиыны		**3.779.845**	**2.741.065**

*** Осы бағанда келтірілген кейбір сомалар 2019 жылғы қаржылық есептіліктегі сомаларға сәйкес келмейді, өйткені жасалған қайта топтастыруларды көрсетеді, олар туралы толық ақпарат 2ескертпеде келтірілген.**

МЕНШІКТІ КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ЕСЕП

2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

Мың теңгемен	Акционерлік капитал	Қосымша төленген капитал	Бөлінбеген пайда	Капитал жиыны
2019 жылғы 1 қаңтарға	**12.241.487**	**244.190**	**13.653.859**	**26.139.536**
Бір жылғы пайда	–	–	2.708.133	2.708.133
Табыс салығы шегерілген бір жылғы өзге жиынтық кіріс	–	–	32.932	32.932
Бір жылғы жиынтық кіріс жиыны	**–**	**–**	**2.741.065**	**2.741.065**
Дивидендтер (14-ескертпе)	–	–	(1.579.625)	(1.579.625)
2019 жылғы 31 желтоқсанға	**12.241.487**	**244.190**	**14.815.299**	**27.300.976**
Бір жылғы пайда	–	–	3.864.081	3.864.081
Табыс салығын шегере отырып, бір жылғы өзге жиынтық шығын	–	–	(84.236)	(84.236)
Бір жылғы жиынтық кіріс жиыны	**–**	**–**	**3.779.845**	**3.779.845**
Компания «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» АҚ-дан алған қарыздың номиналды және әділ құны арасындағы айырманы аудару (14-ескертпе)	–	(244.190)	244.190	–
2020 жылғы 31 желтоқсанға	**12.241.487**	**–**	**18.839.334**	**31.080.821**

АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП

2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

Мың теңгемен	Ескерт.	2020 жыл	2019 жыл
Операциялық қызметтен түскен ақша қаражатының қозғалысы			
Салық салынғанға дейінгі пайда		**5.104.269**	**3.811.766**
Мыналарға түзетулер:			
Амортизацияға	23, 24	11.357.271	9.592.470
Қаржылық шығыстар	26	8.588.425	7.226.106
Қаржылық кірістер	25	(807.056)	(104.994)
Ескірген тауар материалдық қорлар бойынша резервті есептеу	24	513.040	71.838
Берілген аванстардың, басқа да қысқа мерзімді активтердің, қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешектің құнсыздануына резервті есептеу	24	2.389.541	241.762
Негізгі құралдардың және материалдық емес активтердің шығуынан болған (кіріс)/залал, нетто		(423)	103.163
Жұмыскерлердің сыйақы міндеттемелері бойынша шығыстар	23, 24	55.927	61.704
Салық тексеруі бойынша шығыстарды есептеу		20.571	–
(Оң)/теріс бағамдық айырма		(4.610.207)	54.134
Басқарушы персоналға сыйақы бойынша резервті есептеу/(қайтару)	24	191.026	(92.347)
Дебиторлық берешекке күтілетін несиелік зиян резервін (қалпына келтіру) / есептеу	24	(96.148)	835.740
Басқа да ұзақ мерзімді активтер бойынша күтілетін несиелік зиян резервін (қалпына келтіру) / есептеу	24	(23.851)	16.979
Ақша қаражаты мен оның баламалары бойынша күтілетін несиелік зиян резервін есептеу		19.397	–
Айналым капиталындағы және басқа да баптардағы өзгерістерге дейінгі операциялық қызметтен ақша қаражатының қозғалысы		**22.701.782**	**21.818.321**
Айналым капиталындағы және басқа да баптардағы өзгерістер			
Сауда дебиторлық берешектегі өзгеріс		8.362.721	(1.916.541)
Тауар-материалдық қорларды өзгерту		217.854	(1.403.309)
Берілген аванстардың өзгеруі		(5.962.850)	(113.017)
Басқа да қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді активтердің өзгеруі		(8.964.905)	(2.494.607)
Сауда кредиторлық берешектің өзгеруі		3.051.327	2.418.302
Төленуге салықтар мен басқа да міндетті төлемдердің өзгеруі		355.798	765.959
Алынған аванстардағы өзгеріс		(1.125.130)	367.258
Басқа да қысқа мерзімді міндеттемелердегі өзгеріс		(1.736.764)	3.638.496
Жұмыскерлердің сыйақылары бойынша міндеттемелердің өзгеруі		(46.983)	(23.972)
Операциялық қызметтен түскен ақша қаражаты		**16.852.850**	**23.056.890**
Қарыздар мен жалдау міндеттемелері бойынша төленген пайыздар	28	(4.781.478)	(6.849.156)
Облигациялар бойынша төленген купондық сыйақы	28	(575.000)	–
Қарыздар мен облигациялар бойынша төленген комиссиялар	28	(947.810)	–
Алынған пайыздар		113.259	25.833
Төленген табыс салығы		(825.895)	(437.184)
Операциялық қызметтен түскен таза ақша қаражаты		**9.835.926**	**15.796.383**

АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП (жалғасы)

2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

Мың теңгемен	Ескерт.	2020 жыл	2019 жыл
Инвестициялық қызметтен түскен ақша қаражатының қозғалысы			
Негізгі құралдарды сатып алу, сондай-ақ ұзақ мерзімді активтерді сатып алуға аванстарды төлеу		(14.977.341)	(9.330.116)
Негізгі құралдардың шығуынан болған түсімдер		90.349	–
Материалдық емес активтерді сатып алу		(78.081)	(27.093)
Депозиттерді алу, нетто		–	394.695
Жалдау бойынша ақша қаражатын алу		295.263	53.395
Инвестициялық қызметте пайдаланылған таза ақша қаражаты		**(14.669.810)**	**(8.909.119)**
Қаржылық қызметтен түскен ақша қаражатының қозғалысы			
Қарыздарды өтеу	28	(14.461.416)	(12.807.297)
Қарыздар алу	28	15.452.626	5.932.028
Облигацияларды шығару	28	10.000.000	–
Төленген дивидендтер	14	(805.609)	–
Жалдау бойынша міндеттемелерді өтеу	28	(1.031.342)	(1.322.175)
Қаржылық қызметтен түскен/(пайдаланылған) таза ақша қаражаты		**9.154.259**	**(8.197.444)**
Ақша қаражаты мен оның баламаларының таза өзгеруі		**4.320.375**	**(1.310.180)**
Шетел валютасы бағамы өзгеруінің шетел валютасындағы ақша қаражаты мен оның баламаларының қалдығына әсері		237.222	(16.615)
Ақша қаражаты мен оның баламалары бойынша күтілетін несиелік зиян резервіндегі өзгеріс		(19.480)	(83)
Жыл басындағы ақша қаражаты мен оның баламалары		285.936	1.612.814
Жыл соңындағы ақша қаражаты мен оның баламалары	13	**4.824.053**	**285.936**

GRI стандартты элементтерінің кестесі

Индекс GRI	Көрсеткіштің атауы	Көрсеткішті ашу	Бет
1.1	Ұйымда шешім қабылдайтын ең үлкен тұлғаның өтініші	+	Басқарма Төрағасының Үндеуі
1.2	Негізгі әсерлердің, тәуекелдердің және мүмкіндіктердің сипаттамасы	+	Операциялық нәтижелер, тәуекелдерді басқару
2.1	Ұйымның атауы	+	Есеп туралы
2.2	Басты брендтер, өнім және/немесе қызмет түрлері	+	Қоғамның профилі Операциялық қызмет
2.3	Негізгі бөлімшелерді, операциялық компанияларды, еншілес компанияларды және бірлескен кәсіпорындарды қоса алғанда, ұйымның функционалдық құрылымы	+	Қоғамның сипаттамасы және құрылымы
2.4	Ұйымның штаб-пәтерінің орналасуы	+	Байланыс ақпараты
2.5	Ұйым өз қызметін жүзеге асыратын елдердің саны және негізгі қызмет жүзеге асырылатын немесе есепте қамтылған тұрақты даму мәселелері тұрғысынан ерекше маңызды елдердің атаулары	+	Қызметтер, Серіктестер және контрагенттер
2.6	Меншік сипаты және ұйымдық-құқықтық нысаны	+	Компанияның профилі
2.7	Ұйым жұмыс істейтін нарықтар (географиялық бөлуді, қызмет көрсетілетін секторларды және тұтынушылар мен бенефициарлар санаттарын қоса алғанда)	+	Компанияның профилі Операциялық қызмет
2.8	Ұйым ауқымы	+	Компанияның профилі
2.9	Есепті кезең ішінде болған ауқымның, құрылымның немесе меншіктің елеулі өзгерістері	+	Компанияның профилі
2.10	Есепті кезеңде алынған марапаттар	+	«Транстелеком» АҚ марапаттары
3.1	Ұсынылған ақпарат жататын есепті кезең	+	Есеп туралы
3.2	Алдыңғы есептердің соңғысының жарияланған күні (егер олар жарияланған болса)	+	Есеп туралы
3.3	Есеп беру циклі	+	Есеп туралы
3.4	Есепке немесе оның мазмұнына қатысты сұрақтар үшін байланыс ақпараты	+	Байланыс ақпараты
3.5	Есеп мазмұнын анықтау процесі	+	Есеп туралы
3.6	Есеп шекаралары (мысалы, елдер, бөлімшелер, еншілес компаниялар, жалға берілген қуаттар, бірлескен кәсіпорындар, жеткізушілер)	+	Есеп туралы
3.7	Есептің қамту саласын немесе шекарасын шектеу	+	Есеп туралы
3.8	Бірлескен кәсіпорындар, еншілес кәсіпорындар, өндірістерді жалға алу, функциялардың бір бөлігін сыртқы мердігерлерге және алдыңғы есептермен және/немесе басқа ұйымдармен салыстырмалылыққа елеулі әсер етуі мүмкін басқа да ұйымдық бірліктерге беру жөніндегі деректерді есепке енгізу үшін негіздер	+	Есеп туралы
3.9	Есепке енгізілген көрсеткіштер мен басқа да ақпаратты дайындау үшін пайдаланылған болжамдар мен әдістемелерді қоса алғанда, деректер мен есептеулерді өлшеу әдістері	+	Есеп туралы
3.10	Алдыңғы есептерде келтірілген ақпараттың кез келген қайта тұжырымдалуының мәнін, сондай-ақ осындай қайта тұжырымдалулар үшін негіздерді сипаттау (мысалы, бірігу/қосып алу, есептілік кезеңдерінің өзгеруі, бизнес сипаты, бағалау әдістері)	-	Қолданылмайды
3.11	Есепте қолданылған қамту, шекаралар немесе өлшеу әдістері саласындағы есептіліктің алдыңғы кезеңдеріне қатысты елеулі өзгерістер	+	Есеп туралы
3.12	Есепте стандартты элементтердің орналасуын көрсететін кесте	+	GRI стандартты элементтерінің кестесі
3.13	Есепті сыртқы растауға қатысты саясат және қолданылатын практикалық тәсілдер	+	Есеп туралы
4.1	Нақты міндеттерге, мысалы, стратегияны әзірлеуге немесе ұйымның қызметін жалпы қадағалауға жауапты жоғары басқарушы органның құрамындағы негізгі комитеттерді қоса алғанда, ұйымды басқару құрылымы	+	Корпоративтік басқару
4.2	Жоғарғы басқару органының төрағасы бір уақытта компанияның атқарушы менеджері болып табылатындығын көрсетіңіз	+	Корпоративтік басқару
4.3	Біртұтас Директорлар кеңесі бар ұйымдар үшін жоғары басшы органның тәуелсіз мүшелерінің және/немесе компанияның атқарушы басшылығына қатысы жоқ мүшелердің санын көрсетіңіз	+	Корпоративтік басқару
4.4	Акционерлер немесе ұйым қызметкерлері жоғары басшы органның қызметін бағыттай алатын немесе оған ұсынымдар бере алатын тетіктер	+	Корпоративтік басқару
4.5	Жоғары басшы органның мүшелеріне, жоғары атқарушы басшылықтың өкілдеріне және аға басшыларға төлемдер (демалыс жәрдемақыларын қоса алғанда) мен ұйым қызметінің нәтижелері (әлеуметтік және экологиялық нәтижелерді қоса алғанда) арасындағы байланыс	+	Корпоративтік басқару
4.6	Мүдделер қақтығысын болдырмауға арналған жоғары басшы органдағы қолданыстағы процестер	+	Корпоративтік басқару
4.7	Тұрақты дамудың экономикалық, экологиялық және әлеуметтік тақырыптары бойынша ұйымның стратегиясын айқындау үшін жоғары басқарушы орган мүшелерінің біліктілігі мен құзыреттілігін айқындау процестері	+	Корпоративтік басқару
4.8	Ұйым ішінде әзірленген миссия немесе құндылықтар туралы мәлімдемелер, экономикалық, экологиялық және әлеуметтік тиімділік тұрғысынан маңызды корпоративтік мінез-құлық кодекстері мен принциптері, сондай-ақ оларды практикалық іске асыру дәрежесі	+	Стратегиялық шолу Тұрақты даму
4.9	Ұйымның өзінің экономикалық, экологиялық және әлеуметтік нәтижелілігін қалай бағалайтынын және тәуекелдер мен мүмкіндіктерді қоса алғанда, оны қалай басқаратынын, сондай-ақ халықаралық стандарттарға, корпоративтік мінез-құлық кодекстеріне және қағидаттарға сәйкестігін қадағалау үшін жоғары басқарушы орган пайдаланатын рәсімдер	+	Корпоративтік басқару
4.10	Жоғары басқарушы органның өз нәтижелілігін бағалау процестері, атап айтқанда, ұйым қызметінің экономикалық, экологиялық және әлеуметтік нәтижелеріне байланысты	+	Корпоративтік басқару

Индекс GRI	Көрсеткіштің атауы	Көрсеткішті ашу	Бет
4.11	Ұйым сақтық қағидатын қолдана ма, жоқ па және қалай екенін түсіндіру	-	Қолданылмайды
4.12	Сыртқы тараптар әзірлеген экономикалық, экологиялық және әлеуметтік хартиялар, қағидаттар немесе ұйым қосылған немесе қолдайтын басқа бастамалар	+	Операциялық нәтижелер
4.13	Мүдделерді қорғау жөніндегі қауымдастықтарға (мысалы, салалық) және/немесе ұлттық және халықаралық ұйымдарға мүшелік	+	Операциялық нәтижелер
4.14	Ұйым өзара іс-қимыл жасаған мүдделі тараптардың тізбесі	+	Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл
4.15	Мүдделі тараптармен одан әрі өзара іс-қимыл жасау мақсатында оларды анықтау және іріктеу үшін негіздер	+	Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл
4.16	Нысандар мен мүдделі топтар бойынша өзара іс-қимыл жиілігін қоса алғанда, мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл жасау тәсілдері	+	Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл
4.17	Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл процесінде көтерілген немесе анықталған негізгі тақырыптар мен мүдделер және ұйымның осы тақырыптар мен мүдделерге, оның ішінде өзінің есептілігі арқылы қалай жауап бергені	+	Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл
EC	Менеджмент тәсілі	+	Корпоративтік басқару
EC1	Құрылған және бөлінген тікелей экономикалық құн, оның ішінде кірістер, операциялық шығындар, қызметкерлерге төлемдер, қайырмалдықтар және басқа да қоғамдық инвестициялар, бөлінбеген пайда, капиталды жеткізушілерге және мемлекеттерге төлемдер	+	ҚНК, операциялық нәтижелер, негізгі қаржылық көрсеткіштер, персонал
EC2	Климаттың өзгеруіне байланысты ұйымның қызметі үшін қаржылық аспектілер және басқа да тәуекелдер мен мүмкіндіктер	-	Қолданылмайды
EC3	Ұйымның белгіленген жеңілдіктермен зейнетақы жоспарына байланысты міндеттемелерін қамтамасыз ету	+	Персонал
EC5	Ұйым қызметінің елеулі өңірлеріндегі бастапқы деңгейдегі стандартты жалақы мен белгіленген ең төменгі жалақы арақатынасының диапазоны	+	Персонал
EC6	Жергілікті жеткізушілерден сатып алудың саясаты, практикалық тәсілдері және ұйым қызметінің елеулі өңірлеріндегі осындай сатып алудың үлесі	+	Сатып алуды ұйымдастыру
EC7	Жергілікті халықты жалдау рәсімдері және ұйым қызметінің елеулі өңірлеріндегі жергілікті халықтан жалданған жоғары басшылардың үлесі	+	Персонал
EC8	Инфрақұрылымға және бірінші кезекте коммерциялық, заттай немесе қайырымдылық қатысу арқылы қоғамдық игілік үшін ұсынылатын қызметтерге инвестицияларды дамыту және олардың әсері	+	Қайырымдылық және демеушілік қызмет
EC9	Әсер ету саласын қоса алғанда, елеулі жанама экономикалық әсерлерді түсіну және сипаттау	+	Персонал, Қоршаған ортаны қорғау
EN	Менеджмент тәсілі	+	Қоршаған ортаны қорғау
EN1	Массасы немесе көлемі көрсетілген пайдаланылған материалдар	+	Қоршаған ортаны қорғау
EN2	Қайта өңделген немесе қайта пайдаланылатын қалдықтар болып табылатын материалдардың үлесі	-	Қолданылмайды
EN3	Бастапқы көздерін көрсете отырып, энергияны тікелей пайдалану	+	Қоршаған ортаны қорғау
EN4	Бастапқы көздері көрсетілген энергияны жанама пайдалану	-	Қолданылмайды
EN5	Энергия тұтынуды төмендету және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі іс-шаралар нәтижесінде үнемделген энергия	+	Қоршаған ортаны қорғау
EN8	Көздер бойынша бөлінген алынатын судың жалпы мөлшері		Қолданылмайды

Индекс GRI	Көрсеткіштің атауы	Көрсеткішті ашу	Бет
EN10	Бірнеше рет және қайта пайдаланылатын судың үлесі мен жалпы көлемі		Қолданылмайды
EN11	Ұйымның меншігіндегі, жалға алған, басқаруындағы және қорғалатын табиғи аумақтарда және олардың шекарасынан тыс немесе осындай аумақтарға шектесетін биоалуантүрлілік құндылығы жоғары аумақтарда орналасқан жердің орналасқан жері мен алаңы	+	Қоршаған ортаны қорғау
EN20	NOx, SOx және басқа да маңызды ластаушы заттардың түрі мен массасын көрсете отырып, атмосфераға шығарындылары	+	Қоршаған ортаны қорғау
EN21	Сарқынды сулардың және қабылдаушы объектінің сапасы көрсетілген тәсілдердің жалпы көлемі	-	Қолданылмайды
LA	Менеджмент тәсілі	+	Персонал
LA1	Жұмыспен қамту түрі, жалдау шарты және аймақ бойынша бөлінген жұмыс күшінің жалпы саны	+	Персонал
LA2	Қызметкерлердің жалпы саны және жас тобы, жынысы және өңірі бойынша бөліністегі кадрлардың тұрақтамауы	+	Персонал
LA3	Толық жұмыспен қамту шарттарында жұмыс істейтін қызметкерлерге берілетін, уақытша немесе толық емес жұмыспен қамту шарттарында жұмыс істейтін қызметкерлерге негізгі қызметі бойынша бөліп берілмейтін төлемдер мен жеңілдіктер	+	Персонал
LA4	Ұжымдық шарттармен қамтылған қызметкерлердің үлесі	+	Персонал
LA5	Ұйым қызметіндегі елеулі өзгерістерге қатысты хабарламаның ең аз кезеңі(дері), сондай-ақ ол ұжымдық келісімде айқындалған ба	+	Персонал
LA7	Өндірістік жарақаттану деңгейі, кәсіптік аурулар деңгейі, жоғалған күндер коэффициенті және жұмыс орнында болмау коэффициенті, сондай-ақ жұмысқа байланысты өлім-жітімнің жалпы саны өңірлер бойынша бөлінген	+	Жұмыс орнындағы қауіпсіздік. Денсаулықты сақтау
LA8	Қызметкерлерге, олардың отбасы мүшелеріне және халық өкілдеріне ауыр сырқаттарға қатысты көмек көрсету үшін қолда бар білім беру, оқыту, консультация беру, қатерді болдырмау және бақылау бағдарламалары	+	Жұмыс орнындағы қауіпсіздік. Денсаулықты сақтау
LA10	Қызметкерлердің санаттары бойынша бөлінген, жылына бір қызметкерге арналған оқу сағаттарының орташа саны	-	Оқыту және біліктілікті арттыру
LA12	Нәтижелілігі мен мансабының дамуына мерзімді бағалау жүргізілетін қызметкерлердің үлесі	+	Оқыту және біліктілікті арттыру
LA13	Ұйымның басшы органдары мен персоналының жынысы мен жас тобы бойынша бөлінген, ашылықтардың өкілдігі, сондай-ақ алуантүрліліктің басқа да көрсеткіштері көрсетілген құрамы	+	Персонал
HR	Менеджмент тәсілі	+	Персонал
HR4	Кемсітушілік жағдайларының жалпы саны және қабылданған іс-әрекеттер	+	Персонал
HR6	Ассоциация бостандығын пайдалану және ұжымдық келіссөздер жүргізу құқығы елеулі тәуекелдерге ұшырауы мүмкін қызмет және осы құқықтарды қолдау үшін қабылданған іс-әрекеттер	+	Персонал
HR7	Мәжбүрлі немесе міндетті еңбекті пайдалану жағдайларының елеулі тәуекелі бар қызмет және мәжбүрлі немесе міндетті еңбекті жоюға қатысу үшін қабылданған іс-әрекеттер	+	Персонал
HR9	Байырғы және саны аз халықтардың құқықтарына әсер ететін бұзушылық жағдайларының жалпы саны және қабылданған іс-әрекеттер	+	Персонал
SO	Менеджмент тәсілі	+	Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл

Индекс GRI	Көрсеткіштің атауы	Көрсеткішті ашу	Бет
SO2	Сыбайлас жемқорлыққа байланысты тәуекелдерге қатысты талданған бизнес-бірліктердің үлесі мен жалпы саны	+	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет
SO3	Ұйымның сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттары мен рәсімдеріне оқытудан өткен қызметкерлердің үлесі	+	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет
SO4	Сыбайлас жемқорлық жағдайларына жауап ретінде қабылданған іс-әрекеттер	+	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет
SO5	Мемлекеттік саясатқа қатысты ұстаным және мемлекеттік саясатты қалыптастыруға қатысу және мүдделік қолдау	+	Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл
PR	Менеджмент тәсілі	+	Сапаны басқару
PR8	Тұтынушының жеке өміріне қол сұғылмаушылықтың бұзылуына және тұтынушылар туралы деректердің жоғалуына қатысты негізделген шағымдардың жалпы саны	+	Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл
EU16	Мердігерлік және қосалқы мердігерлік ұйымдар қызметкерлерінің денсаулығы мен қауіпсіздігіне қатысты саясат пен талаптар	+	Жұмыс орнындағы қауіпсіздік. Денсаулықты сақтау
EU18	Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы бойынша тиісті оқытудан өткен мердігерлер мен қосалқы мердігерлер қызметкерлерінің пайызы	+	Жұмыс орнындағы қауіпсіздік. Денсаулықты сақтау
EU21	Төтенше жағдайлардағы әрекеттерді жоспарлау, дүлей апатар/төтенше жағдайлар бойынша іс-шаралар жоспары және оқыту бағдарламалары және қалпына келтіру жұмыстарының жоспарлары	+	Жұмыс орнындағы қауіпсіздік. Денсаулықты сақтау
EU25	Сот шешімдерін, реттеуді және ауруларға қатысты қараудағы сот істерін қоса алғанда, Қоғам активтерінің қатысуымен халықтың жарақаттануы мен өлім жағдайларының саны	+	Жұмыс орнындағы қауіпсіздік. Денсаулықты сақтау

Глоссарий

«ҚТЖ» ҰК» АҚ	«Қазақстан Темір Жолы» ұлттық компаниясы» АҚ
Қоғам	«Транстелеком» акционерлік қоғамы
ХҚЕС	Халықаралық қаржылық есептілік стандарттары
КЖҚ	Кең жолақты қолжетімділік
ТОБЖ	Талшықты-оптикалық байланыс желілері
ARPU	Бір пайдаланушыға орташа түсім
SLA	Қызмет көрсету деңгейі туралы келісім
M2M	Машина-машиналық өзара іс-қимыл
КҚЖ	Кабельдік құрылыстар желілері
АБЖ	Автоматтандырылған басқару жүйесі
СМЖ	Сапа менеджменті жүйесі
ЭМЖ	Экологиялық менеджмент жүйесі
ЭнМС	Энергетикалық менеджмент жүйесі
HW	Hardware
LTE	Ұялы телефондарға және деректермен жұмыс істейтін басқа терминалдарға арналған сымсыз жоғары жылдамдықты деректер беру стандарты
MPLS	Белгілердің көмегімен бір желі түйінінен екіншісіне деректерді беруді жүзеге асыратын жоғары өнімді телекоммуникациялық желідегі механизм
VPN	Virtual Private Network
АТС	Автоматты телефон станциясы
НАА	Нөмірді автоматты анықтау аппаратурасы
БКМ	Бақылау-кассалық машина
ФДО	Фискалдық деректер операторы
ҚНК	Қызметтің негізгі көрсеткіштері
МКК	Мемлекеттік кірістер комитеті
ҚР	Қазақстан Республикасы
АКТ	Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар
РМК	Республикалық мемлекеттік кәсіпорын
ЕТҚ	Еңбекақы төлеу қоры
ОА	Орталық аппарат

Байланыс ақпараты

Осы есепте ұсынылған ақпарат бойынша барлық қызықтыратын сұрақтарыңыз бойынша мына мекенжайға хабарласуларыңызды сұраймыз:
Қазақстан Республикасы, 010000,
Нұр-Сұлтан қаласы, Д. Қонаев көшесі,
10 ғимарат, 23 қабат

Ұйымдастырушылық дизайн және корпоративтік басқару:
Тел.: +7 (7172) 61 05 87
E-mail: corporate@ttc.kz

Жылдық есептегі ақпаратты пайдаланған кезде оған сілтеме жасау міндетті.

TTC.KZ